

ISSN 2306-7365

1996 жылдың қарашасынан бастап екі айда бір рет шығады

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің

ХАБАРШЫСЫ

Н.А. Yesevi UKTU Bülteni Вестник МКТУ им. Х.А. Ясауи Bulletin of IKTU named H.A. Yasawi
№2 (89) МАМЫР-МАУСЫМ 2014

Қоғамдық ғылымдар сериясы



БАС РЕДАКТОР

физика-математика ғылымдарының докторы, профессор
УӘЛИХАН СЕЙДІЛДӘУЛЫ ӘБДІБЕКОВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

ЕРГӨБЕК Құлбек Сәрсенұлы
филология ғылымдарының докторы, профессор

-Бас редактордың орынбасары

ӘБІЛДАЕВА Гүлжан Елібайқызы

-аға редактор

БАЙҒҰТ Мадина Жүсіпқызы

-көркемдеуші редактор

ҚҰРЫЛТАЙШЫ
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

А Қ Ы Л Д А С Т А Р А Л Қ А С Ы

Йылдыз М.	- доктор, профессор (Түркия)
Ақбасова А.Ж.	- техника ғылымдарының докторы, профессор
Байжігітов Қ.Б.	- биология ғылымдарының докторы
Бахтыбаев А.Н.	- физика-математика ғылымдарының докторы, профессор
Беркімбаев К.	- педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Вурал И.	- доктор, доцент (Түркия)
Дағделен О.	- доктор, доцент (Түркия)
Дениз Б.	- доктор, профессор, (Түркия)
Жолдасбаев С.	- тарих ғылымдарының докторы, профессор
Кучуктопузлу К.Ф.	- доктор, доцент (Түркия)
Мұхамеджанов Б.	- педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Мырзалиев Б.С.	- экономика ғылымдарының докторы, профессор
Накипов Б.	- заң ғылымдарының докторы, профессор
Нұсқабаев О.	- социология ғылымдарының докторы, профессор
Пала А.	- доктор, доцент (Түркия)
Раимбердиев Т.П.	- техника ғылымдарының докторы, профессор
Рустамов Н.Т.	- техника ғылымдарының докторы, профессор
Йылдырым Р.	- доктор, доцент (Түркия)
Тәукебаева Р.Б.	- филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Тұртабаев С.Қ.	- техника ғылымдарының докторы, профессор
Тузун И.	- профессор, доктор (Түркия)
Сейдинов Ш.М.	- медицина ғылымдарының докторы, профессор
Шалқарова Ж.Н.	- медицина ғылымдарының докторы, профессор
Шимшек Н.	- доктор, доцент (Түркия)

Журнал Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1996 жылғы 8 қазанда тіркеліп, №232 куәлік берілген.
Индекс №75637

Журнал 2013 жылдың қаңтар айынан бастап Париж қаласындағы
ISSN орталығында тіркелген.
ISSN 2306-7365

Редакцияның мекен-жайы:

161200, Қазақстан Республикасы, ОҚО, Түркістан қаласы,
ХҚТУ қалашығы, Б.Саттархан даңғылы, №29, 131-бөлме
☎ (8-725-33) 6-39-07 (133), E-mail: islam2006-82@mail.ru

Журнал Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
«Тұран» баспаханасында көбейтілді.

Көлемі 70x100 1/6. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 15.5. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 523. ©

ӘОЖ 403.41999

Е.Н.НҰРАХМЕТОВ

филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

М.ЕРХОДЖАЕВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ҚОЛДАНЫСЫ

Қазақ тілі қазіргі таңда күн өткен сайын жан-жақты дамып, оның қолданылу аясы кеңейіп келеді. Біздің сөздік қорымыздың көбеюіне игі әсер етіп, ғылым мен техниканың өркендеуіне айрықша ықпал етіп келе жатқан термин сөздердің орны ерекше. Қазақ тіліндегі кірме терминдер қазақ терминологиясының лексикасының көп бөлігін құрайды. Қазақ тілінің сөздік құрамы термин жасауға көптеген дайын материал беріп келеді. Бұл сарқылмайтын байлық көзі. Оның термин жасау мүмкіншілігін біз әлі түгел пайдаланып біте алғанымыз жоқ. Қазақ тілінің осындай өз ішкі мүмкіндігі терминжасам процесіне пайдасы тиер бір арнаның көзін ашып, көмектесер болса, кірме сөздерді игеру мен қабылдауда назар аудармауға болмайтын біраз қиындықтар кезігеді. Мақалада қазіргі қазақ терминологиясы және тілімізге енген халықаралық терминдердің қолданылуы, дұрыс және баламасын дәл тауып аударылуы жайлы баяндалады.

Кілт сөздері: термин, кірме сөздер, халықаралық терминдер.

Термин (лат. terminus - шек, шеті, шекарасы деген мағынада) – ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер. Термин бұл – арнаулы қолданыс сферасындағы ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғымның атауы болып табылатын және дефинициясы (тиісті ұғымның анықтамасы) бар сөз немесе сөздер тіркесі. Терминдер толық мәнінде сапалы болу үшін ол жалпыға түсінікті, мағынасы мейлінше нақтылы, айқын болуы шарт және ғылыми терминология құрамындағы басқа ұғымдармен тығыз байланысты, қолдануға ыңғайлы болмақ керек.

Қазақ тілінде термин жасау күрделі де қызық мәселенің қатарына жатады. Ол негізінен тіліміздегі сөзжасам процесінің аумағына енетін мәселе. Осы сөзжасам процесінде, оның ішінде терминжасам ісінде мамандардың тірек ететін негізгі материалы ең алдымен ана тілдің өз сөз байлығы, оның негізгі сөздік құрамы дедік. Қазақ тілінің сөздік құрамы термин жасауға көптеген дайын материал беріп келеді. Бұл сарқылмайтын байлық көзі. Оның

термин жасау мүмкіншілігін біз әлі түгел пайдаланып біте алғанымыз жоқ. Қазақ тілінің осындай өз ішкі мүмкіндігі терминжасам процесіне пайдасы тиер бір арнаның көзін ашып, көмектесер болса, кірме сөздерді игеру мен қабылдауда назар аудармауға болмайтын біраз қиындықтар кезігеді.

Жалпы термин зерттеуші ғалым Ш.Құрманбайұлының пікіріне қосылып, термин жөнінде нақты мына мағыналарды айтуға болады:

1. Терминдер негізінен тілдік бірліктер (символ сөз, сан, географиялық таңба түріндегі терминдер де бар. Бірақ терминологиядағы олардың үлес салмағы термин-сөздерге қарағанда әлдеқайда төмен).

2. Термин деген – ұғым аты.

3. Термин – белгілі бір терминологияның мүшесі.

Енді әр түрлі аспектіде зерттеп жүрген ғалымдардың берген мына анықтамаларын білген абзал.

1. Термин – ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғым атауы болып табылатын арнайы қолданыстағы дефинициясы бар сөз немесе сөз тіркесі.

2. Термин – терминологиялық жүйенің элементі.

3. Термин – адам қызметі мен білімнің арнаулы салаларының жалпы, нақты немесе абстракті ұғымдарын белгілейтін белгілі бір арнаулы мақсаттар тілінің лексикалық бірлігі [1].

Қазақ зиялыларының бірі Ө.Айтбаевтың «Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ» - деп шет ел тілдерінен енген сөздерді тіліміздің фоно-морфологиялық заңдылықтарынан бағындырып қабылдауды және «қолдан келгенше терминдерді нағыз қазақ сөзінен алдық», - дей отырып, ұлт тілінің өз мүмкіндігін барынша пайдалану қажеттілігін айтады [2].

Халықаралық терминдерді аудармай немесе аударып пайдалану мәселесі жөнінде әңгіме халықаралық терминдерді жаппай аудару туралы болып отырған жоқ, әңгіме терминнің айтылуы, жазылуы тіліміздің төл табиғатына сай болуында ғана және өзге тілде қолданылып жүрген және терминдердің бәрін де бірдей талғамсыз қабылдай беру қандай ретсіз болса, әмбеге ортақ лексикаға айналған халықаралық терминдерді қалайда аударып луға тырысу тіпті қисынсыз.

Қазақ тіліндегі кірме терминдер қазақ терминологиясының, лексикасының көп бөлігін құрайды. Қазақ терминологиясының қорындағы кірме терминдер негізгі екі бағытта енеді:

- Орыс тілі терминдері;
 - Халықаралық терминдер.
- Орыс тілі терминдері.

Қазақ тілінің сөздік қорында орыс тілінен енген атау мен ұғымдар көптеп кездеседі: Ресей – Мәскеу, товар – тауар, ярмарка – жәрмеңке, сумка – сөмке, тюрма – түрме, ящик – жәшік.

– Халықаралық терминдер.

Неміс тілінен: мәжіліс – парламент (parlament).

Француз тілінен: дипломат – дипломат (diplomate), баянат – рапорт (rapport), түйіндеме – резюме (resume), төлқұжат – паспорт (passeport), оферта – ұсыныс, прайс-лист – тауарлар тізбесі, презентация – жарнамалық мәтін, парламент – мәжіліс, рапорт – баянат.

Қоғамның үздіксіз болып жататын өзгерістер мен жаңалықтар құралы болатын тіл – қашан да қоғамнан тысқары қалмауы, қоғаммен бірге дамуы табиғи құбылыс. Сол әсерлер арқылы тілімізге жаңа ұғымдар мен терминдер ене бастады: бұрыштама – виза, хаттама – протокол, келісімшарт – контракт, коммерциялық ұсыныс – оферта, көшірме – копия, түйіндеме – резюме, тағы сол сияқты көптеген ұғымдар.

Ғылым мен техника жетістігін орыс тілі арқылы меңгерген қазіргі қазақ тілі үшін орыс тілінің осы бір «жасанды» қылығы кереғар әсер етуде. Қазақ тілі сөз келбетін сақтау үшін, өзіндік заңдылықтарын бұзбау үшін, ғылыми-техникалық атаулар қазақ тілінде меңгеріліп, қазақша сөйлеуге тиіс, ғылым мен техника тілін, әсіресе, өндіріс саласын түгел қазақшалау бірден мүмкін емес.

Осы орайда А.Байтұрсыновтың: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін алмастыра-алмастыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздердің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің тіліміз таза болады» [3] деген пікірін естен шығармауға тиіспіз.

Бірақ халықаралық терминдерді, орыс тіліндегі терминдерді шұбарлап аудару беруге жарамайды. Себебі олардың қолданысы сәтсіз, нәтижесі сапасыз болатыны айдан анық. Оған мысалы, қойылатын талапқа жауап бере алмайтын сәтсіз жасалған терминдер де бар. «Шошқамойын – паротит, ыңқылап – революция, мүдір – директор, құлтемір – робот, құлақілдірік – наушник, қылтима – балкон, шайтан арба – велосипед» сияқты сөздермен терминдер қатарын көбейткеннен келер пайда шамалы. Керісінше, жағымсыз пікірлердің туындап, терминологиядағы жүйеліліктің бұзылуына себеп болады.

Жалпы термин сөздерді аударғанда қазақ тілінің сөздік қорына үңіліп, оны сарқа пайдалануға тырысу керек. Жаңа термин ұғымының мазмұны мен қызметіне сәйкес келіп, ана тіліне нұқсан келмейтіндей болуы керек. Түп төркіні көне грек, латын, француз, басқа да шет тілінен енген әбден сіңісіп, халықаралық көлемде қолданылатын терминдер өз қалпында енгізілуі тиіс. Мысалы, «еңбек», «ақша», «банк, биржа, банкомат, валюта» сияқты сөздер халықаралық болады, себебі олар халықаралық деңгейде қолданылатын ортақ ұғымдарды білдіреді.

Қорыта келе, термин мәселесі, оның қазақ тіліне тура баламасын тауып аудару мәселесі бүгінгің өзекті мәселесі деуге болады. Ол жиырмасыншы

ғасырда басталған үлкен ауқымды мәселе. Сондықтан, жана келген терминдерді сол қалпында алмай, барынша қазақшалауға тырысуымыз және барлығын да жөнсіз аудару қажет еместігін ұғынуымыз керек. Егер бұл мәселеге немқұрайлықпен қарайтын болсақ, қазақ тіліміздің шұбарлануына және түсініксіз тіл болуын алып келеміз. Ғылым мен техника дами береді, демек тілімізге жаңадан терминдер енеді деген сөз. Жаңа терминдердің лексикаға енгізілуі қалыптасқан ғылым тілін, терминологияны бұзу емес, керісінше дұрыс қалыптасқан қазақ терминологиясын қалпына келтіруге ізгі қадам жасауымыз қажет. Ұлттық тіл байлығымызды жаңғыртып, мүмкіндігімізше төл тілімізді пайдаланып, термин жасау бағытына басымдық беруіміз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құрманбайұлы Ш. Терминком және қазақ терминкомының болашағы. //Егемен Қазақстан. 8 ақпан, 2002.
2. Айтбаев Ө. Қазақ сөзі. – Алматы: Рауан, 1997. – 237 бет.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 бет.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается общее использование казахским языком заимствованных иностранных терминологических слов.

(Нұрахметов Е.Н., Ерходжаева М. Использование международных терминов в казахском языке)

SUMMARY

This article deals with the common use of international borrowed terms in the Kazakh language.
(Nurakhmetov Ye.N., Yerkhodzhayeva M. International terms usage in the Kazakh language)

ӘОЖ 398.9

Т.М.БАЙМАХАН

филология ғылымдарының кандидаты, профессор

**АДАМҒА ҚАТЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ
ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ УӘЖІ**

Мақалада ағылшын және қазақ тілдерінде жиі қолданылатын мақал-мәтелдердің ұқсастықтары мен ерекшеліктері, олардың кейбір этнолингвистикалық сипаттары қарастырылады. Зерттеу барысында адамға қатысты мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық уәжі зерттеледі. Бұның сыры – адамның қоғамдағы шешуші рөлі екендігі дәлелденеді және этнолингвистика мен лингвомәдениеттанудың жалпы тіл білімінде нақты сала болып қалыптасқан тұсында мақал-мәтелдердің тілдік сипатын сараптап қана қоймай, олардың ұлттық ерекшеліктерін, этнолингвистикалық сипатын ашу – бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі екендігі айқындалады.

Кілт сөздері: этика, эстетика, этнолингвистикалық уәж, адам және оның қасиеті.

«Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» - деп ұлы Абай, «Адам ірілігі бір сипат емес, ішкі-тысқы сан сипат қасиетімен құралады», - деп М.Әуезов айтқандай, адамның сан алуан қадір-қасиеті мақал-мәтелдерден өзіндік орын алған. Зерттеу барысында екі тілде де осы тақырып аясына жататын тұрақты тіркестердің саны жағынан әлдеқайда көптігі байқалады. Бұның сыры – адамның қоғамдағы шешуші күш екендігінде жатса керек.

Ағылшын тілінде халық арасында жиі қолданылатын "Manners maketh man", "Manners make the man" (с.с.а.: Адамды адам ететін оның әдептілігі) тұлғасы ықшам, алайда мәні зор тілдік орам, орта ғасырда орын алған қағида, дәстүрлерге, заман талабына байланысты қалыптасқан. Зерттеу деректеріне қарағанда бұл мақал өз бастауын XIV ғасырдан алады. Орта ғасырларда Англияда әртүрлі сән-салтанаттар көп өткізілетін болған. Крепостнойға бостандық беруден бастап, дворяндық атақ беруге дейін көпшіліктің арасында өтетін, осы құрметке орай үлкен салтанатты жиындар, әр түрлі рәсімдер ұйымдастырылатын. Мұның бәрі адамдардың көпшілік арасында өзін-өзі ұстай білуіне, белгілі бір ережелерді сақтауына алып келді. Осы кезеңдерде Англияда әдептілік (манера), өзін-өзі мәдениетті ұстау ережелері қалыптасып, бұл ережелерді ұстануға үлкен көңіл бөлінетін болған. Барлық уақытта, барлық жерде сыпайы, мәдениетті болу талап етіле бастады. Қонақты қақпадан қарсы алу, кетерінде сыпайылықпен, әдептілікпен шығарып салу, балаларды жас кезінен бастап этикаға,

мәдениетті түрде жүріп-тұруға үйретуге ерекше көңіл бөлінетін болған. Жас ханымдардың асықпай, кербез жүруі, отырғанда қолдарын тізесінің үстіне қойып, тік отыруы мәдениеттіліктің негізгі шарттарының бірі саналатын. Сондай-ақ, этикет ережелерін қамтитын арнайы жинақтар шығарыла бастады (Boke of Curtasye). Тамақ ішу, сөйлеу, жүріп-тұру, көп арасында өзін-өзі ұстау, т.б. этикеті қалыптасты және олардың орындалуы қатаң талап етілетін болды. Уақыт өте келе осы ұстанымдардың бірқатары жалпыхалықтық мақал-мәтелге айналып, кеңінен қолданыс тапты. Мысалы: Good manners maketh a man (с.с.а: Адамды адам ететін оның әдептілігі); In chamber among ladies bright, Hold thy tongue and spend thy sight (с.с.а: Әсем ханымдармен бір бөлмеде отырғанда тіліңе ие бол және бақылап қарап отыр); If thou sit by a worthier man Than thyself art one, Suffer him first to touch the meat (с.с.а.: Егер өзіңнен салауаттырақ адаммен дастарқандас болсаң, содан үлгі ал), т.б. Оксфорд Нью колледжінің негізін салушы William Wickham 1380 жылы Manners makyth man (с.с.а. Адамды адам ететін оның әдептілігі) мақалын колледждің ұраны етіп таңдап алып, тіпті бұл сөздерді тасқа ойып жаздыртып қойған. Бұл ұранды ұстану, жақсы әдеп сақтау әрбір студенттен қатаң талап етілген. Екі жылдан соң Винчестер колледжі де осы ұранды таңдады [1, 160 б.].

He bears misery best who hides it most.

Қас бекзаттың белгісі Қайғысын жұрттың білгізбес;

Аққу құсқа оқ тисе, Қанатын суға тигізбес,

Ер жігітке оқ тисе, Қиналғанын білдірмес.

Ағылшын мақалы «қайғыны жасырған жақсы көтереді» десе, қазақ мақалы «адамнан қас бекзат, нағыз ер жігіт, ал құстан аққу құс қиналғанын білдірмейді», – дейді. Қазақ – батыр, ер жігітті қадірлеген, үлгі тұтқан халық. Қазақ үшін ер жігіт екі сөйлемейтін, сөз берсе, қайтсе де соны орындайтын, еш қиындықтан қаймықпайтын, жүрек жұтқан, ер жүрек жігіт.

Сонымен қатар, қазақ – киеге үлкен мән берген халық. Табиғаттың кейбір апаттарын, отты, кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажетті заттарды киелі деп қастерлеген. Осы аталғандарды құрмет тұту, ырымын жасау, адам баласына байлық пен бақыт, құт әкеледі, ал тиісті жөн-жоралғының жасалмауы киенің қаһарын туғызады деп түсінген, яғни «киенің ашуы, қаһары – кесір». Сондықтан да, шаман дініндегі халықтар дүниедегі жамандық пен жақсылықты киелі жан-жануарлар мен қасиетті заттардың қастерленбеуімен, содан барып туатын реніш, ашудың киесімен байланыстырады. Демек, тақуалық, қулық, белгілі ырым-жорамалдардың мүлтіксіз орындалуы қажет, ал сол әдет-ғұрыптың орындалмауы күнә, діндарлықты бұзу болып саналып, кесір-кесапатқа душар етеді деп ұққан. Осындай киелі құстардың бірі – аққу, қазақ халқы оның киесінен қорқып атпаған, оны құстың сұлтаны деп есептеген. Мақалдағы аққу құс пен ер жігіттің қатар тілге ілініп, үлгі етілуінің төркіні осында жатыр.

Ағылшындар да аққуды киелі құс деп есептейді. Тіптен Британия

аралдарында аққу корольдің қорғауына алынған. Бұл жөнінде ел арасында мынадай әңгіме бар. Көптеген жылдар бұрын ағылшын королі ұзақ сапардан еліне қайтып келе жатып, ұзақ жолдан шаршаған серілерін тынықтырып алу мақсатында Кипр аралына зәкір тастауды бұйырыпты. Серілер демалып жатқанда, король Кипрдің сұлу ханшасын көріп, оған бір көргеннен ғашық болып қалады. Кипрдің ел билеушісі әсем ханшаның қолын сұраған британдықтың айтқанына көнбесе, оның қалауын орындамаса бүкіл аралды толығымен жаулап алуы мүмкін екендігінен сескеніп, олардың некелерін қимақшы болады. Бірақ ханша бұрын-соңды көрмеген бейтаныс ел, Англияға барудан бас тартады. Ағылшын королі ханшаға: «Мен сені түске дейін күтемін», – деп кемесіне кетеді. Ертеңіне кемеңіздің жанына қайық келіп тоқтап, кемеге шаңқай түсті аппақ екі аққуды алып келеді. «Егер мені ұнатсаң, осы аралда қал, біз осы екі аққу тәрізді бақытты өмір кешеміз. Егер кетуге бел бусаң, екеуміздің махаббатымыздың естелігі ретінде өзіңмен бірге осы екі аққуды ала кет», – деп ханша корольге сәлем айтқан екен. Қызды қаншалықты ұнатқанына қарамастан, король кемесінің зәкірін көтеріп, өз патшалығына қарай жол тартады. Сол заманнан бері аққулар патшаның қорғауына алыныпты деседі.

Әр жыл сайын Англияда шілде айында «свон аппинг» аққуларға таңба салу шарасы өткізіледі. Аққуларды таңбалауға Дайерс (бояушылар) және Витнерс (шарап саудасымен айналысушылар) цехтары жауапты, себебі бірнеше ғасыр бұрын осы жауапкершілікті жүктеген корольдің өзі еді [2, 128-б.].

The voice of one man is the voice of no one /с.с.а.: Жалғыздың үні шықпас.

One man no man /с.с.а.: Бір адам – жоқ адам]; One is no number /с.с.а.: Бір сан емес]; One flower makes no garland /с.с.а.: Бір гүл бақ болмайды.

Жалғыздың үні шықпас,

Жаяудың шаңы шықпас.

Жалғыз ағаш орман болмас,

Жалғыз кісі қорған болмас.

Жалғыз батыр жауға жоқ,

Жалғыз жігіт дауға жоқ.

Жалғыз қаздың үні шықпас,

Жалғыз қыздың мұңы шықпас.

If you agree to carry the calf they will make you carry the cow (с.с.а.: Бұзау жетелеуге келіссең, сиыр жетелетер) деген ағылшын мақалына қазақ тілінің төмендегі бірнеше балама тіркестері сәйкес келеді. Олар: Жуас түйе жүндеуге жақсы; Адамның жуасын аяққа басады, Аттың жуасын ұры мініп қашады; Жұмсақ ағаш құртқа жем, Жұмсақ адам құртқа жем.

Ағылшын мақалы «Бұзау жетелеуге келіссең, сиыр жетелетер», – дейді. Екі халық мақалы да момын болсаң, жұрт басынады деген ойды жеткізеді. Ағылшын мақалындағы айтылар ойдың бұзау, сиыр арқылы берілуінің сыры

ағылшын халқы да қазақ халқы тәрізді мал өсірген халық болғандықтан, оларға сиыр, бұзау ұғымдары жақсы таныс. Қазақ мақалдарындағы дәл осы ой ат, түйе атаулары арқылы бейнелі түрде келтірілген.

Мал өсіру – қазақтың негізгі кәсібі, тіршілік көзі болғаны, ірі қаралардың ішінде жылқы, сиыр малымен қатар түйе өсіргені, түйені төрт түліктің төресі санағаны, жылқы мен түйені азық ретінде де, көлік ретінде де пайдаланғаны, түйе жүнінен әртүрлі бұйымдар тоқығаны жалпы жұртшылыққа аян. «Жүндеу» сөзінің түсіндірме сөздікте берілген бастапқы мағынасы – малдың жүнін сыпырып алу, жүнін жұлу, жалғаса туындаған ауыспалы мағынасы – түту, тепкілеу. «Аттың жуасын ұры мініп қашады» деген мақалдың шығу төркінін ерте заманнан мал ұрлау, барымта қайтару сияқты келеңсіз оқиғалармен ұштастырамыз. «Тастаған таяқ сорлыға тиеді» демекші, ұрының қолына бірінші жуас ат түсетіні белгілі. Мақал жуас, ынжық болудан сақтандырады. Ағылшын, қазақ мақалдарындағы ой түйіні сол халықтардың түсінігіне, тұрмыс-тіршілігіне, салт-сана, әдет-ғұрпына, дүниетанымына сай мысалдармен беріліп тұр. In the country of the blind, the one-eyed man is a king /с.с.а.: соқырлардың елінде, жалғыз көзді кісі – король. In the country of the blind, the one-eyed man is a king мақалы Эрасмустың (Erasmus) Adagia (1536) шығармасынан бастау алады [1, 22-б.]. Ағылшын елін король басқарғандықтан бұл ұғым олардың дүниетанымына таныс.

Жоғарыдағы ағылшын мақалына ұқсас мақал қазақта да бар. Мысалы: «Ит жоқта шошқа үреді», т.б. Қазақтың «Ит жоқта шошқа үреді» деу себебі ит қазаққа малды ұры-қары, ит-құстан сақтау үшін таптырмас. Қазақ үшін жеті қазына – жүйрік ат, қаққыш тазы, алғыр қыран, тұзу мылтық, қара қазан, алмас кездік, шаңырақ екенін ескерсек, ит – осы жеті қазынаның бірі, шошқа мұсылман діні бойынша еті харам жануар. Қазақ шошқа өсірмек түгілі, оның атын да атамай «доңыз», «ақ құлақ», т.б. деп өзгертіп қолданатын. Мақал тыңдаушысына «жақсы жоқ жерде, нашар да жақсы қызмет табады» деген ойды меңзеп тұр.

Appearances are deceptive (с.с.а.: Сыртқы бейне алдамшы). Адамның бет-пішініне, сырт-бейнесіне қарап оның қадір-қасиетін анықтау мүмкін емес. Ағылшынның бұл көне мақалы «The Wolf in Sheep's Clothing» (Қой терісін жамылған қасқыр) атты біздің жыл санауымызға дейінгі 570 жылы жазылған Aesop шығармасында бар. Бұл аңыз әңгіме үстіне қой терісін жамылып алып, қойлардың арасында, қалаған уақытында басқаларға көрсетпей қалаған қойын біртіндеп жеп жүрген қасқыр жайлы, аңыз әңгіменің соңында «Appearances are deceptive» (с.с.а.: Сыртқы бейне – алдамшы) деген қорытынды жасалады. XVIII ғасырдан бастап бұл тіркес тұлғасы мен мағынасының тұрақты сипатқа ие болуына орай мақал ретінде ағылшын тілінде, әдеби шығармаларда кеңінен қолданыла бастады [1, 5-б.].

Жоғарыдағы ағылшын мақалына қазақтың «Адам аласы ішінде, жылқы аласы сыртында» мақалы сәйкес келеді. Бұл мақал өзі жағымды көрініп, жан дүниесіндегі жамандық пен арамдықты жасыратын сұрқия жандарға

бағытталады [3, 37-б.]. Мақалда жылқының мысалға алыну себебі жылқының қазақ үшін ғасырлар бойғы күнкөріс көзі, көлігі болуында жатыр. «Ер қанаты – ат» деп қазақ ежелден жылқы тандауға, оны баптауға ерекше мән берген. Өзі өсірген төрт түліктің ішінен көбіне жылқыны өз өлеңіне, ән-жырына қосып жырлағанынан, оның бейнесіне қатысты талай айшықты теңеулерінен-ақ қазақтың жылқыға деген көзқарасын айнытпай тануға болады.

Better an open enemy than a false friend. Екіжүзді досыңнан Ежелгі дұшпан артық. Жалған достан жау артық.

Екі ел мақалы да доспын деп, ішінен көре алмай, ыңғайы келсе, аяғыңнан шалып қалуға әзір, оңтайлы сәтті күтіп андыған, өтірік күліп, көлгірсіген доссымақтан, ашық жау артық екенін ескертеді, жалған достан іргені аулақ салуға шақырады. **A friend in need is a friend indeed.** Үйдің жылы-суығын Қыс түскенде білерсің. Достың алыс-жақынын Іс түскенде білерсің.

Қос тіл мақалының да көздеген мақсаты кімнің дос, кімнің «доссымақ» екенін айырып ала білу қажеттігін түсіндіру. Кімнің нағыз дос, кімнің жалған дос екені басыңа іс түскенде танылады, жағдайың жақсы, астыңда тақ, басыңда бақ барда бәрі дос, басыңнан бақ тайғанда сол достарды қасыңнан таппайсың. Бір айырмашылығы, қазақ мақалы айтайын деген ойын, достың алыс-жақынын үйдің жылы-суығымен салыстыра отырып ұйқасты, үйлесімді түрде жеткізіп тұр.

Қорыта айтқанда, этнолингвистика мен лингвомәдениеттанудың жалпы тіл білімінде нақты сала болып қалыптасқан тұсында мақал-мәтелдердің тілдік сипатын сараптап қана қою жеткіліксіз, олардың ұлттық ерекшеліктерін, этнолингвистикалық сипатын ашу – бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. The Cambridge Encyclopedia of the English Language. / Edition by David Crystal. – P. 184.
2. *Khimunina T., Konon N., Walshe L.* Customs, Traditions and Festivals of Great Britain. – Leningrad, 1975.
3. *Қашқару М.* Түбі бір түркі тілі. – А.: Ана тілі, 1993. – 37-б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются некоторые этнолингвистические основы английских и казахских пословиц и поговорок.

(Баймахан Т.М. Этнолингвистические основы пословиц и поговорок относительно человека)

SUMMARY

The article is concerned with some ethno linguistic grounding of English and Kazakh proverbs and sayings.

(Baymahan T.M. Ethno linguistic grounding proverbs and sayings concerning human beings)

ӘОЖ 818.992.71

С.ЕРГӨБЕК

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Т.КӨШЕНОВА

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

**«ҚИССАС-УЛ ӘНБИЯ» ӘДЕБИ ЕСКЕРТКІШІ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЖАРИЯЛАНУ, ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ діни, назиралық қисса, хикаяларының көпшілігіне өзек болған туынды Насыр-Ад-Дин қазы Бурқанаддинұлы Рабғұзидің «Қиссас-ул-әнбия» атты еңбегінің түрлі нұсқалары мен олардың ерекшелігі мен жариялануы жөнінде Ильминскийдің, Мелиоранскийдің, Маловтың, Остроумовтың, Катановтың, өзбек зерттеушісі Айбектің зерттеу еңбектері қазіргі ғалымдардың еңбектерімен сабақтастықта қарастырылады.

Кілт сөздері: қисса, назиралық дәстүр, дәстүр сабақтастығы, Рабғұзи қиссалары.

Қазіргі қазақ әдебиетінің тарихы ғылымында айтылып жүрген Алтын Орда әдеби ескерткіштерінің де басым бөлігі діни шығармалар. Мысалы, «Қисса Жүсіп», «Қиссасу-л-әнбия», «Жұмжұма», «Нахжу-л-фарадис» секілді шығармалар. Осылардың ішінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ діни, назиралық қисса, хикаяларының көпшілігіне өзек болған туынды Насыр-Ад-Дин қазы Бурқанаддинұлының «Қиссасу-л-әнбия» атты еңбегі.

«Қиссас-ул әнбия» туындысының түрлі нұсқалары мен олардың ерекшелігі мен жариялануы жөнінде Ильминскийдің, Мелиоранскийдің, Маловтың, Остроумовтың, Катановтың, өзбек зерттеушісі Айбектің зерттеу еңбектерін атап өту қажет. Н.И.Ильминский 1859 жылы туындының толық мәтінін алғаш Императорлық Қазан университетінің баспаханасынан бастырып шығарады. Ал осы туындының зерттеуіне алғаш жол салғандардың бірі П.М.Мелиоранский Британия музейіндегі ең ескі, толық қолжазбаны қарап шығып, көшіріп алған кейбір үзінділерін елге келген соң, 1897 жылы жариялайды. Ол сөйтіп туындының Британия нұсқасын Москва, Ленинград кітапханаларындағы қолжазбаларымен салыстырып, ғылыми-салыстырмалы зерттеудің негізін қалайды. Мұндай салыстыра тексеріп, өзара ұқсастықтарын көрсету Н.Ф.Катановтың «Мұсылман аңыздары» мақаласында да көрініс тапқан. Ол Қытайдың Гань-Су-Синь-Цзянь провинциясын аралағанда жергілікті мұсылмандардың айтуынан жазып алған кейбір аңыздарды Құранмен, «Рабғұзи қиссаларымен» салыстыра тексереді.

Қазақ әдебиеті тарихы ғылымында ғалым Б.Кенжебаев Алтын Орда дәуірі әдеби ескерткіштерін қазақ халқының рухани мұрасы ретінде көтерген кезеңде дәуір әдебиетіне қатысты басы ашылмаған мәселелер мен қиындықтар мол болатын. Кеңес одағының құрамындағы кейбір түркі кеңестік республикалар ғалымдары Алтын Орда әдеби жәдігерлерін тек өздерінің ғана төл мұрасы ретінде қарастырса, кейбір қазақ ғалымдары бұл рухани мұраны қазақ сөз өнерінің тарихына қатысы жоқ дүниедей қарады. Мәселен, 1950 жылы М.Айбектің алғысөзімен шыққан «Өзбек әдебиетінің антологиясында» «Рабғузи қиссалары» әдеби мұра ретінде өзбек әдебиетінің тарихында біржақты қарастырылса, С.Қасымовтың зерттеуінде «Мухаббатнаманың» өлең құрылысын талдауы сәтті шыққанмен, тілдік қасиеті мен ерекшелігін, тарихи жағдай тәрізді объективті мәселелер ескерілмей, таза өзбек халқының әдеби мұрасы деп біржақты тұжырым жасалады.

Қазақ әдебиеті тарихы ғылымында Алтын Орда әдеби ескерткіштерінің қарастырыла бастауы профессор Б.Кенжебаевтың есімімен байланысты. 1914 жылғы Қазан баспасынан алынған әдеби мұра алғаш рет профессор Б.Кенжебаевтың жетекшілігімен 1967 жылы шыққан «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты хрестоматияға енгізіледі де, ол сол кездегі ғылымдағы елеулі жаңалыққа, бетбұрысқа айналады. Бұл ретте тілші ғалымдар Ғ.Айдаров, Д.Құрышжанов, Н.Томановтар 1971 жылы жариялаған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» деген оқулықта тілдік-лингвистикалық жағынан зерттелініп, ескерткіштің жазылу тарихы мен көшірмелері туралы бірқатар мәліметтер беріледі. Ғалым Б.Кенжебаевтың 1973 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» атты зерттеу еңбегінде дәуір әдебиетінің жәдігерлері қазақ әдебиетінің тарихына қатысты талданады, зерделенеді.

Б.Кенжебаевтың шәкірті «Қиссас-ул әнбия» әдеби ескерткішін жан-жақты қарастырған ғалым А.Қыраубаева болды. Оның бұл туындыны зерттей бастаған тұсында Рабғузи қиссалары әдеби сипаты сөз арасында, шолу ретінде ғана айтылғаны болмаса, әлі толық назар аударылмаған еді. Бұл ретте профессор Б.Кенжебаевтың 1968 жылы «Жұлдыз» журналының №7 санында жарияланған «Қиссас ул-әнбия» мақаласы А.Қыраубаева зерттеулерінің негізгі бастамасы болды. Әдеби-танымдық мәні зор бұл мақалада ескерткіштің сюжеті, құрылысы, басты ерекшеліктері мен кейбір жеке әңгімелері талданды.

Ғалым А.Қыраубаева әдеби ескерткішті заманауи көзқараспен ғылыми тану- талдаудың методологиялық жағынан дұрыс жолға қойылмауын былай түсіндіреді: біріншіден, танымал түрколог ғалымдардың «ескерткіштің мән-мағынасын ашу, тарихи-әдебиеттік жайын зерттеу» туралы ескертпелері біраз уақыт бойы кеңестік әдебиеттану ғылымы тарапынан ескерусіз қалды; екіншіден, талай қоғамдық, тілдік өзгерістерге ұшырап, сан ғасырларды асып жеткен әдеби мұраға өз уақыты, ортасы тұрғысынан қаралмады; үшіншіден,

қазіргі уақыт биігі мен идеологиясы тұрғысынан қарау дұрыс емес. Сол себепті де әр дәуір ескерткішін өзін тудырған қоғамдық-әлеуметтік құрылыспен, жағдаймен байланыстыра зерттегенде ғана оның сан-салалы сипаттары, ішкі ерекшеліктері ашылатыны ескерілмеді. «Рабғузи қиссалары» тәрізді көне жәдігерге ғана емес, кеңестік кезеңде халықтық көркем туындыларға, тарихи әдебиет пен ұлттық өнердің, рухани мәдениеттің өзге салаларына, тіл мәселесіне үлкен қатер туғызғаны акад. С.Қирабаевтың «Әдебиет пен өнер – ұлттық идеологияның маңызды саласы» мақаласында жан-жақты талданып көрсетіледі. Коммунистік идеология ерте замандарда жасалған халықтық көркем туындылардың өзін партиялық, таптық тұрғыдан түсіндіруге тырысқанын, соның нәтижесінде ұлттық әдеби мұрамыздың көп бөлігі ескішіл, феодалдық, кертартпа, ұлтшылдық идеологияны жақтайды деген айыппен қолданыстан шығып қалғанын, сөйтіп саясаттан тыс жасалған халық әдебиеті үлгілерінің өзі саясатқа бұра талданғанын айтады. Мұның нәтижесі белгілі. Халық қаһармандары таптық тұрғыдан қарастырылып, көптеген эпостың басты кейіпкерлерінің бірі бай баласы, бірі хан қызы деп шеттетілсе, тазша, жетім бала туралы ертегілер мен тегі кедей деп айтылатын Қамбар батырдан басқа қаһармандардан ауыз әдебиет айырылып қала жаздағаны әдебиет тарихынан мәлім. Мұндай біржақты көзқарас әдебиеттің өзге салаларын бағалауда да өріс алды.

Сондықтан да әдеби мұраға тек бір ғана көзқарас, пайым-талдаумен келу қажеттілігін ұстанған кеңестік ғылымда көп уақыт бойы «Рабғузи қиссалары» тәрізді мұралардың шеттетілуі, ескішілдік деп танылуы қалыпты жағдай болатын. Осындай кездің өзінде ғалымның орта ғасырлық мұраға өзіндік тың көзқараспен баруы батылдық, орныққан ғылыми принцип көрінісі еді дейміз. А.Қыраубаеваның мұндай принципті ұстануына, ең алдымен, ұстазы Б.Кенжебаевтың тікелей әсері болды десек, арғы-бергі белгілі шығыстанушы ғалымдардың ғылыми тұжырымдары да оның ойын бекіте түскен. Мәселен, белгілі әдебиеттанушы Н.М.Маллаевтың «Рабғузи қиссаларының» тематикасы, идеялық бағыты негізінен діни сипатта болғанмен, жазушының жеке дүниауи әңгімелері мен өлеңдері көркем әдебиеттің дамуына игі ықпал етті. Рабғузидың шығармашылық қызметінде діни-мистикалық аңыз бен дүниауи өмір шындығы қатар беріле отырып, осы екі көзқарас өзара белгілі дәрежеде күресіп жатқаны байқалады деп келетін мәнді пікірі А. Қыраубаева зерттеуінің методологиялық негізі болды [1, 27-б.].

«Уақыт бедері» атты зерттеуінде А.Қыраубаева 1924 жылы Бакуде шыққан В.В.Бартольдтің «Место прикаспийских областей в истории мусульманского мира» еңбегін, 1925 жылы баспа бетін көрген А.К.Дживгеловтің «Начало Итальянского Возрождения», 1932 жылы Ленинградта шыққан А.Ю.Якубовскийдің «Феодализм на Востоке. - Столица Золотой Орды Сарай Берке» тәрізді көптеген көне кітаптарды негізге алады. Алтын Орда дәуірінің тарихи-ғылыми сипаттамасын нақтылауға мән берген А.Қыраубаева сол кезеңнің әдеби мұрасы Рабғузи қиссаларына жан-жақты

талдау жүргізеді. Сол дәуірдегі әдебиеттің даму өрісіне, қарастырап туындының жанрлық табиғатына, дәстүр және жалғастық мәселелеріне, зерттелу тарихына назар салады. Аударма-нәзиралық шығармалардың жазылу себептері мен әлеуметтік астарына мән береді.

Ғалым танымында аударма-нәзиралық шығармалардың дүниеге келу сыры мен шығармашылық табиғаты өткенге ден қою, уақыттың көкейтесті мәселелеріне қажетті жауапты өткен ойшылдар мен ұлылардың туындыларынан іздеу, табу, қайта жарату болып табылады. Шығыс әдебиетіндегі «нәзира» деп аталатын бұл дәстүр жөнінде кезінде ұлы жазушы-академик М.Әуезов ғылыми тұжырымын білдірген. Онда ол мұндай шығармаларды жалаң аударма деп танымай, сол белгілі бір оқиғалар жүйесін қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті [2, 150-б.], - деп баға берген. Қалай дегенде де, нәзира аударма емес, бұрыннан танымал сюжетті кейінгі ақынның өз уақытының өткір мәселесімен байланыстырып жырлауы. Бұған Фирдоусидің «Шахнамасын» қазақ тілінде қайта жаңғырта жырлаған Тұрмағамбет Ізтілеуовтің шығармашылығы дәлел бола алады. «Шахнамадай» шығарманың табиғатын, ішкі ерекшеліктерін еркін меңгеру үшін парсы, түркі тілдерімен қатар, осы тілдерге күшті ықпал жасаған араб тілін де жетік білуі, Иран мен Тұранның арғы-бергі тарихын, мәдениетін, дәстүрін жақсы меңгеруі тиіс. Демек, «нәзира» өнері - ақыннан үлкен дайындықты, ақындық дарынды талап ететін ерекше шығармашылық, әдеби құбылыс.

А.Қыраубаева XIII-XIV ғасырда бұл әдеби үрдістің даму жайына, әл-Фараби ден қойған Қайта өрлеудің ғылым-білімдегі жаңалықтары мен өнердегі көркемдік ізденістерінің әлем мәдениетіне таралуы, бір-біріне ықпал жасауы, әсер етуіне, түркі әдебиетіндегі айқын белгілері ретінде Әли, Құтба, Сәйф Сарай туындыларында көне араб-парсы әдеби үлгілерінің заман талабына лайықталып, қайта жырлауына ден қояды.

Ғалым XIII-XIV ғасырлардағы нәзиралық шығармаларды «аударма-нәзира» деп атауды қолайлы көреді. А.Қыраубаева «Рабғузи қиссаларының» жанрлық сипатын бір дәуір әдебиетінің жинағы, хрестоматиясы, әр түрлі жанрдағы шығармалар қамтылған, өз дәуірі әдебиетінің негізгі ерекшеліктерін аңғартатын құнды мұра деп таниды [3, 18-б.].

Ғалым А.Қыраубайқызының айтуынша: «... XIX-XX ғасырдың басында Қазан, Тәшкент қалаларынан сан рет қайталанып басылып шығып, ел арасына кеңінен танымал болған» шығарма [4, 160-б.]. Ал ғалым Ә.Наджип: «Одним из ценных памятников тюркоязычной литературы и языка, созданный в Средней Азии в начале XIV века, является «Кысас-и Рабгузи», обычно называемое по содержанию «Кысас-аль Анбия» (Сказания о пророках)», - деп туындыны түркі тілі мен әдебиетінің тарихынан мол мағұлмат беретін аса бағалы әрі тілдік, әрі әдеби ескерткіш ретінде көрсетеді. Еңбектің қолжазба және баспада басылған кітаби үлгілерінің Еділ бойында, Оралда, Орта Азияда өте кең тараған шығарма екенін айтады. Сонымен бірге

еңбектің көптеп қайта басылып отырғанын және оны ең алғаш рет Н.И.Ильминскийдің Императорлық Қазан университетінің баспаханасынан кітаптың толық мәтінін бастырып шығарғанын айта отырып, еңбектің Ресей Ғылым Академиясының шығыстану институтының Санкт-Петербург бөлімшесі кітапханасында сақталған және Лондон көшірмелерінің өте құнды екендігін атап айтады [5, 128-6].

Шығарма кеңес дәуірінің өзінде-ақ қазақ тілі мен әдебиеті тарихына арналған пәндер де оқытыла бастады. Ғылыми зерттеу жұмыстарының нысанына айналды. Ғалым Б.Кенжебаев оның қазақ әдебиетіне қатыстылығы жөнінде ғылыми еңбектер жазды. Ғалымның шәкірті А.Қыраубаева ескерткішті жеке ғылыми-зерттеу нысаны ретінде алып ізденіс жұмыстарын жүргізді. Кандидаттық диссертациясын қорғады. «Ғасырлар мұрасы» атты зерттеу еңбектерін берді. Ғалымның кейінгі шыққан үш томдық зерттеу еңбектерінде де «Қисас-ул әнбия» үлкен орын алады. Кеңес дәуірінде тіл, әдебиет тарихына қатысты еңбектерде, хрестоматиялық жинақтарда жарияланып келген туынды кейінгі кезде қазіргі қазақ тілінде жеке кітап болып басыла бастады. Рабғузи. Қисса-сул-әнбийя-й. Адам-Атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссәләмға дейін. Қазақ тіліне аударған Роза Мұқанова. – Алматы: «Санат», 2001. – 248 бет [6]; Рабғузи Насреддин. Қисас-ул әнбия. Араб тілінен аударған Әшім Әріпбайұлы. – Астана: Фолиант, 2008. – 552 бет [7] – секілді кітаптар бүгінгі оқырман қауымға жақсы таныс. Бұл аудармалар көне жәдігердің қайта жаңғырып, өз орнын қайта тауып айналымға енуін көрсетеді.

Алғашқы нұсқа шағын алғысөзбен берілген. Онда бұл еңбектің 1903 жылы Қазанда Кәримовтар баспасында басылған. Нұсқадан қазіргі қазақ тіліне аударылғаны сөз болады. Көлемі де ғалым Ә.Наджиптің «Жазба ескерткіш үлкен қағазды (форматты) әр бетте 23 жолдан берілген 555 беттен тұрады [126-6] дегеніндей емес, шағындау. Соған қарағанда, 1903 жылы басылып шыққан нұсқаның өзі көлемі тұрғысынан шағындау болғаны көрінеді. Шығарма «Жеті қат көктің сипаты», «Жеті қат жердің сипаты», «періштелер, жындар және адамдар жайында секілді кейінгі нұсқада жоқ шағын тараушалармен басталады. Бұл тақырыптағы шығармаларда әдетте Мұхаммед Пайғамбар оқиғаларының соңына оның ұрпақтары, әсіресе жастай опат болған Хасан, Хусейін оқиғалары қоса беріліп отырған. Ал мына нұсқа тек Мұхаммед Пайғамбар оқиғаларымен аяқталады. Алғысөзде «Қисасу-л-әнбияда» жетпіс екі пайғамбардың өмір тарихы сөз болады. Бірақ бұл кітапқа тек жиырма төрт пайғамбар оқиғасы енгенін айтады. Сондай-ақ кітапты шығарушылар Мәтржам дамолла, Ғабдулғұлам хазірет, Шарифиддин молла кітапқа жазған алғысөздерінде: «Қисасу-л-әнбия» кітабы Рабғузи жазбаларынан тәржімаланып отыр. Кітапқа енбей қалған пайғамбарлар тарихын біз Қазы тәпсірі мен Жәлелин тәпсіріне мұражағат (сүйеніп) бұ екі тәпсірде болмағанын Нәзһәтул мүжәліс кітабынан алып «Һарот уа марут» қиссасын және Дәуіт ғалайһи уәссәләм қиссасымен моғол тілінен тәржімалап,

мүмкіндігімізше толықтыруға еңбек еттік», - деуі көп жайдан хабар береді [6, 3-б]. Тағы бір айта кететін жағдай Насраддин Рабғузидің өз еңбегіне жазған алғысөзі кейінгі екі басылымға енбеген. Себебі алғашқы басылымға кітап бастырушылар тарапынан алғысөз жазылғаны айтылды. Оның үстіне бұл еңбекті ғылыми жабыдқтауды ниет етпей тек мәтінін бүгінгі қазақ оқырманына жеткізуді мұрат тұтқан, мәдениет министрлігі тарапынан шығарылған еңбек.

Екінші нұсқа «Сырдария кітапханасы» деген айдармен жарияланған еңбектер қатарында Қызылорда облысының әкімдігінің тарапынан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университеті Ғылыми Кеңесі ұсынысымен шығарылған. Ең бірінші айтылуға тиіс мәселе нұсқаның толымдылығы. Ғалым Ә.Наджип айтқан деңгейге пара-пар бес жүз елу екі бет көлемде шыққан. Он беттік көлемдегі ғылыми алғысөзбен берілген. Онда шығарма, оның авторы және нұсқалары жөнінде сөз болады. Сонымен бірге, нұсқаның 529-547 беттері аралығын қамтыған «Түсініктермен» (Құран Кәрімде аталатын есімдер мен оқиғалар) жабдықталған.

Қазақ әдебиеті тарихының Алтын Орда дәуіріндегі өркениетінен, Ұлы Ұлыстың түркілік жазба әдебиетінің даму деңгейінен хабар беретін аса құнды, діни, әдеби жәдігердің көлемді кітап болып басылып шығуы көңіл қуантады. Әйтсе де, бірді-екілі мәселені айта кету керек секілді.

Алдымен, мұқабаның ішкі бетінде «Араб тілінен аударған Әшім Әріпбайұлы» деген анықтама берілген. Орта ғасыр және Алтын Орда ескерткіштері тіліне қатысты «түрки», «шағатай» секілді терминдер ғылымда көптен бері қолданылып келеді. Тілші ғалымдарымыз өзара өте қатты айырмашылықтары болмаса да ажыратып ескі әдеби ескерткіштерді тілдік тұрғыдан жіктеп, топтап, қай ескерткіш қай тілге көбірек қатысты деген мәселеде жұмыс жасап келеді. Сонымен бірге, әр тілді іштей тағы да «қыпшақ», «оғыз», «қыпшақ-оғыз», «қарлұқ», «ұйғыр-қарлұқ» деп жіктеп жатады. Ғалым А.Қыраубайқызы Насыраддин Рабғузи жөнінде: «... Араб-парсы тілдерінде жазылған... мәтіндерді түркі тілінде сөйлеткен, оларды негізге ала отырып, түрікше нұсқасын жасаған білімпаз», - деген өзінің ғалымдық бағасын береді [4, 161-б]. Осы жағдайлардың бәрі, тілші, әдебиетші ғалымдар еңбегі ескерілмей «араб тілінен аударған» деп берулері қолайсыз. Екінші айтылар жайт: кітап Астана қаласында басылса да Қызылорда облысы тарапынан шығып отыр. Сөйте тұра, Қызылорда топырағының перзенті ғалым А.Қыраубайқызының есімі ілтипатқа алынбаған, нақ осы әдеби жәдігер жайлы жазған еңбектері назардан тыс қалған. Ғалымның әлденеше дүркін қайта басылған «Ежелгі әдебиет» атты оқу құралы, осы әдеби жәдігерге тікелей қатысты «Ғасырлар мұрасы», бүкіл шығармашылық ұстанымы осы кезеңге қатысты томдық еңбектері аталып айтылмауы тым олақтықты көрсетеді. Жалпы ескерткішке, қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлеріне қатысты еңбектер жазған өзге ғалымдардың, мысалы, Х.Сүйіншәлиев, Н.Келімбетов, т.б. аттары аталып көрсетілуі керек-ақ еді.

Үшінші, «Алғысөзде»: «Діни бағытта жазылған әдеби мұраның мақсаты ізгі, мұраты биік. Аса рақымды Жаратушының 18 мың ғаламды қалай және не үшін жаратқаны, мүбәрак нұр иесі Адам Атадан бастап пайғамбарлардың сәруары атанған Хазіреті Мұхаммед с.ғ.с.-ға дейінгі аралықтағы көптеген пайғамбарлардың өз қауымы мен жұрты үшін атқарған игі істері жүйелі түрде тарқатылып, әсерлі баяндалып отырады. Шығармадағы әрбір хикая - әдеби көркем туынды», - деген пікір бар. Онда діни таным тұрғысынан үлкен қателік жіберілген. Қателік – «Мүбәрак Нұрға» қатысты. Дін ислам қағидасында бұл нұр тек Мұхаммед Пайғамбарға тиесілі. Алла Тағала солай шешкен іс. Бұл туралы Шәді Жәңгірұлы «Назым Сияр Шәриф», «Ибраһим пайғамбардың хикаяты» секілді еңбектерінде арнайы жырлаған.

Әләмнан он сегіз мың әууәл бұрын,
Жаратты пайғамбардың Алла нұрын...
Аспан-жер, ғаршы-күрсі, ләухі кәлам,
Сүдрә мен жәннат, дозақ бәрі тәмам.
Ол нұрдың себебінен пайда болды,

Жаралған он сегіз мың күллі әләм, - [8, 3-б] деп діни, кітаби ақын Мұхаммед Пайғамбар нұры туралы анық, нақты жырлаған. Сол нұрдың Алла Тағаланың Адам Атаның маңдайына қойғаны және оның ұрпақтан-ұрпаққа жылжып отырғаны туралы айтады. Бұл мәселе осы айтылып отырған кітаптың өзінде де солай делінеді. Алғысөзден соң берілген негізгі мәтін он төртінші беттен басталады. Бірінші шағын тарауша «Адам Әлейһиссаламның жаратылысы» аталады. Тарауша «Алла Тағала Мұхаммед салли аллаһу әлейһис уа саламның толысқан нұрын күдірет қолына алды», - деген сөйлеммен басталады. Мұнда әрі анық, әрі нақты «Мұхаммед Пайғамбардың нұры» деп айтылып тұр. Сол секілді кітаптың он сегізінші бетіндегі «Адам Әлейһиссаламның денесіне рух енгізудің оқиғасы» тарауында Алла Тағаланың Адам Әлейһиссаламның денесін жасап бітіргеннен кейінгі оқиғалар сөз болады. Рух Адам Әлейһиссаламның тәніне енуден қорыққан сәтте: «... Хазіреті Мұхаммед Мұстафаның нұрын әкеп, оның маңдайына қойды. Тән нұрланып кетті. Рух қуанышпен тәннің ішіне кіріп кетті. Ғарыш пен Күрсіні, Лаух пен Қаламды топырақ дененің ішінде көрді. Рух Адамның көзіне келген уақытта назары Ғарышқа түсті. Көрді: «Лә иләһа иллалла Мұхаммадан Расулалла» деп жазулы тұр. Бұларды көріп қайран қалды», - деп беріледі. Мұнда да Нұрдың тек Мұхаммед Пайғамбардың нұры екендігі анық айтылып тұр [12, 14-18-бб.].

Ғалым А.Қыраубайқызы: «Сенің қолыңнан шыққан, қаламыңнан түзілген сөз оқуға, үйренуге жеңіл, түсінікті болады деп жұрт қолқалаған соң, тәңірден тауфық тілеп, кітап бастадым», - дегеніне қарағанда, өз заманындағы білікті кісі болғандығын танимыз», - деп алғысөз арқылы автор туралы ой түйеді [4, 160-б]. Ал, ғалым Ә.Наджип: «Автордың алғысөзінен көрініп тұрғанындай, ал бұл кітапты жергілікті әмірші Тоқбұғаның өтініші бойынша жазған. Әміршінің айтуы бойынша бұл тақырыпта орындалған

жұмыс көп. Бірақ олар кісі қанағаттанарлық дәрежеде емес. Сондықтан да пайғамбарлар тарихынан толыққанды Кітап жазылуы қажет-ақ. Осы бектің өтініші бойынша Қаршы қаласының қазысы ... 709 жылы Насыр Бурхан-ад-Дин ... осы кітапты жазуға кіріседі. ...жыл бойы жұмыс жасап 710 жылы кітапты аяқтайды» [5, 128-б].

Екі ғалымның «Рабғузи қиссаларына» автордың жазған алғысөзі жөніндегі пікірлерін беріп отырған себебіміз: барынша толық көлемді болып басылып шыққан кейінгі нұсқаны салиқалы ғылыми алғысөзбен, толыққанды ғылыми түсініктермен жабдықтап, ең бастысы шығарма авторы Насраддин Рабғузидің өзі жазған алғысөзді сол қалпы жариялау қажет еді. Бұл – қазақ әдебиеті тарихының өткен дәуірлерін түгендеп, кемістігін толтырып жатқан бүгінгі уақыт қажеттілігі. Кітаптың сол дәуірдегі алғашқы келбетінде бүгінгі ұрпақпен қауышуы үшін автордың мұсылман әлемі ақын, жазушы, ғалымдары сопылық ілім дәстүрінде алғысөз алдында жазған Алла Тағаланы мадақтаған, Мұхаммед Пайғамбарды ұлықтаған, оның төрт шариярын дәріптеген дәстүрлі мадақ жолдары да міндетті түрде бүгінгі басылымда өз орнында тұрғаны еңбектің құндылығын арттырар еді.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында кітаби ақындар қаламынан туған көптеген діни шығармалар «Қиссасу-л-әнбиямен» сабақтасып жатады. Кітаби ақын Шәді Жәңгірұлы «Ибраһим Пайғамбардың хикаяты» атты еңбегінде пайғамбарлар туралы жырлай келіп:

«Абзалы баршасының расул Хұда,
Ат қойды «Хайру-л-Бәшар» деген мұна.
Аршы – ағла айуанына атын жазып,

Алладан Хабибім деп болған ниде», - деп Мұхаммед Пайғамбар туралы ерекше толғайды. Ең соңғы әрі ақырзаман пайғамбары аталса да, Мұхаммедтің өзге пайғамбарлардан айрықша екендігіне ден қояды. Тіпті қаншама пайғамбардың атасы болған Ибраһимнің өзін: «Екінші Ибраһим-дүр Өзэрұғлы, Бір Хұда Халимім деп нидә қылды, - деп береді [8, 6-б].

Шәді кітаби нәзирашыл ақын ретінде өзі жырлап отырған Ибраһим Пайғамбар оқиғасының бұрынғы кітаптарда көп сөз болғанын, өзінің соларды негізге ала отырып шығармашылық етіп отырғанын сөз етеді.

«Қиссасы «Сиярмен» «Қисаста» көп,
Болмайды айтмағыма бәрін бірден.
Көңілімде қиял ойлап талап еттім,

Халилнің рух шәріпін тебірентем деп, - берілген бір шумақ өленде шайыр Шәді бізге біршама мағлұмат беріп отырғаны аңғарылады. Ақынның «Сияр» деп беріп отырғаны - Мұхаммед Пайғамбардың қайраткерлік өмір жолын сөз ететін арап әдебиетіндегі «сира» жанры туындылары. Мысалы, ғалым Э.Наджип «Нахжу-л-Фарадис» жөнінде туындының сира жанрына жататынын айтып өтеді. Демек, XX ғасыр басында орыс патшалығы қол астындағы түркі тектес мұсылман халықтары өмірінде, ислами руханиятында үлкен орын алған «Назым Сияр Шәриф» шығармасының да түп негізі,

әлбетте, алдымен арап, парсы әлемі діни әдебиетінде жатса, онан соң түркі ортағасырлық не алтынордалық жазба әдебиетте: «Нахжу-л Фарадиспен», «Қисасу-л әнбияда жатса керек.

Бірақ Шәді Жәңгірұлының «Нахжу-л-Фарадиспен» таныс болуы да немесе болмауы да мүмкін. Өйткені бұл туынды жоғарыда ғалым А.Қыраубайқызы айтып өткен «Қисасу-л әнбиядай» емес ХХ ғасыр басында баспа бетін көрмей, назардан тыс қалып келген. Тек ХХ ғасырдағы тіл білімі мен әдебиет тарихы ілімі ғана құнды тілдік және әдеби жәдігер ретінде зерттеу нысаны етіп келе жатыр. Ал «Қисасу-л әнбия» Шәдінің оқыған, «Назым Сияр Шәрифті» жазарда қайта-қайта қараған туындысы. Сондықтан да ақын Ибраһим Пайғамбарды жырлағанда, оның аңыз сипатты оқиғаларының Шәдіше айтқанда, қиссасының «Қисаста» көп екенін айтады. «Қисас» деп отырғаны Рабғузидің «Қисасу-л әнбия» шығармасы екені даусыз.

Жалпы, «Қазақ кітабының шежіресінде» «Қисасу-л-әнбияның» ХХ ғасыр басында баспа бетін көрген 1) «Қисасу-л-әнбия». Ашық қазақ тілінде. «Қисасу-л-әнбия». Мөрәттібі Ахмеджан Жалмұхамедов. Нәшірі кітапшы Исмағил Шамсуддинов. Харитонов мәтбағасы 1325 хижра. 1907 ж. Қазан қаласы, 2) «Қисасу-л-әнбия – Рабғузи». Ред.: Н.И.Ильминский, Жазушы: Насреддин бин Бурһанаддин, университет табиғханасы, Қазан, 1891 секілді үлгілері берілген. Бұлар - таза қазақ тілінде деп берілген үлгілер. Сондықтан бұлардан тыс шағатай, түркі үлгілері де болуы мүмкін. «Қисасу-л-әнбия» материалдары негізінде немесе сабақтасты ықпалымен туындаған мына секілді шығармаларды айтуға болады: «Хазірет Мариям кітабы», «Қисса әнхазірет Расулның миғражға қонақ болғаны», «Харунның жер жұтқан уақиғасы», «Қисса Адам», «Қисса Уһуд», «Қисса хазіреті Юсуф әлейһиссалам илән Зуләйханың мәселесі», «Қисса Мұса әлейһиссалам білән Харун хикаясы», «Үшбу кітаб хазірет Зұлхарнайын... қиссасы», «Қисса Бәдір» [9].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Маллаев Н.М.* История узбекской литературы с древнейших времен до XVII века. – Ташкент, 1963. –180 б.
2. *Әуезов М.* Әр жылдар ойлары. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1959. – 556 б.
3. *Қыраубаева А.* Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.
4. *Қыраубайқызы А.* Ежелгі әдебиет. – Астана: Елорда, 2001. – 224 б.
5. *Наджип Э.Н.* Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур. – Түркістан: Тұран, 2007. – 268 б
6. *Рабғузи.* Қисса-сул-әнбийя-й. Адам-Атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссәләмға дейін. / Қазақ тіліне аударған Роза Мұқанова. – Алматы: Санат, 2001. – 248 б
7. *Рабғузи Насреддин.* Қисас-ул әнбия. / Араб тілінен аударған Әшім Өріпбайұлы. –Астана: Фолиант, 2008. – 552 бет.
8. *Шәді төре.* Ибраһим Пайғамбардың хикаяты. –Алматы: Қазақстан, 1999. –88 б.
9. *Субханбердина Ү., Сейфуллина Д.* Қазақ кітабының шежіресі (1807-1912 жж). – Алматы, 1995. – 220 б.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются проблемы публикации и исследования литературного памятника «Кисас-уль анбия» и анализируются варианты, и их особенности в исследованиях Н.И.Ильминского, П.М.Мелиоранского, С.Е.Малова, Н.П.Остроумова, Н.Ф.Катанова, узбекского исследователя Айбека.

(Ергобек С., Кошенова Т. Проблемы публикации и исследования литературного памятника «Кисас-уль анбия»)

SUMMARY

This article discusses the problem of publications and studies of the literary "Qisas-ul anbiya" and analyzed the options and features of research N.I.Ilminskyi, P.M.Melioranskyi, S.E.Malov, N.P.Ostroumov, H. F.Katanov, Uzbek researcher as Aibek.

(Yergobek S., Koshenova T. Pproblems of publications and research the literary manuscript "Qisas-ul anbiya")

ӘОЖ 372. 651 10 44

Е.Н.НҰРАХМЕТОВ

филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

А.А.ТАТИБАЕВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» дейтін бабаларымыз тілдің құдіреттілігін ертеден-ақ айқындап берген. Ел ертеңіне алаңдайтын болашақ тұтқасын ұстайтын саналы да, білімді ұрпағымыздың қалыптасуына тілдің әсері мол. Ендігі кезекте шет тілінің қолданылу аясын кеңейту кезек күттірмес мәселенің бірі болды. Осы орайда мектептерде ағылшын тілі пәніне көңіл де, ықылас та жылдан-жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Кілт сөздер: ақпараттық технология, ағылшын тілі, оқыту, оқытушы.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. ХХІ ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған жолдауында: «ХХІ ғасырда білім беру ісін дамыта білмеген мемлекет құрдымға кетері хақ. Сондықтан біз болашақта жоғары технологиялық және білікті өнеркәсіп мамандарының шоғырын қалыптастыруымыз қажет. Бұл орайда, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының міндеті – әлемдік стандартқа сай білім беру, ал олардан алынған дипломдар дүние жүзі мойындайтындай болуы қажет. Біз әрбір Қазақстан азаматтарының дұрыс мүмкіндіктерімен жоғары білім алуына кепілдік беруіміз қажет», – деген болатын. Әрбір жеке тұлғаның қалыптасуына жағдай жасау арқылы еліміздің болашағына жауапты мамандар дайындап, олардың білім беру саласына жауапкершілікпен қарап, жаңа инновациялық қоғамға сәйкес жас ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Тілдер үштұғырлылығы»

мәдени жобасын жүзеге асыруды ұсына отырып, қазақ елін әлемдегі үш тілді қатар тұтынатын білімді де білікті ел ретінде танытуымыз қажет екенін және мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілі мен жаһандық экономикаға табысты кіру тілі – ағылшын тілі болуы тиіс екенін ерекше атап көрсетті. Сондықтан Елбасымыз білім беру жүйесінің алдына бірнеше тіл меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін қойып отыр [1].

Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн? Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін тандап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен қолдану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттап білім беруде. Қазіргі таңда айтар болсақ, көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық-коммуникативтік технологияның бір өзі атқара алады. Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық-технологиялық құралдардың жиынтығы. Қазіргі кезде сабақта ақпараттық технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз. Ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады. Компьютер – оқушы білімін бағалау құралы. Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар оқу материалдарын иллюстрация жасау кезінде қолданылады. Бұл оқу үрдісін қозғалыста бейнелеуге мүмкіндік береді. Компьютердің көмегімен дыбыстық және бейнефрагменттерді де демонстрация жасауға болады. Компьютердің көмегімен оқушы өз бетінше, сондай-ақ өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Ағылшын тілі сабақтарында өзім қолданып жүрген компьютерлік бағдарламамен жұмыс істеу түрлерін атап өтер болсам: Лексиканы меңгерту. Сөйлеу жұмыстары. Көптеген бағдарламаларда микрофонмен жұмыс істеуді қарастырады. Сөздер мен сөз тіркестері тыңдалғаннан кейін, оқушы оны қайталайды. Бұдан соң диктордың сөзді айту, яғни дыбыстау ерекшелігін тыңдай отырып, жеткіліксіз жақтарын аңғарып, оқушы оны түзетуге мүмкіндік алады. Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда диалогтың да берері мол. Диалог – сөйлесудің ең негізгі түрі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас амандасудан басталады. Мұғалім сабаққа кіргеннен оқушылармен диалогта болады. Оқушыларға белгілі бір тақырыпта

тапсырмалар беру арқылы сұхбаттар құрылады. Диалогтік сөйлесуді естіп-тыңдаумен біртұтас та, жекелей де пайдалануға болады. Мақсатты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы ауызекі сөйлесуге үйрету оқушыларды қызықтырады. Диалогтік сөйлеу коммуникативтік оқытудың негізгі ұстанымына сәйкес келеді [2].

«Ақпараттық компьютерлік технологиялар» термині бүгінде баспасөз беттерінде, теледидар мен радиода жиі кездеседі. Ақпарат алудың қазіргі кезде көптеген көздері мен құралдары бар.

Ақпараттық технология:

- оқушыға тақырып көлемінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады;
- білімге бір-бірінен үлкен арақашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орындарында отырып қол жеткізуге болады;
- оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдірілуі олардың тарамдалуымен оқу материалының сапасын арттырады.

Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютерде оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса, барлық сабақтарды компьютердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік дағдының көлемі күннен-күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасы артады. Мұғалім сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық [3].

Қазіргі заман педагогтарына компьютер және мультимедиялық құралдарды қолданудың сабақ өту барысында өте тиімді тәсіл екені белгілі. Бұл құралдың қуаттылығы соншалықты онымен бірге білім жүйесіне жаңа әдістермен бірге әлемдік ойлаудың жаңа идеологиясы енгізілді. Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялық-электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық-электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдану. Ең тиімді бағдарламалардың бірі Microsoft Power Point. Ол мұғалімге қысқа мерзімде өзінің үлкен дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп, компьютерлік білімін даярлауға көмектеседі. Ол оқушылардың түрлі қабілеттерін ашады. Олар: есте сақтау, көру, есту, ойлау, эмоционалды, автоматты және т.б. Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Интерактивті тақтаға сөзі анық жазылған ағылшын тіліндегі видеороликтер, аудио дискідегі өлеңдерді, электронды оқулықтарды компьютер арқылы енгізіп, тақырыбы бойынша сабақта қолданамын. Бұл көрнекі құралдар тақырыпты ашуға, оқушыға жеткізуге көп көмегін тигізеді.

Сондай-ақ, ағылшын тілінің грамматикалық материалдарын ауызша түсіндіргенше, Smart Board тақтасындағы суреттерді қозғалтып, сөйлетіп, мысалдарды анимациялық суреттер арқылы көрсетуге болады. Грамматикалық жаттығуларды тақтаға электронды маркер арқылы орындауға болады. Интерактивті тақтаны сабақтан тыс факультативтерде, апталық іс-шаралар өткізгенде кеңінен қолдануға болады. Smart Board тақтасына оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі тақырыпта материалдар енгізіп қоюға болады, кез келген керек уақытта сол материалды ойланбай қолдануға болады.

Ағылшын тілін үйрету барысында интерактивті тақтаны тәжірибеде кеңінен қолдана отырып, төмендегідей қорытындыға келдім:

- оқушының тіл үйренуге қызығушылығын арттырады;
- қарым-қатынас дағдыларын дамытады;
- оқу процесін жекешелендіреді және ерекшелендіреді,
- оқушылардың ойлау қабілетін дамытады;
- оқып жатқан тілде мәліметтерді тыңдау арқылы сол тілде сөйлеушілермен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді;
- тақта арқылы сабақта әртүрлі тиімді әдістерді қолдануға мүмкіндік ашылады;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі [4].

Өз тәжірибеде ақпараттық технологияларды оқушы қызметін активтендіру негізінде қолданып келемін. Оқытудың ақпараттық технологиясын пайдалану оқу процесін жаңа оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге және оқушылардың шығармашылық қабілетін ашуға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, айтқымыз келгені ақпараттық технология тіл үйренушілердің қызығушылығын ғана тудырып қоймай, басты білім сапасының артуына әсер етеді, ынтасын дамытады, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіреді, біліктілігін қалыптастырады, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы тіл үйренушіні болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа Әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы. –Астана: Елорда-2007. <http://www.akorda.kz/>.

2. *Байниязова Ж.Б.* Ағылшын тілі пәнінің білім сапасын арттырудағы ақпараттық-коммуникативтік технологиясының рөлі // Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі. –№1. – Алматы: ИП Рысқұлов, 2013.

3. *Аманова Н.* Жаңа ақпараттық технология құралдарын пайдалану // Педагогикалық кеңес. – №2. – Алматы: Үш қиян, 2014.

4. *Наурыз А.Т.* Ағылшын тілі сабағында интерактивті тақтаны қолдану //

Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі. –№3. –Алматы: ИП Рысқұлова, 2013.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается особенность применения инновационных технологий на уроке английского языка.

(Нұрахметов Е.Н., Татибаева А.А. Эффективное использование инновационных технологий на уроках английского языка)

SUMMARY

This article deals with the effectiveness of innovational technology usage in teaching English language.

(Nurakhmetov Ye.N., Tatibayeva A.A. Effective usage of innovational technology in teaching English language)

ӨОЖ 419. 992 71:398.3

Н.Д.ҚОШАНОВА

филология ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

**КӨМЕКШІ СӨЗДІ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЛЕКСИКА-
ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мақалада қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің сөйлем ішінде, сөйлемнен тыс қолданыстағы ерекшеліктері, соның ішінде көмекші сөздермен келуі тілдік деректермен сөз болады. Көмекші сөздердің тұрақты тіркестерді жасаудағы қызметі мен сөйлемде басқа сөздермен байланыстырудағы, сөйлемнің жалпы семантикалық қырларына әсері сөз болады. Көмекші сөздер қазақ тілінде тұрақты тіркестердің жасалуына негіз болады, сондай-ақ сөйлемде басқа сөздермен байланысқа түсіру үшін де көмекші сөздер грамматикалық амал-тәсілдік қызмет атқарады.

Кілт сөздері: тұрақты тіркестер, көмекші сөзді тұрақты тіркестер, көмекші етістікті тұрақты тіркестер, шылаулы тұрақты тіркестер, көмекші есімді тұрақты тіркестер

Тілімізде фразеологизмдер тәрізді грамматикалық байланысы тұрақты, орын тәртібі берік, бөлініп-жарылмайтын, тұтас құрамымен сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқаратын құрылымдар көптеп кездеседі. Ондай құрылымдарға: 1) күрделі сөздер, 2) атаулы тіркестер, 3) шектеулі тіркестер жатады. Сырттай қарағанда сөз тіркесіне ұқсас мұндай тілдік құрылымдар сөз тіркесінің бір сыңары болып, сөйлемге бір мүше болып енеді.

Н.Сауранбаев *көмір кені, мектеп үйі, жер беті, ауыл шаруашылығы* дегендер синтаксистік жүйеден лексикалық қалыпқа бейімделе бастаған тіркестер екендігін: «Бұларды осы қалыпта айтсақ, лексикалық (атаулық) мағынада ұғынылады, яғни бірі анықтауыш, екіншісі анықталғыш емес, тұтас атау» [1], - деп көрсетеді, мұндай тіркестерді ауыспалы топтағы тіркес, себебі бұлар синтаксистен лексикаға ауысып бара жатқан топ дейді. Қазақ тіліндегі күрделі сөз жайында зерттеген Ш.Шәкенов те күрделі сөздің оған ұқсас құбылыстардан айырмашылығы мен ерекшелігіне тоқтала келіп, тұрақты тіркес пен күрделі сөз арасындағы негізгі айырмашылықтар деп мыналарды көрсетеді:

1. Екеуі де қалыптасып қалған құрылым болғанымен, фразеологиялық тұлғаларда күрделі сөздердей дербес мағынасы бар атауыш сөздермен шектелмей, оған көмекші сөздер де қатысады.

2. Идиома, фразалар күрделі сөздердей тура, ауыспалы мағынада емес, үнемі бейнелі мағынада жұмсалады.

3. Күрделі сөз басқа сөздің жасалуына негіз болу қасиетін белгілі дәрежеде сақтаған, ал идиом, фразаларда ол қасиет жоқ.

4. Идиом, фразалардың дені басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келмейді, күрделі сөздердің жеке түрлері болмаса, көпшілігін басқа тілге аударуға болады [2].

Атаулық тіркесті тұрақты тіркестің бір түрі деп есептейтін ғалым С.Исаев оның фразеологиялық тіркестерден айырмашылығын былай көрсетеді: «мағынасының дәлдігімен, тұрақтылығымен және көбінесе терминдік ұғымдарды білдіруімен байланысты атаулық тіркестердің синонимдері болмайды. Ал фразеологиялық тіркестің мағынасын екінші сөзбен, я тіркес арқылы жеткізуге болады. Мысалы, тауы қайту (беті қайту), мұрнын шүйіру (менсінбеу), т.б.

Атаулық тіркестердің басыңқы немесе тіркес құрауға ұйтқы болған дінгек сөзі көрініп тұрады. Ол негізінен анықталушы сөз болады. Мысалы, аяқ киім (бас киім), мал қора (қой қора), темір жол (тас жол), т.б. мұндағы дінгек сөздер: киім, қора, жол. Фразеологиялық тіркестерде жоғарыдағыдай дінгек сөзді айқындау өте қиын», - дейді [3, 14-б.]. Ғалым атаулық және фразеологиялық тіркестердің грамматикалық байланысу жолдарында да өзгешеліктер бар екенін атап көрсетеді: «Фразеологиялық тіркес құрамындағы сөздер қазіргі синтаксистік байланыс тәсілдерінің қай-қайсысы арқылы болса да байланысып, өз ішінде сөйлемнің барлық мүшесі бола алады. Ал атаулық тіркестерде ондай универсалдық, жан-жақтылық жоқ. Атаулық тіркес құрамындағы сөздер көбінесе анықтауыштық қатынаста қабыса не матаса байланысады» [3, 75-б.] - деп қазақ тіліндегі жалпы тіркес атаулыны үш топқа болу керек деген ой айтады: еркін (синтаксистік) тіркес; түйдекті тіркес; тұрақты тіркес. Тұрақты тіркестің өзін екі топқа бөледі: фразеологиялық тұрақты тіркестер және атаулық тұрақты тіркестер.

Ғалым М.Мамаева тілде атаулық қызмет атқаратын тіркестердің ішінде жасалуы жағынан өзіндік заңдылығы бар тілдік топтар кездесетінін, яғни белгілі бір ұғым төңірегінде бір сөздің бірнеше сөзбен ғана шектеліп тіркесіп, ұғым жағынан өзара байланысты топтар құрайтынын ерекше атап көрсетеді. Мұндай тіркестерді Г.Рысбай шектеулі тіркестер деп атап: «Шектеулі тіркестер белгілі бір ұғымдар төңірегінде шектеліп жұмсалады. Оның құрамындағы сыңарлары кез-келген сөзбен тіркеспей, арнайы бірнеше сөзбен ғана тіркесіп, белгілі бір ұғымның атауы ретінде жұмсалады. Олардың құрамы мен қолданылуы біршама тұрақты болып келеді» деген түсінік береді [4]. М.Мамаева мұндай тілдік құбылысты тұрақты тіркес пе, күрделі сөз бе дей келіп, атаулық тіркес пен шектеулі тіркестің белгілері фразеологизмге ұқсас болғанымен, мұндай тіркестер тұрақты тіркестен күрделі сөзге ауысып жатқан тұлғалар деп есептейді [5].

Мақалада осы тұрақты тіркестердің көмекші сөздерге қатысы синтаксистік тұрғыда қарастырылады. Тіліміздегі фразеологизмдерді тіл білімінің синтаксис саласында зерттеу – оның ашылмаған сан қырының бірі.

Синтаксистік тұрғыдан зерттеу дегеніміз – сөйлеу процесінде зерттеу. Бұл жайлы І.Кеңесбаев былай дейді: «Фразеологизм сөйлеу процесінде, демек сөйлем ішінде құлпырып кететіні белгілі. Ал тұтас сөйлемнің бөлшегі ретінде (яғни мүшесі ретінде) кездесетін ФЕ өзін қоршап тұрған еркін тіркеске тұрғыласып, мағына жағынан да, синтаксистік байланыс жағынан да жымдасып жатады» [6].

Қазақ тілінде сөз тіркесінің байланысу тәсілдерінің бірі – аналитикалық, оның ішінде – көмекші сөздер арқылы байланысу [7, 81-б.; 8]. Тұрақты тіркестер сөз тіркесінің бір сыңары ретінде екінші сөзбен көмекші сөздер арқылы байланысады. Көмекші сөздер көмекші есімдер, көмекші етістіктер, шылау сөздер болып жіктеледі. Көмекші сөздер тұрақты тіркестермен екі түрлі жағдайда келеді, біріншіден, тұрақты тіркестердің табиғи қалпы көмекші сөздерден жасалса, екіншіден, тұрақты тіркестер көмекші сөздер арқылы сөйлемдегі басқа мүшелермен байланысқа түседі.

Көмекші есімді тұрақты тіркестер қазақ тілінде арнайы зерттелмегенімен, көмекші есімдер туралы зерттеу еңбектің мысалдары қатарында айтылады [9]. Көмекші есімді тұрақты тіркестер: *көз алдында, иек астында, от басы, ошақ қасы, ат үсті, екі көзі алдында, екі көштің арасында, демнің арасында, табан астынан, бас жарылса, бөрік ішінде, балапан басымен, тұрымтай тұсымен, ашу үстінде, ауырдың үсті, жеңілдің астымен, алты қырдың астынан, бет алды, пышақ үстінен, тері үсті*, т.б. Мысалы: Қос күрең арындап жөнелгенде, қосағымдағы арық торының ашамай сүйектері арбаңдап, *табан астынан* шоқытып кетті (Қ.Жармағамбетов). Мен барсам, Молдағазы *ал үстінде* екен (С.Мұқанов). Қариялар күн қызылы тарап, аптап басылған *екі көштің арасында* құм шағылдың біріне шығады. Әңгіме дүкен құрады (С.Бердіқұлов).

Жоғарыдағы сөйлемдердегі *табан астынан, ал үстінде, екі көштің арасында* – көмекші есімді тұрақты тіркестер. Сондай-ақ көмекші есімдердің сөйлемде тұрақты тіркестермен түйдекті тіркесте келуі де ұшырасады: Сол Шолпанқұл *оққа ұшарының алдында* маған хат жазыпты (М.Жолдасбеков). Құнанбайдың тығыз берген бұйрығы бойынша, бір *шай қайнатым уақыт арасында* жүз елудей жігіт атқа мінді (М.Әуезов).

Көмекші етістікті тұрақты тіркестер. Көмекші етістікті тұрақты тіркестер М.Балақаев оқулығында лексика-грамматикалық топ болып, сөз тіркесінің бір сыңары қызметінде жұмсалатын [7, 30-б.] түйдекті тіркес есебінде көрсетіледі.

Е, ет, де, жазда көмекші етістіктерінің жеке лексикалық мағынасы жоқ, өз алдына дербес сөйлем мүшесі бола алмайды. Сол себепті де осы етістіктер арқылы аналитикалық, перифразалық есімдермен тіркескен күрделі етістіктердің жасалуының нәтижесінде лексикаланған, идиомаланған тұрақты тіркестер көп қалыптасқан [10, 266-267-бб.]. Мысалы, *өзім деген, қылт етпе, кет әрі емес, жүрегі су етті, желеу етті, жан шықты дегенде, әзер дегенде, гажап емес, бір емес, екі емес, бұрқ етті, боздағын бордай етті, бетің бар*,

жүзің бар демеді, басы екеу емес, бас десең, құлақ дейді, барын базар етті, әу дескендей, әне-міне дегенше, ә дегенде, атын атап, жөнін жөн демеді, аспанды алақандай, жерді тебінгідей етті, анау-мынау емес, айтқанын екі етпеді, т.б.

Көмекші етістіктердің тұрақты тіркестер құрамында етістіктің барлық формаларында (шак, жақ, есімше, көсемше, рай, т.б.) түрленуі себепті сөйлемде грамматикалық қызметі де түрленіп отырады. Сол себепті де сөйлемнің әр түрлі мүшесі қызметінде жұмсалады. Мысалы: Бұған Әбіш ауру сияқты көрініп еді. Бауырмал *жүрегі су етті* (М.Әуезов) – баяндауыш. Беу шіркіннің *жүйрігі-ай!* Естеместің шоқысын *әне-міне дегенше* жеті қоян алғанын өзім осы көзіммен көрдім (Қ.Тайшықова) – пысықтауыш. Күренбай *аспанды алақандай, жерді тебінгідей еткен* қатал райынан қайтып, иман таразы қалыпқа келді (С.Омаров) – анықтауыш.

Жеке лексикалық мағынасы бар, дербес сөйлем мүшесі қызметін атқаратын кей етістіктер кейбір тұрақты тіркестер құрамында дербестігінен айрылып, көмекшілік қызмет атқарады. Олар: *сал, бол, қал, қыл, ал, көр, жет, біт*, т.б. Мұндай көмекші етістіктер арқылы да тұрақты тіркестер молынан жасалады. Мысалы: *бас қойды, лап қойды, құлақ салды, бас салды, кеудеге салды, көзіңді сал, алдына жан салмады, борбай еті борша, арқа еті арша болды, жақсы атты болды, қол байлау болды, тілге тиек қылды, ақсүйек қылды, кәр қылды, бұтын бұт, қолын қол қылды, көз тұрткі болды*, т.б.

Көмекші етістіктер негізгі етістіктің көсемше тұлғасынан кейін келіп те, тұрақты тіркестер жасауға негіз болады, бұл мәселені тілімізде күрделі етістікке жатқызады. Көсемшелі тіркестің құрамындағы етістіктердің мағыналары кейде бір-бірімен үйлесімсіз болғанмен, олар логикалық жағынан байланысып, біртұтастыққа айналған. Мысалы: *кетіп қалу, жоғалтып алу, келе жату*, т.б. ... деген сияқтылар күрделі етістіктерге жататыны көрсетіледі [11].

Қазақ тілінде едәуір зерттелген – шылау сөздер, олардың да тұрақты тіркестердің жасалуында септігі мол. Тілімізде толық лексикалық мағынасы жоқ, тек сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып, немесе белгілі бір сөздердің жетегінде қолданылып, оған әр түрлі грамматикалық мағына үстеу үшін қолданылатын сөздер шылау деп аталады.

Шылау сөздер кейбір тұрақты тіркестердің табиғи бір бөлшегі ретінде қалыптасып, тұрақты тіркестік тұтастыққа септігін тигізеді. Мысалы, *адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң, әрі-беріден соң, ертеден қара кешке дейін, жаңа туған ай секілді, тау күйіп, тас жанса да, әлімсақтан бері, бағанадан бері*, т.б.

Ал төмендегі сөйлемдердегі тұрақты тіркестермен түйдекте берілген шылаулар тұрақты тіркестерді сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік (аналитикалық) байланысқа түсіріп, сөз тіркесінің бағыныңқы компонентіне айналдырады.

Атам заманнан бері адам баласының сөзі, асылында, екі түрлі орынға

жұмсалған (А.Байтұрсынов). Ымырт үйіріліп, *көз байланған соң* Омар жер таяна тұрды да, ұлы Семейден әкеліп берген білтелі шамды жақты (О.Бөкейханов). Бөкей *дүние салғаннан бері* Шоңға ойының тіректері босап, қабырғасы шайқалып, дүние бос қалғандай сезіледі (Қ.Исабаев).

Тұрақты тіркестердің жеке сөздермен де, сөз тіркестерімен де аналитикалық байланысында шылаулар қызметі ерекше.

Тұрақты тіркестер көмекші сөздердің қатысуы арқылы сөйлемде әр түрлі сөйлем мүшелік қызмет атқарады. Тілімізде бірқатар тұрақты тіркестер *шіркін, атаулы, сорлы, байғұс* тағы да басқа көмекші сөздердің тіркесуі арқылы жасалынып, атау тұлғада тұрып бастауыш болады. Мысалы: *Адам шіркін* күйбең тіршіліктен қолы босап, түнгі аспанға қарап жатқан кейбір сәттерде оның ой-санасы, алдымен анау жұмбақ әлемнің тұңғығын шарлап кетеді (Ш.Айтматов). Шарықтап шар тараптан *көңіл сорлы*, таппаған бір тиянақ не өткен қуыс? (Абай).

Тұрақты тіркестерге шылау сөздерінің де тіркесіп келіп, бастауыш болуына себебін тигізеді. Мысалы: Ауыл адамдары *тайлы-таяғына дейін* осылай қарай жүгіріп келеді (Т.Дәуренбеков). *Қол ұстатар, шаш сипар, қыз көрсетер, күйеу көрсетер сияқтылар* – ежелден келе жатқан қазақтың атақты ырымдары (М.Әуезов).

Тұрақты тіркесті бастауыштардың жасалуына сондай-ақ *кебі, көрі* көмекші есімдердің де қатысы болатыны мына мысалдардан көрінеді: *Әйтпесе, жау жағадан алғанда, бөрі етекпен кебі* боп жүрер (Ә.Әлімжанов). *Сырдың суы сирағынан келмейдінің кері* көрініп тұр (Газеттен). *Иш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқтың кері* келіп тұр (Қ.Аманов).

Де көмекші етістігі есімше тұлғасында тұрақты тіркестермен тіркесте бастауыш жасайды. Ондайда көбінесе сөйлемнің баяндауышы *осы, рас, бар, қиын* деген сияқты сөздерден болады. Мысалы: *Өлмегенге өлі балық* деген осы (Қ.Аманов). *Қарай гөріндер, жаман иттің атын бөрібасар қояды* деген рас екен-ау (Қазақ ертегілерінен). Ағаңмен де өсіткенбіз, бұрынғыдан қалған мирас – *ата-ененің жоралғысы* деген осы, қалқашым (Шәкәрім). *«Тас түскен жеріне ауыр»* деген бар ғой. Демеймін менің қайғым саған батар (С.Торайғыров).

Қазақ тіліндегі құрама баяндауыштың құрамында көбінде көмекші етістіктер келеді. Ғалымдар ондай құрама баяндауыштардың бірінші сыңары зат есім, сын есім, еліктеуіш сөздер, екінші сыңарына *болу, түсу, қылу, е, де, шығар* көмекші етістіктері қатысты деп көрсетеді [12].

М.Балақаев құрама баяндауышқа анықтама бере келіп: «Есім баяндауыштардың қызметін тиянақты ете түсіп, оларға шақтық, видтік, модальдық мағына қосу керек болғанда, олардан кейін әр түрлі көмекші етістіктер, модальдық сөздер айтылады», - деп көрсетеді [7, 29-б.].

Ет етістігі арқылы жасалған тұрақты тіркестер: *талақ етті, тағзым етті, бәтуа етті, жария етті, үміт етті, талшық етті* т.б.

Қарттарға иіліп *тағзым етті* де, қымыз толы тегешті әкеп маңайға таман қойды (Ә.Әлімжанов). Дәрменнің тағы бір сырын ашып, Дәркенбай өзі сырлас Базаралыға *баян етті* (М.Әуезов).

Қыл етістігі арқылы: *нәр қылды, бата қылды, жан сауға қылады, сұхбат қылады, медет қылады, талқан қылады* т.б.

Арттағылар не болғанын білген жоқ. Қарт Қожа да *жан сауға қылды* (Ж.Аймауытов). Батагөй шалдар басы бар табақты тартуға алып келенде де, асты жеп болғанда да, *бата қылды* (А.Байтұрсынов). «Жүректерім үзіліп кетпесін» - деп екеуіне екі қасық май ұрттатып жүреді. Күн ұзын соны *нәр қылады* (Ж.Аймауытов).

Бол етістігі арқылы: *әшкере болды, бейім болды, аян болды, арқау болды, бас-көз болды, зар болды, ыза болды, гайып болды, қайтыс болды, ие болды, гашық болды, құрбан болды*, т.б.

Үйіңе *ие бол*, тілімізді алмай басқаға барсаң, теріс батамызды береміз, сыйлап тілімізді алсаң бата береміз... (М.Жолдасбеков). Қоңыраулары күмбірлеп күймелер көрген түстей лезде *гайып болды* (Ш.Мұртаза). Халық мүддесі оның (Абайдың) шығармасына *арқау болды* (М.Әуезов).

Сондай-ақ, тұрақты тіркестерден кейін *де, бол* көмекші етістіктері есімше тұлғасында келіп, сөйлемде анықтауыш болады. *Де* етістігі тұрақты тіркеспен есімшелі анықтауыш: ... Жамалдың анасы ақылды, көркем қатын болғанға, «анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» деген мақалды да еске тұтып сөйлеуші еді. (М.Дулатов). *Жағадан алып, жер-жебіріне жетем, ит терісін басына қаптаймын* деген ойларымның пәре-пәресі шықты (Е.Әкімқұлов). Бұл күлкісімен Игенжас «*Сенген қойым сен болсаң, күйсегеніңе болайын!*» деген кекесінің жасыра алмап еді (К.Сегізбаев).

Бол көмекші етістігінен болған тұрақты тіркесті есімшелі анықтауыш. *Бол* етістігінің қызметін *деген* етістігімен салыстыруға болмайды, мұнда тұрақты тіркестің өзі *бол* етістігі арқылы жасалады. Мысалы: *Қайтыс болған* адамның кәмелетке жетпеген балаларына жақын туыстарының бірі қамқоршы болып тағайындалады («Жеті жарғы»). *Шақшадай басы шарадай болған* Қожа өзін екі оттың арасында дәрменсіз сезінетін (О.Бөкеев). Соғыстың қырсығынан бір көруге *зар болған* өз перзентімізді әрең көргенде жүйкем босап, алпыс екі тамырым иіп кетті емес пе (Ж.Тұрлыбаев).

Сөйлемде *де, қыл, бол* көмекші етістіктері тұрақты тіркестермен тіркесіп пысықтауыштардың жасалуына әсер етеді: *деп* көмекші етістігі арқылы – *Ит ашуын тырнадан алғаны ма деп* тіксінді (М.Әуезов). Бүкіл ояз Ермекбайдың қолында, оның *ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс деп* түсінетін бұлар (Ғ.Мұстафин). *Боп, болып* көмекші етістігі арқылы – Бірінде жоғы бірінен табылып, *екі жарты бір бүтін боп* тату-тәтті өмір сүруші едік (Ж.Аймауытов). «Сіз» деп, «біз» деп *бетегеден биік, жусаннан аласа боп* майысып... титығы құриды ғой бұл бейбақтардың (М.Әуезов). Ондайда еруліге қарулы боп шалының ырқына жығылмаса құлағынан маза кетпейтінін әйелі білетін (О.Бөкеев). Қой, ешкі *пырдай боп* жайылып жатқан (М.Жолдасбеков).

Қылып етістігі арқылы - ... Жұрт мен жазған *сөздің бұтын бұт, қолын қол қылып* созылап жатыр (І.Жансүгіров). *Ақ сүйек қып* жұтатты-ау сорлыны – деп уайым айтып, ұзын қара сақалын ұстап, Базаралы ойлана қалды (М.Әуезов). Екі жақтың Дүрді *тілге тиек қып* ендігі талағалы отырғаны болыс еді (М.Дүзенов).

Қорыта айтқанда, көмекші сөздер қазақ тілінде тұрақты тіркестердің жасалуына негіз болады, сондай-ақ сөйлемде басқа сөздермен байланысқа түсіру үшін де көмекші сөздер грамматикалық амал-тәсілдік қызмет атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сауранбаев Н. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1948. – 86 б.
2. Шәкенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 118 б.
3. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы. – Алматы, 1973. – 196 б.
4. Рысбай Г. Қазіргі қазақ тіліндегі шектеулі тіркестер: Канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 1998. – 25 б.
5. Мамаева М. Фразеологизмді сөз тіркестері: Канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2004. – 25 б.
6. Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.
7. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы, 1971.
8. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері. – Алматы, 1981.
9. Оразов М. Служебные имена в тюркских языках (на основе материала современного казахского, узбекского и туркменского языков). – АКД, Ташкент, 1970.
10. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991.
11. Қазақ тілінің грамматикасы. II. Синтаксис. – Алматы, 1967.
12. Аманжолов С. Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы, 1994.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются лексико-грамматические особенности фразеологизмов с вспомогательными словами в казахском языке.

(Кошанова Н.Д. Лексико-грамматические особенности фразеологизмов с вспомогательными словами)

SUMMARY

This article discusses the lexical and grammatical features of phraseological units with auxiliary words in the Kazakh language.

(Koshanova N.D. Lexical and grammatical features of phraseological units with auxiliary words)

УДК 372.651 10

С.Т.НЫШАНОВА

кандидат педагогических наук, доцент МКТУ имени Х.А.Ясави

К.К.КАБЕКЕЕВА

магистрант МКТУ имени Х.А.Ясави

ПРОЦЕСС ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

В обучении иностранному языку проблема обучения общению связана с формированием языковых и речевых фонетических, грамматических и лексических навыков и творческих умений в различных видах речевой деятельности – чтении, говорении, аудировании и письме. Это обусловило и широкое введение терминов «коммуникация», «обучение коммуникативному общению» как способности обмениваться различного рода информацией на иностранном языке. В представленной статье изучается процесс формирования коммуникативной компетенции в преподавании иностранного языка. Коммуникативная компетенция рассматривается как широкий термин, который включает в себя структурные особенности языка.

Ключевые слова: знание, умение, навык, коммуникативная компетенция, коммуникативная компетентность.

С развитием экономических и культурных связей между странами и народами возрастает роль изучения иностранных языков, в частности английского языка. К важнейшим направлениям в развитии образования сегодня относится использование компетентностного подхода. Речь идет о формировании умений и навыков, связанных с применением на практике коммуникативных способностей человека, его культурных, социальных и информационных компетенций. Целый ряд факторов обуславливают актуализацию компетентностного подхода в образовании. Сюда можно отнести становление иностранного языка действительным фактором социально-экономического, научно-технического и общекультурного прогресса, динамизм жизненных процессов, колоссальное увеличение информационных потоков. С каждым годом увеличивается спрос на специалистов, не только владеющих иностранными языками, но и умеющих эффективно применить его в сфере бытовой и профессиональной коммуникации. Компетентность и грамотность в общении сегодня являются одним из факторов успеха в любой сфере жизнедеятельности. Отсутствие элементарных навыков общения приводит к множеству конфликтов не только в семье, но и в коллективе при совместной деятельности. Чтобы быть успешным, нужно быть более коммуникативно активным, социально

компетентным, более адаптированным к социальной действительности, способным эффективно взаимодействовать и управлять процессами общения. Поэтому на сегодняшний день, приоритетной задачей обучения языку является формирование у обучающегося коммуникативной компетенции: способности организовать свое речевое и неречевое поведение адекватно задачам общения, то есть способности и готовности осуществлять иноязычное межличностное и межкультурное общение с носителями языка.

До сих пор не существует единства в понимании сущности терминов «коммуникативная компетенция» и «коммуникативная компетентность». Эти термины встречаются все чаще и нередко употребляются без различения смысла между ними. Между тем, они существенно различаются между собой. Понятие «компетентность» используется для описания конечного результата обучения; понятие «компетенция» приобретает значение «знаю, как» в отличие от ранее принятого ориентира в педагогике «знаю, что». Н.И.Алмазова определяет компетенции как знания и умения в определенной сфере человеческой деятельности, а компетентность – это качественное использование компетенций [1, 28 с.]. Компетентность – это свойства личности, ее способность к выполнению какой-либо деятельности на основе сформированной компетенции (компетенциях). Таким образом, компетентность представляет собой результат обучения.


В понимании всех составляющих компонентов коммуникативной компетенции и механизма их взаимодействия не существует единства. Иноязычная коммуникативная компетенция имеет сложную многокомпонентную структуру. При всем разнообразии подходов к изучению структуры коммуникативной компетенции наиболее общими компонентами являются:

- лингвистический (лексика, грамматика, фонетика, орфография);
- дискурсивный (построение устных и письменных текстов);
- прагматический (успешное достижение коммуникативной цели);
- стратегический (преодоление трудностей коммуникации);
- социокультурный (соответствие социокультурным нормам) [2, 9 с.].

Коммуникативная компетенция представляет собой совокупность знаний, навыков, умений, формируемых в процессе обучения иностранному языку. Знания нужны для понимания необходимых условий процесса совершенствования общения. Чем больше люди знают о нюансах поведения в конкретных ситуациях, тем проще им будет развивать свои навыки. Умения позволяют нам предпринимать осознанные действия в соответствии с нашими знаниями о закономерностях общения. Навыки – это целенаправленные действия или их последовательность, которые мы можем на неосознаваемом уровне выполнить и повторить в соответствующей ситуации. Чем большим количеством навыков вы обладаете, тем больше вероятность того, что можете эффективно и адекватно действовать. Компетенция включает совокупность взаимосвязанных качеств личности

(знаний, умений, навыков, способов деятельности), задаваемых по отношению к определенному кругу предметов и процессов и необходимых для качественной продуктивной деятельности по отношению к ним. Компетентность – владение, обладание человеком соответствующей компетенцией, включающей его личностное отношение к ней и предмету деятельности.

Рисунок 1



Коммуникативная компетентность не возникает на пустом месте, она формируется. Основу её формирования составляет опыт человеческого общения. Основные источники приобретения коммуникативной компетентности можно представить в виде Рисунка 1. Как видим на рисунке 1, базовым критерием интенсивности и успешности формирования коммуникативно-компетентной личности определенных заданий последующим переходом в компетентность. Знание, полученное в процессе обучения иностранному языку, нужно преобразовать в умения и навыки с помощью определенных заданий и действий. Например, возьмем неправильный глагол to be. Студенту, который только начал изучать английский язык, учитель объясняет, что у глагола есть три формы, такие как: am, is, are в настоящем времени и две формы was, were в прошедшем времени, которые при составлении предложений должны соответствовать местоимениям. После закрепления данного материала комплексом упражнений, таких как: составить предложения, употребляя разные местоимения в различных видах, в зависимости от цели высказывания, предложения (повествовательные, вопросительные, побудительные и восклицательные) мы ждем от этого студента не только воспроизведения этого списка, а умения им оперировать, то есть умение создаёт возможность

выполнения действия не только в привычных, но и в изменившихся условиях. Следующим этапом формирования иноязычной коммуникативной компетентности является выработка навыка – это процесс, который достигается путем выполнения упражнений (целенаправленных, специально организованных повторяющихся действий). Показателями наличия навыка является то, что человек, начиная выполнять действие, не обдумывает заранее, как он будет его осуществлять, не выделяет из него отдельных частных операций. Благодаря формированию навыков действие выполняется быстро и точно, и можно сконцентрироваться на развитии и получении новых знаний, умений и навыков.

Иноязычная коммуникативная компетенция является одной из важнейших составляющих профессиональной компетентности современного специалиста. Трактовка понятия «коммуникативная компетенция» в научной литературе отличается неоднозначностью, что затрудняет возможность теоретических обобщений в этой области. Термин «компетенция» был предложен (точнее, возвращен в понятийный аппарат лингвистики) Н.Хомским со ссылкой на Вильгельма фон Гумбольдта, который высказывал идею о необходимости соизучения языка и культуры еще в 1822 г. Н.Хомский впервые выделил в отдельное понятие лингвистическую компетенцию (*linguistic competence*) и использовал его применительно к теории языка в связи с исследованием проблем генеративной (трансформационной) грамматики. Первоначально термин «компетенция» обозначал способность, необходимую для осуществления языковой деятельности, преимущественно в родном языке. Как отмечал Н.Хомский, «...мы проводим фундаментальное различие между компетенцией (знанием своего языка говорящим/слушающим) и употреблением (реальным использованием языка в конкретных ситуациях). Только в идеализированном случае ... употребление является непосредственным отражением компетенции» [3, 233 с.].

Коммуникативная компетенция включает знание необходимых языков, способов взаимодействия с окружающими и удаленными людьми и событиями, навыки работы в группе, владение различными социальными ролями в коллективе. Коммуникативная компетенция влияет на учебную успешность. Простой пример: если студент стесняется отвечать у доски или испытывает при этом чрезмерную тревогу, его реальный ответ (как воплощение коммуникативной компетентности) будет хуже имеющихся знаний, а его оценка, соответственно, ниже. Полученный негативный опыт отрицательно повлияет на последующую учебную деятельность. Чтобы сформировать у будущих специалистов необходимые умения и навыки в том или ином виде речевой иноязычной деятельности, а также иноязычной коммуникативной компетенции на оптимальном уровне, необходима активная устная практика для каждого обучающегося. Для этого каждый преподаватель должен четко понимать, что студенты – главные действующие

лица всего образовательного процесса, а учитель выступает в качестве помощника, советчика и друга. Основное внимание уделяется групповому обучению. Задача учителя и студентов – научиться работать сообща, отойти от индивидуализированного обучения. Студент учится слушать своих товарищей, вести беседы и дискуссии в группе, работать над проектами вместе с другими участниками группы. Студент больше ориентируется на своих товарищей по группе, чем на своего учителя как на модель. Например, при изучающем чтении (чтение с полным пониманием): один ученик – вполголоса читает текст, другой – выделяет незнакомые слова, третий – ищет их значение в словаре, четвёртый – переводит предложение, вызывающее трудности для понимания и т.д. Такая работа готовит учащихся к реальной коммуникации – обмену информацией с другими группами, читавшими другие тексты, к оценочным суждениям по поводу услышанного и прочитанного от других. При правильной её организации способствует развитию речевой инициативы, совершенствует учебные и коммуникативные умения. Большую практическую направленность при изучении иностранного языка имеет *проектная методика*, которая обеспечивает выход речевой деятельности в другие виды деятельности, опирается на личностно-ориентированную парадигму образования, закрепляет его вариативность, учёт возможностей и потребностей учащихся, возможность выбора ими образовательных услуг. Именно использование различных соотношений простых речевых и усложнённых коммуникативных упражнений на занятиях иностранного языка помогает повысить навыки коммуникативной компетенции, готовность к преодолению трудностей у студентов и уверенность в своих возможностях за счёт возникновения связи «деятельность-удовольствие». Данная связь возникает в процессе стимулирования интереса студентов к более глубокому изучению иностранного языка, совершенствование и повышение качества языковых знаний, умений и навыков посредством создания англоязычной среды, «погружения» студентов в максимально приближенные к профессиональной деятельности ситуации иноязычного общения, развития и закрепления речевых навыков, таких как восприятие и воспроизведение речи, произношение, употребление грамматических структур, отработка лексики.

К условиям эффективного обучения иностранному языку относится, как известно, иноязычная атмосфера, которая вне страны изучаемого языка создается искусственно, приближая обучение к естественному общению, что заставляет студентов относиться к английскому языку как к средству общения, а не как к предмету, успешность владения которым зависит от знания теории [4, 155 с.].

Использование коммуникативного подхода при обучении иностранным языкам способствует формированию у студентов знаний, умений и навыков, которые позволяют им приобщиться к этнокультурным ценностям страны изучаемого языка и практически пользоваться иностранным языком в

ситуациях межкультурного взаимопонимания и познания. Совокупность таких знаний, навыков и умений составляет коммуникативную компетенцию обучающихся. Знания без умений позволяют лишь обсуждать задачи, но не решать их, а умения без навыков ведут к тому, что решения требуют слишком много времени. Проще говоря, коммуникативная компетенция заключается в умении общаться, то есть умение пользоваться иностранным языком как средством общения.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Алмазова Н.И.* Когнитивные аспекты формирования межкультурной компетентности при обучении иностранному языку в неязыковом вузе: Автореферат дис. докт. пед. наук. – Санкт-Петербург, 2003. – 47 с.
2. *Мильруд Р.П., Максимова И.Р.* Современные концептуальные принципы коммуникативного обучения иностранным языкам // Иностранный язык в школе, 2000. – №4, с. 9-15; №5, с. 17-22.
3. *Хомский Н.* Аспекты теории синтаксиса / под общ. ред. В.А.Звегинцева; Серия переводов. – Выпуск I. – Москва: GIS, 1972. – 233 с.
4. *Колкова М.К., Андронкина Н.М.* Обучение иностранным языкам в школе и вузе: Методическое пособие для преподавателей, аспирантов и студентов. – Санкт-Петербург: КАРО, 2001. – 150 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада шет тіліне оқыту барысында коммуникативті күзірет дағдыларын қалыптастыру үдерісі қарастырылады.

(Нышанова С.Т., Кабекеева К.К. Шет тіліне оқыту барысында коммуникативті күзіретті қалыптастыру үдерісі)

SUMMARY

This article deals with the process of communicative competence skills formation in foreign language teaching.

(Nishanova S.T., Kabekeyeva K.K. Process of communicative competence formation skills in foreign language teaching)

УДК 420

Ж.КОЖАБАЕВА

магистрант МКТУ имени Х.А.Ясави

К.Б.УРАЗБАЕВ

кандидат филологических наук, доцент
МКТУ имени Х.А.Ясави

О КОННОТАЦИИ В АНГЛИЙСКОЙ ФРАЗЕОЛОГИИ

Ныне большинство отечественных и зарубежных кросскультурных исследований в области фразеологии ориентировано не на механическое выявление параллельных конструкций фразеологических единиц в разных языках, а на раскрытие внутренних связей и взаимообусловленности изучаемых языковых явлений. Как известно, фразеология – раздел языкознания, изучающий устойчивые сочетания в языке, которые называются фразеологическими единицами или фразеологизмами. Фразеологизмы – это готовые сочетания слов, они не производятся в речи, а воспроизводятся. Если говорящему надо употребить фразеологизм, то он извлекает его из запасов своей памяти, а не строит его заново. Это свидетельствует о предсказуемости компонентов фразеологизмов. Другое важное свойство фразеологизмов в том, что смысл каждого не складывается из смыслов входящих в него слов. Часто фразеологизм остаётся достоянием только одного языка; исключением являются так называемые фразеологические кальки.

Ключевые слова: коннотация, фразеология, идиома, публицистика, речь, образ.

Английский язык имеет тысячелетнюю историю. За это время в нем накопилось большое количество выражений, которые люди нашли удачными, меткими и красивыми. Так и возник особый слой языка – фразеология, совокупность устойчивых выражений, имеющих самостоятельное значение.

Изучение английского языка широко распространено по всему миру. Хорошее знание языка, в том числе и английского, невозможно без знания его фразеологии. Знание фразеологии чрезвычайно облегчает чтение как публицистической, так и художественной литературы. Разумное использование фразеологизмов делает речь более выразительной.

С помощью фразеологических выражений, которые не переводятся дословно, а воспринимаются переосмыслено, усиливается эстетический аспект языка. Отмечается, что с помощью идиом информационный аспект языка дополняется чувственно-интуитивным описанием нашего мира, нашей жизни».

Мир фразеологии современного английского языка велик и многообразен, и каждый аспект его исследования, безусловно, заслуживает должного внимания [1].

Для изучающих английский язык как иностранный этот слой языка представляет трудность при освоении, но зато после освоения фразеологизмов можно начать говорить как англичане, и понимать их с полуслова, так как речевая готовность резко возрастает. Можно кратко и очень точно выразить свою мысль, будучи уверенными в правильности ее выражения. Во многих случаях знание английской фразеологии помогает избежать руссизмов, то есть дословных переводов предложений с русского на английский язык [2].

Нельзя научиться разбирать английские идиомы, их можно только выучить. Хотя некоторые идиомы английского языка имеют аналоги в русском языке например, "*take the bull by the horn*" дословно переводится как "*взять быка за рога*" и имеет тот же смысл, и их значение понятно, все же многие английские идиомы не имеют аналогов в русском языке. Иногда не составляет труда догадаться о значении фразеологизма, хотя в русском языке та же мысль, скорее всего, была бы выражена иначе. Например, английский фразеологизм "*get up on the wrong side of bed*" дословно означает "встать не с той стороны кровати", и не составит труда понять его смысла, взяв за аналогию русский фразеологизм "*встать не с той ноги*". Однако, такие случаи являются, скорее, исключениями, и, как уже было сказано, большинство английских идиом и фразеологизмов дословно не разобрать. Например, не зная заранее, что означает фраза "*wear more than one hat*", можно попасть впросак, услышав ее в речи или увидев на письме, и начав переводить ее дословно - "носить больше одной шляпы", в то время как на самом деле она означает "*выполнять несколько обязанностей*" [3].

При сравнении других фразеологизмов в английском и русском языках нами были обнаружены сходные по структуре фразеологизмы. При анализе их было обнаружено сходство в строении, образности и стилистической окраске:

- *Играть с огнем – to play with fire;*
- *сжигать мосты – to burn bridges;*
- *нет дыма без огня – there is no smoke without fire;*
- *трудолюбивый, как пчела – busy as a bee;*
- *жить как кошка с собакой – a cat and dog life;*
- *дела сердечные – affair of the heart;*
- *дело чести – affair of honour;*
- *рыцарь без страха и упрека – knight without fear and without reproach.*

Названия частей тела являются одними из наиболее часто участвующих слов в образовании фразеологизмов. Они имеют символический характер и образы, понятные для носителей и русского, и английского языков: видимо, используя названия частей тела в переносном значении, человек старается

полнее передать свои мысли и произвести большее впечатление от сказанного. И что самое интересное, образы сходны в языках [4].

- *To have a good head on the shoulders* – *Иметь голову на плечах*;
- *To wash one's head* – *намылить голову (шею)*;
- *One's hair stood on end* – *Волосы дыбом встали*;
- *To be all eyes* – *смотреть в оба*;
- *Not to see beyond the end of a nose* – *Не видеть дальше собственного носа*;
- *To look down a nose at somebody* – *задирать нос*;
- *A tooth for a tooth* – *зуб за зуб*.

В течение жизни, наблюдая за животными люди стали видеть в них человеческие качества. Разным животным они стали приписывать разные человеческие качества: одним – трусость, другим – жадность, третьим – хитрость... Постепенно животные стали символическими носителями человеческих качеств.

<i>Человеческие качества</i>	<i>Символы в английской фразеологии</i>	<i>Символы в русской фразеологии</i>
Трудолюбие, выносливость	Птица	Пчела, лошадь
Жестокость	Волк	Волк
Умственная, ограниченность	Гусь, мул, кукушка	Баран, осёл, коза, бык, свинья
Коварство, хитрость	Грач	Змея, лиса, уж
Нечистоплотность	Свинья	Свинья
Смирение, покорность	Собака, кошка	Овца

В большинстве своем фразеологизмы английского языка являются исконно английскими оборотами, авторы которых неизвестны. Такие фразеологизмы связаны с обычаями и традициями английского народа или с реалиями и историческими фактами [5-6]. Например:

Тіл сөйлеу мәдениетінің негізін қалаушы, онда тілдік нормалардың дұрыстығы, стилдік-тілдік қолданыстардың дұрыстығы, тілдік қатынас мазмұнының сапасы, коммуникативтік мақсаттардың сапасы мен этикалылығы басты қасиеттер болып саналады. Бұл қоғам мүшелерінің қатынас пен ойлау үдерістерінде тілді пайдалануда танылатын қызмет түрі. Сөйлеу - әр адамның жалпы дамуы мен мәдениетінің деңгейін көрсететін, оның өмірлік әрекетінің ең жарқын адами тиістілігі. Адамның тіл мәдениеті жалпы мәдениеттің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады, ол ойлау, сезу мәдениетімен, мінез-құлық мәдениетімен байланысты, көбінесе тұлғаның адамгершілік тәрбиесінің сапасын анықтайды, коммуникативтік қызметтің нәтижелілігіне ықпал етеді. Тіл лингвистикалық қана емес, сонымен бірге психологиялық, этикалық және эстетикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Сонау Ежелгі Римде жақсы сөйлеудің теориялары мен қасиеттерін, тіл және стиль теорияларын жасау әрекеттері қолға алынды. Заманауи педагогикалық ғылымда жақсы сөйлеудің қасиеттері белгіленген жүйе құрылды, теориялық негіздемесі берілді және тілдің басты қасиеттері, олардың құрылымдық-тілдік өзгешеліктері мен ерекшеліктері, олардың байланысу жүйелілігі, сөйлеу-тіл, сөйлеу-ойлау, сөйлеу-ұғыну, сөйлеу-ақиқат, сөйлеу-адам, сөйлеу-қатынас талабы деген тілдік және тілдік емес құрылымдардың қатыстылығын талдау арқылы терминологиялық белгілердің қайшылықсыздығы баяндалды.

«Тілдік мәдениет» феноменіне жүгінген кезде жалпы қызмет теориясы тұрғысынан заманауи психология мен лингвистикамен қаралатын сөйлеу қызметінің теориясына жүгінеміз. Сөйлеу қызметі – бұл адам ағзасының сөзді құру үшін қажетті психофизикалық жұмыстарының жиынтығы, адам қызметінің кез келген түрінің айрықша компоненті. Сөйлеу қызметінің педагогикалық теориясында тіл мәдениеті адамның рухани байлығының,

тұлғаның даму құралы ретінде оның ойлау мәдениетінің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады [1].

Сөйлеу қызметі деп адамның тілді қатынас үшін пайдалану үдерісін атаймыз. Қызмет жүйесінде тілдің алар орны түрлі болуы мүмкін: бақылау құралы ретінде көрініс табады, алған нәтижені белгіленген мақсатпен салыстыру. Тіл психология тұрғысынан кез келген басқа қызметпен тепе-тең: оның белгілі мақсаты бар, себепке негізделеді, белгілі бағдары, бағдарламасы және операциялар жүйесі бар, әрекеттер үдерісі мен нәтижесіне бақылау жүргізіледі, ол тіл белгілерін құрал ретінде пайдаланады.

Әрбір тілдік әсер алдын-ала жоспарланған өзгерістерге, яғни адамның әлемге деген қарым-қатынасының жүйесіндегі өзгерістерге тіреледі. Негізінде, сөз, әсіресе педагогикалық қызметте адамға басқа кез келген факторға қарағанда мейлінше күшті ықпал ете алады, ол ойлау, сезіну, тұлғаның бүкіл әрекет құрылымында маңызды өзгерістерге алып келуге қабілетті.

Бірақ тілдік әсерді оңтайлы жүзеге асыру үшін белгілі шеберлікке ие болу қажет. Бұл шеберлік аталмыш қызметтің нәтижелерін жүзеге асыруға бағытталуы тиіс және ол бір қатар бейімділіктерден, дағдылардан, пайдаланылған техникадан құралады.

Педагогикалық қызметте біз міндетті түрде тілді әсер етудің негізгі құралдары ретінде пайдалану қажеттілігімен ұшырасамыз, өйткені тілдік мәдениет дегенде біз оқу үдерісінің шынайы жағдайында нақты педагогикалық міндеттерді барынша нәтижелілігімен шешуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тілдік әсерді жүзеге асыруға көмектесетін тілдік құралдарды саналы түрде іріктеу және пайдалану үдерісі деп түсінеміз.

Заманауи ғылыми әдебиетте соңғы уақытқа дейін «тіл мәдениеті» мен «тіл дұрыстығы» ұғымдарын теңестіру үрдісі басым болып келді.

Дұрыстық тіл белгісі ретінде өте жиі өзгертін нормамен байланысады. Мұны тілдің функционалды түрлілігінсіз, оның стилистикасысыз елестету мүмкін емес. Мұнда да ол әрдайым біркелкі емес. Іскерлік және ғылыми стильдерде норма қатаң, ал әңгімелесу стилінде нормалар өзгереді. Публицистік стильде шегіністер болуы ықтимал, дегенмен олар әрдайым дәлелді емес. Тіл дұрыстығы бұл жақсы сөйлеудің жалпы ұғымының қажетті құрамдас бөлігі, оның критерийлерінің бірі. Бұл тілдің бүкіл байлығын білумен, логиканы, сөз мағынасын білумен, қарапайым, қысқа, нұсқа, орынды сөйлей білумен қамтамасыз етіледі [2].

Сонымен қатар «тіл мәдениеті» ұғымы өзінің мағынасына қарай «дұрыстық» терминімен сәйкес келмейді. Ол көбінесе тілдік қатынастың әрбір шынайы жағдайында нақты мазмұнды білдіретін бүкіл тілдік жүйенің мүмкіндіктерімен байланысты. Тіл мәдениеті тілдік қарым-қатынас үдерісінде тілдік құралдарды іріктеп, қолдана білуді қалыптастырады, оларды тілдік тәжірибеде пайдаланудың саналы қарым-қатынасын қалыптастыруға көмектеседі.

Жоғарыда баяндалғаннан белгілі болғандай, студенттердің тілін дамыту бұл оқытушының ең маңызды міндеті. Адам логикалық тұрғыдан дұрыс ойланып, өз ойын нақты жеткізе алмай шығармашылық дамуы мүмкін емес. Әр пәннің ерекшеліктеріне және қажеттіліктеріне сәйкес студенттің тілдік дамуы да байытылуы тиіс. Кез келген пән оқытушысы студенттің тіл мәдениетін жетілдіруі және тілдік немқұрайдылығымен күресуі тиіс. Міне, тіл мен тіл мәдениетін дамыту мәселелері бойынша барлық зерттеулерде осыған аса зейін қойылған [3].

Университеттегі пәндердің түрлі циклдері тіл мәдениетінің қандай да бір құрылымдық компоненттері мен өзгешеліктерін ерекше ретінде бірінші орынға қояды. Бұл ғылыми және көркемдік ойлау ерекшеліктерімен негізделеді, сондай-ақ оқытушының сөзі ойлаудың қандай саласына әсер етеді, себебі тіл мәдениетінің ерекшелігі функционалды қажеттілікке байланысты.

Студенттердің тілдік даму мәдениеті туралы ойлайтын оқытушы үшін олардың сөйлеген сөзінің дұрыстығын әдеби-тілдік айтылу нормасына толық сәйкес дағдыландыру ғана емес, сондай-ақ қатынастың әрбір нақты жағдайы үшін қажетті тілдік құралдарды нақты таңдап, пайдалана білуді, сөз іріктеуде, сонымен бірге ой-сезімін жеткізу үшін эмоциялық мәнерліліктің бейнелі формаларын да тиісті деңгейде иелену мүмкіндігін қалыптастыру маңызды.

Осы ретте кәсіби секілді көптеген терминдермен, ғылыми фразеологиямен, абстрактілі лексиканың басым болуымен, күрделі баяндалуымен және мазмұнның толықтығымен ерекшеленетін оқу-ғылыми сөйлеу формасын қабылдап, зерделей білу қажет.

Студенттердің коммуникативті қажеттіліктері оқу қызметінің шеңберімен шектелмей, әңгімелесу стилінде де жүзеге асады, ол ғылыми стилге қарама-қайшы қарапайымдылығымен және қолжетімділігімен, игерусіз айтылуымен, тұрмыстық лексиканы қолдануымен ерекшеленеді. Сонымен қатар халықаралық байланыстардың кеңеюі, білім беру саласында коммерциялық және ғылыми-зерттеу қызметі, ресми-іскерлік мақсаттағы білімді талап етеді, белгілі стандарттылықты, тілдік және сөйлеу құралдарын пайдалану міндеттілігін қарастырады. Және де білім гуманитаризациясы заманауи қоғам жағдайларында білім беру саясатын жүзеге асырудың басты ұстанымы ретінде ЖОО-ның оқу-тәрбие үдерісінде публицистік және әдеби-көркемдік стильдердің орнын анықтайды, аталмыш үдерістің дискуссиялық, пікірталасты сипатын, тұлғалық бағытын, құнды бағдарын көздейді, бұл тілдің эмоциялылығымен, қозғау салатындығымен, эстетикалылығымен, хабарланатын жәйтқа деген бағалау қатынасымен байланысты.

Демек, жоғары оқу мекемесінде студенттердің ЖОО-да оқу жүйесінде тілдік мәдениеті қалыптасуы тиіс, осы ретте студенттердің тілдік мәдениетінің қалыптасуы ауызша, сонымен бірге жазбаша формаларда сөз қатынасын қамтамасыз ететін мақсатқа сай үдеріс болып саналады. ЖОО-ның оқу ерекшелігі сол, студенттер тұтастай білім беру үдерісінің құрамдас

бөліктері болып табылатын сөйлеу қызметінің барлық түрлеріне тартылады. Сонымен бірге болашақ кәсіби қызмет сөйлеу қызметінің барлық түрлерін, әсіресе кәсіби қызметтің коммуникативті түрлерін меңгеруді талап етеді.

Сөйлеу қызметінің барлық түрлерінің әлеуетті мүмкіндіктерін қарастыра отырып солардың көмегімен студенттердің өз мүмкіндіктерін, болашақ кәсіби қызметін табысты жүзеге асыру үшін ЖОО-да оқу жағдайларында тіл мәдениетін дамыту үдерісін қамтамасыз ету жолында күш салу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ксенофонтова А.Н. *Педагогические основы речевой деятельности школьников: монография* – СПб.: СПбГУ, 1999. – 166 с.

2 Васильева А.Н. *Основы культуры речи*. – М.: Рус.яз., 1990. – 247 с.

3 Ксенофонтова А.Н. *Речевая культура – основа речевой деятельности школьников*. – Оренбург: ОГУ, 1999. – 48 с.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассмотрены условия формирования, совершенствования речевой культуры студентов вуза.

(Абиев Б. Речевая культура как одна из составляющих в системе вузовского обучения в условиях внедрения стандартов нового поколения)

SUMMARY

The article deals with the conditions of formation and perfection of the university student's speech culture.

(Abiyev B. Speech culture as one of components in the system of higher educational institution teaching in the conditions of new generation's standards implementation)

UDC 398.2

Z.YILDIRIM

A.Yesevi UTKU Yüksek Lisans Öğrencisi

DEDE KORKUT KİTABI'NDA İSLAMÎ UNSURLAR

Her millet geçmiş değerlerini yansıtan birçok eser ortaya koymuştur. Bu eserlerin bir kısmı kaybolurken bazıları da günümüze kadar gelebilmiştir. Dede Korkut Kitabı da; günümüze ulaşan ve Türk Milleti'nin inancı, örf- adet yaşam şekli gibi folklorik unsurlarını yansıtan önemli kaynaklardan biridir. Şüphe yok ki Dede Korkut Hikayeleri geçmişin en kadim tecrübeleri ile doludur. Bu makalede, Dede Korkut Hikayeleri'nin ana hatları hakkında kısaca bilgi verilerek, bu kadim eserde hikayelere damgasını vurmuş olan islami unsurlar ele alınmıştır.

Anahtar Kelimeler: Dede Korkut, İslami Unsurlar, Dede Korkut Kitabı.

Dede Korkut hikayeleri iki nüshadan oluşmaktadır. Bunlardan biri, Dresten Kral Kütüphanesi'nde bulunan "Kitâb-ı Dedem Korkut Alâ Lisân-ı Tâife-i Oğuzân" isimli nüsha olup, içerisinde giriş ve on iki hikaye bulunmaktadır. Diğer nüsha, Vatikan Kütüphanesi'nde bulunan "Hikâyet-i Oğuznâme-i Kazan Beg ve Gayrı" isimli nüsha olup, içerisinde giriş ve altı hikaye vardır. Dede Korkut Kitabı'nın her iki nüshasında bulunan hikayeler, XV. asrın ikinci yarısında tespit edilip, XVI. asırda yazıya geçirilmiştir. Fakat kimin tarafından yazıldığı hakkında bir bilgi yoktur [1]. Korkut Ata, Dede Korkut ve Dedem Korkut şekilleriyle Oğuzların menkıbevi bilici ozanı, Oğuzhanlarının vezir-müşâviri olup Oğuzların destanî hikayelerini toplayan kitap bu şahsa atfedilerek, Dede Korkut Kitabı diye, adlandırılmıştır [2].

Dede Korkut Kitabı'nın girişinde, Korkut Ata yani, Dede Korkut olarak bahsedilen bu zat Oğuz'un bilicisi, gaybdan haber veren, kavmin müşkilini halleden, her konuda kendisine danışılan ve sözü tutulan üstün bir şahsiyet olarak tanıtılmaktadır.

Dede Korkut Kitabındaki hikayeler mahiyet itibarıyla, Oğuzların inanç, ahlak gibi manevi değerlerle, günlük yaşantılarındaki özellikleri açıkça gösteriyor. Dede Korkut Kitabı'nın en önemli özelliklerinden biri de alpler devri Anadolu'sunun bütün zevk ve ahlak hususiyetlerini en göze çarpar bir şekilde yansıtmasıdır [3].

Dede Korkut mirasının Balkanlardan Altaylara kadar uzanan Türk dünyasında yayılmış olduğunu görüyoruz. 20. yüzyıl sözlü geleneğinde Dede Korkut boylarının en canlı olarak yaşadığı yer Türkmenistan'dır. Yüzyılın ortalarında Ata Rahmanov'un derlediği metinler el yazmaları hâlinde Türkmenistan'ın Kol Yazmaları Enstitüsü'nde saklanmaktadır. Ayrıca Nurmırat Esenmıradov'un derlediği iki metin de vardır. Bu metinler 1980'lerin sonundan itibaren Türkmenistan'da yayımlanmaya başlamıştır. Azerbaycan, Türkmenistan ve Kazakistan'da sözlü gelenekten derlenen bir rivayet isedoğrudan doğruya Dede

Korkut'un kendisiyle ilgilidir. Bu rivayetlere göre Korkut Ata, Azrail'den kaçmak ve ölümden kurtulmak ister; nereye giderse kabrinin kazıldığını görür vesonunda ölür [4].

Dede Korkut Kitabı'nı Türkiye'de ilk olarak 1916'da Kilisli Rifat Arap harfleriyle neşretmiş, daha sonra 1938'de Orhan Şaik Gökay neşretmiştir. Fakat her iki neşir de Dede Korkut Kitabı'nın asıl nüshası değil, o nüshanın bozuk bir kopyasına dayanmaktadır [5].

Dede Korkut Kitabındaki islami unsurlara geçmeden önce Eski Türk Dini ve Türklerin islamiyetten önceki inanışlarını görmenin, konumuzun daha iyi anlaşılması açısından, önemli olduğu kanaatindeyiz.

İslam'ı kabul etmeden önce Türkler, çeşitli din ve kültürlerle çevrili bir bölgede yerleşmişlerdir. Dolayısıyla Türkler'in Buddizm, Zerdüştilik, Hristiyanlık, Maniheizm, Yahudilik gibi dinlerle temasları olmuştur. Türkler bunlardan bazılarını din olarak kabul etmiş olmalarına rağmen, hiçbirini sahip oldukları inanç ve gelenekleriyle bağdaştıramamışlardır [6].

İslam öncesi Türkler, yukarıda belirtilen dinlerden hiçbirine bağlanmadığı halde, hangi dine mensup olduklarını B.Ögel; Türkler'in disiplinli bir hayat ve toplum düzenleri yüzünden Tek Tanrı düşüncesine erişmeleri ile izah ediyor [7].

Oğuz Türkleri'nin İslam'ı kabul etmelerinin de etkisiyle Dede Korkut Hikayelerinin hemen hepsinde dini değerler yer almakta, hikayeler ölümlü dünya vurgusu ile sonlanmaktadır. Dua etme, hayır yapma, rüyalarainanç, Tanrı'ya ve peygambere inanç, savaşöncesiibadet etme, ölümlüdünya Dede Korkut Hikayelerinde yer alan dini değerlerdir. Hikayelerde olayların sonlanması ile birlikte Dede Korkut ortaya çıkmakta ve hayır dua etmektedir. Basat'ın Tepegöz'üÖldürmesi Hikayesinde Dede Korkut;

Ölüm vakti geldiğinde temiz imandan ayırmasın

Günahlarınızı adı güzel Muhammed Mustafa 'ya bağışlasın

diyerek dua etmekte ve toplum için iyi dileklerde bulunmaktadır. Yine Dirse Han OğluBoğaç Han Hikayesindeki:

“Dirse Han, dişi ehlinin sözüylebüyük toy eyledi dilek diledi. Attan aygır, deveden erkek deve, koyundan koç kestirdi...Açgörse doyurdu, çıplakgörse et yığdırdı, gol gibi kıımız sağdırdı. Elkaldırdılar dilek dilediler”

ifadelerinden Dirse Han ve eşinin hayır yaparak bir evlat sahibi olabilmek için hep birlikte dua ettikleri görülmektedir. Dede Korkut Hikayelerinde yer alan anlatımlardan rüyalarınönemli olayları yönettikleri, rüyalara inanarak sorunları çözmeyeçalıştıkları sonucuna ulaşılmaktadır. Kazılık Koca Oğlu Yiğenek Hikayesinde;

“Beyler! Gafillice başım gözüüm uykuda iken düşgördüm.

...

Dayım Emen imiş, onu bildim,

Dondum o ere selam verdim

Oğul Yiğenek, nereye gidiyorsun? diye sordu

Ben söyledim: Duzmurd Kalesi 'ne gidiyorum

Babam orada tutsak imiş dedim

Bu düşü Yiğenek yoldaşlarına anlattı. Meğer dayısı orada, yakında idi. Bütün beylerle yoldaş olup gittiler, Duzmurd Kalesine vardılar... Yiğenek babasıyla görüştü... Babasıyla Yiğenek gizli bir yer bulup sarmaştılar, iki hasret birbirleriyle buluştular”

biçimindeki anlatımla Yiğenek'in gördüğü düş sonucukayıp olan babasını bulduğu sonucuna ulaşılmaktadır. Dede Korkut Hikayelerinde Tanrı ve peygambere olan inançsürekli dile getirilmekte, tüm hikayeler Tanrı'ya olan inancın vurgulanmasıyla sona ermektedir. Kazılık Koca Oğlu Yiğenek Hikayesinde Tanrı'ya olan inançşağıdaki gibi dile getirilmektedir:

*Yücelerdenyücesin,
Kimse bilmez nicesin
Değerli Tanrı!
Sen atadan olmadın
Sen anadan olmadın
Kimsenin rızkını yemedin
Kimseye güç etmedin
Sen her yerde bir teksin
Sen Allah'ım yükseksin.*

Yine hikayelerde Tanrı'ya olan inançla birlikte Peygambere olan inanç anlatılmakta, Usun Koca Oğlu Segrek Hikayesinde aşağıda yer verildiği biçimiyle “Muhammed Mustafa” adı duaların içinde yer almaktadır:

*Önünde sonunda uzun yaşın ucu ölüm,
Ölüm vakti geldiğinde temiz imandan ayırmayın,
Günahınızı Muhammed Mustafa yüzü suyuna bağışlasın,
“Âmin” diyenler Tanrı yüzü görsün!*

Dede Korkut Hikayelerinin tümünde düşmanlarla olan mücadeleler ve savaşlar yer almış, Oğuz Türkleri'nin savaşa gitmeden önce yaptıkları ibadetten söz edilmiştir. Kanlı Koca Oğlu Kanturalı Hikayesinde de Kan Turalı'nın savaşa giderken:

“Ari sudan abdest aldı, ak alınının yere koydu, iki rekat namaz kıldı. Ata bindi, adı güzel Muhammed'e salavat getirdi, kara giysili kafire at saldı, karşı gitti” anlatımı ile yaptığı ibadet anlatılmıştır. Tüm Dede Korkut Hikayelerinde ifade edilmekle birlikte İç Oğuz'a Dış Oğuz'un asiolup Beyrek'in Öldürülmesi Hikayesinde aşağıdaki biçimde ölümlüdünyaya dikkat çekilmiştir:

*Hani, dediğim bey yiğitler,
“Dünya benim!” diyenler?
Ecel aldı, yer gizledi,
Olumlu dünya kime kaldı?
Gelimli, gidimli dünya,
Sonucu olumlu dünya?
Uzun yaşın ucu olum, sonu ayrılık.*

Ölümlüdünya yine Dede Korkut Hikayelerinin tamamında vurgulanmaktadır. Dünyadaki yaşamın gelip geçici olduğu, herkesin sonuçta öleceği belirtilerek

toplumdaki insanlara yaşamlarını buna göredüzenlemeye dair mesajlar verilmektedir. Dede Korkut Hikayelerine göre Tanrı ve peygamber inancı, dua etme ve ölüm düşüncesi, yaşamın her anında kendisini göstermektedir. Hikayelerde yer alan olaylar sonunda Dede Korkut ortaya çıkarak hayır dualar etmekte, Tanrı'nın ve peygamberin varlığı hatırlatılmaktadır. Hikayelerde geçen savaşların sonunda kazanan ve kaybeden olmakla birlikte dünyanın kimseye kalmadığı, günü gelince herkesin öleceği vurgulanmaktadır.

Eski Türk İnancı'nın Şamanlık olduğu kanaati, Orta Asya Türkleri arasında yapılan araştırmalar neticesinde, iyice yerleşmiştir. Altay ve Yakutlar'ın çeşitli dinlerin etkisiyle ortaya çıkan inanç sistemlerine bakarak [8] “Eski Türkler şüphesiz Şamanist idiler [9]” gibi bir ifade bugün artık yapılan araştırmalar neticesinde; “Eski Türkler Şamanist değildiler” şekline dönüşmüştür [10].

Sonuç olarak diyebiliriz ki: Türk hikaye, destan ve roman geleneğinin ilk öğelerinden birisi olan Dede Korkut Kitabı, yazımızın başından beri dile getirdiklerimizden ve incelediğimiz örneklerden de anlaşılacağı gibi islami unsurları barındırmaktadır. Eserde bu unsurlar kendine mahsus bir değerler manzumesi haline gelmiştir.

KAYNAKÇA

1. Ergin, M. Dede Korkut Kitabı, Ankara 1989, s.64-77.
2. Boratov, P. N. Korkut Ata, İslam Ans. 1967, C.VI. s. XC.
3. Köprülü, F. Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar, Ankara 1984, s.253.
4. ERCİLASUN, A. B. Dede Korkut Mirası.
5. Ergin, M. Dede Korkut Kitabı, Ankara 1989, s. XIII.
6. Tümer, G., Küçük, A. Dinler Tarihi, Ankara 1980, s.60.
7. Ögel, B. Türk Kültürü'nün Gelişme Çağları, Ankara 1979, C.II, S.60.
8. Kafesoğlu, İ. Türk Milli Kültürü, Ankara 1977, s. 251.
9. İnan, A. Tarihte ve Bugün Şamanizm, Ankara 1986, s.1; Eski Türk Dini Tarihi, İstanbul 1976, s.2.
10. Kafesoğlu, İ. Türk Milli Kültürü, Ankara 1977,s.253, Eski Türk Dini, Ankara 1980, s.6; Turan, O. Türk Cihan Hakimiyeti Mefkûresi, İstanbul 1986, s. 116; Güngör, H. Süryani Kaynaklarına Göre Türkler'in Menşe'i, Dini İnanç ve Adetleri, Türk Dünyası Araştırmaları, İst. 1986, s. 40-84.

ТҮЙІНДЕМЕ

Әрбір халық өткеннің барлық құндылықтарын бейнелейтін шығармаларды қалдырып жатыр. Бұл шығармалардың жартысы жоқ болып кеткен, бірақ жартысы біздің күндерімізге дейін жетті. Қорқыт атаның шығармалары басқа сақталған түркі халықтың сенімдері сияқты ауыз әдебиетін өмірлік ұстаным ретінде қамтып көрсеткен ең маңызды көздердің бірі болып табылады. Қорқыт атаның шығармалары ең ежелгі өткеннің тәжірибесімен толтырылғанына ешқандай күмән жоқ. Бұл мақалада әйел болмысы элементтеріне қысқаша шолу жасалып, ежелгі шығармалардағы ислам элементтері жайлы сөз қозғалады.

(Иылдырым 3. «Қорқыт Ата кітабындағы» діни нанымдар)

РЕЗЮМЕ

Каждый народ оставляет произведения, отражающие всю ценность прошлого. Половина этих произведений исчезла, но половина всё же дошла до наших дней. Произведения Деде Коркут и сохранившиеся убеждения турецкой нации, которые отражают фольклор как образ жизни, являются одними из важнейших источников. Нет никаких сомнений, что произведения Деде Коркут наполнены самым древним опытом прошлого. В данной статье, давая вкратце обзор на элементы женского бытия, в древних произведениях ставится клеймо на элементы ислама.

(Иылдырым З. Исламская вера в Книге Деде Коркут)

SUMMARY

Every nation has revealed many artifacts reflecting the values of the past. This works for a some disappeared, some of which survived to the present day. The Book of Dede Korkut; and the Turkish nation extant beliefs, customs, folkloric as a way of life is one of the major sources of reflecting elements. No doubt Dede Korkut Stories The most ancient history is replete with experience. In this article, Dede Korkut Tales of the main lines giving brief information about these ancient stories in this book have been marked by Islamic elements that have been discussed. Keywords: Dede Korkut, Islamic Elements, Book of Dede Korkut.

(Yildirim Z. Islamic Belief in The Book of Dede Korkut)

ӨОЖ 070.19503

А.СӘДІБЕКОВ

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

**«PUBLIC RELATIONS»-ДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
НЕГІЗГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ**

Мақалада паблик рилейшнздың қалыптасуы мен даму тарихы туралы айтылады. Америкадан бастау алған PR-дың қазіргі таңдағы қоғамдағы орны мен рөлі. Жұртшылықпен байланыстың негізгі элементтері, технологиялары мен мүмкіндіктері, мемлекеттік билік пен PR-дың өзара байланысы, қоғамда пікір қалаптастырудың ерте дәуірдегі іздері зерделенеді.

«Public relations» және Томас Джефферсон мен Айви Лидің ғылыми тұжырымдары.

Кілт сөздері: public relations, пиар, PR, RACE, research, action, communication, evolution, promotion, publicity, public information, media relation, brainwashing, паблик рилейшнз, функция, маркетинг.

Бүгінгі таңда халыққа, оқырманға «пиар», «пиар жасау» деген сөздер таңсық емес. Бұл ағылшынның «public relations» деген сөзінің қысқарған нұсқасы – «PR», яғни «пиар» деп оқылады. Қазақша баламасы – «жұртшылықпен байланыс», «қоғаммен байланыс».

Қоғамдық ой-пікірге әсер ету ерте дәуірде-ақ пайда болды. XX ғасырда қоғамда қызмет түрлерінің өсуі, ақпарат таратудың техникалық құралдары дамуы, қоғамдық пікірге әсер ету тәсілдерінің өрістеуі PR-дың жеке-дара ғылым ретінде қалыптасуында үлкен рөл атқарды. Қоғамды басқаруда PR элементтерінің қызметі бүкіл адамзат тарихында өмір сүріп келеді және өмір сүре береді. Оның қызметінің түпкі образдарын Ежелгі Греция мен Египетте, Шығыста, Римде және т.б. елдерден кезіктіруге болады. Сондай-ақ біздің ата-бабаларымыздың заманында да бұл сала жұмсақ жасаған. Ерте кезеңдерде «пиаршылардың» міндетін жыраулар, сал-серілер, ақындар жүргізіп келген.

PR (public relations) біріккен сөзі әлемде бірінші рет 1807 жылы пайда болды. Оны тарихқа енгізген АҚШ Президенті Томас Джефферсон болды. Ол бұл ұғымға аталған жылы конгресте әзірлеген жетінші жолдауында түсініктеме берді. Джефферсонның ойы бойынша пиардың негізгі мақсаты – адамдарды дұрыс таңдау жасауға сілтеу болатын. Ал, бұл ұғымның мағынасын және дұрыс қолданысын 1906 жылы Айви Ли «PR ерекшеліктерінің декларациясы» атты еңбегінде ашып жан-жақты мағлұматтар берген.

PR-ды туғызған Америка елінде 1900 жылы Гарвард университетінде

паблисити бюросы жұмыс істей бастады. Ал 1904 жылы Пенсильвания штатында паблиситидің жеке офісі ашылды. Алғашқы PR бюросы 1912 жылы Америкада телефон-телеграф бірлескенде құрылды. 1918 жылы Иллинойс штатында, ал 1922 жылы Нью-Йорк университетінде PR курсы оқу жоспарына енгізілді [1].

1923 жылы Зигмунд Фрейдтің бөлесі Э.Бернаузын «Crystalling Public Opinion» («Жұртшылық пікірін кристаллизациялау») аталатын PR туралы алғашқы кітабы жарық көрді. 1930 жылдың бас кезінің өзінде PR АҚШ-тың ірі компанияларында кеңінен таралып, менеджменттің жеке функциясын анықтады. 200-ге жуық Американың Университеттері колледждері PR үйретумен айналысады. 1948 жылы АҚШ-та PR қоғамы құрылды. 1948 жылы Ұлыбританияда қоғамдық пікір институты (Institute of Public Relations) құрылды. Қазіргі таңда бұл ассоциация түрлі 65 мемлекеттің мамандарын біріктіреді. Ұлыбританияда үлкен рөлде PR-дың ірі ұйымы – орталық ақпарат агенттіктері атқарады [2]. Елімізде де бүгінгі таңда PR мамандарын әзірлейтін оқу орындар бар. Демек, паблик рилейшн мамандарына қоғамда сұраныс бар деген сөз.

PR әлемде жеке қызмет түрінде, сондай-ақ ғылым ретінде XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарынан қалыптаса бастады. Ал, Кеңестік Одақ елдерінде екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында аталмыш саланың жұмысы айқын байқалды. Неміс сарбазының етігі шекарадан аттаған 1941 жылдың 22 маусымынан соғыс қимылдары тоқтаған 1945 жылдың 9 мамырына дейін суық ақпарат таратқан «Совинформбюро» батыстың кәдімгі пиар құрылымдары сияқты жұмыс істеді. Соғыстан кейін КСРО Сыртқы істер министрлігі осы үрдісті жалғастырды деуге болады. Осы кезеңде құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа да ғаламдық және аймақтық мекемелермен жедел хабар алмасу үшін министрліктің баспасөз бөлімінің жұмысы жандандырылды. Сол кездегі сөз саптауға сәйкес социалистік және капиталистік елдердің журналистерімен қоян-қолтық аралас-құраластық орнап, қаламгерлер ел арлаған сапарларға – пресс-турларға жиі шығатын болды.

XX ғасыр ортасынан PR-технологиялар әртүрлі салаларда – саяси компанияларды жүргізуден өз халқының арасында, қала берді халықаралық деңгейде мемлекеттің имиджін қалыптастырып көтеруге дейінгі аралықта қолдана бастады.

Экономиканың жаһандануы жағдайында елдің жағымды имиджін қалыптастыру экономикалық әріптестік пен экономикалық жағдайдың жақсаруына тікелей әсер ете білді. Өйткені мемлекетке және оның агенттіктеріне сенімнің артуына және халықаралық қарыз-несие саласында елеулі жеңілдіктер алуға септігін тигізеді.

Сонымен қатар PR-технологиялар әртүрлі елдермен өз құндылықтар жүйесі мен әлемдік қауымдастықтың саласында ықпалын (мәдени және экономикалық) арттыруда белсенді түрде қолданыла бастады.

PR-кампанияны жүргізудің стратегиясында RACE: R (research) жүйесі қолданылады – міндетті қою және талдау; A (action) – жалпы бағдарламаны және тұжырымдаманы жасау; C (communication) – алға қойылған мақсаттарға жету жолында коммуникативті байланыстар орнату; E (evolution) – кері байланысты қамтамасыз ету, нәтижелерді қорытындылау және түзетулер енгізу.

PR-технологиялардың: (promotion) – үгіт-насихат – талап етілген бағытта қоғамдық пікір қалыптастыру; (publicity) – сәйкес БАҚ-да жағымды ақпараттың пайда болуына жағдай жасау; (public information) – жұртшылыққа хабарландыру; (media relation) – саяси іс-әрекетті ақпараттық сүйемелдеу; (brainwashing) басын айналдыру – әсер етудің қарқынды түрлері; сыбыс тарату.

Ал бұл термин қаншалықты дұрыс қолданылып жүр деген мәселеге келер болсақ, онда көптеген пікір қайшылығына тап боламыз. Мәселен, посткеңестік елдерде PR термині алғашқы түсінігі сайлауды, насихатты еске түсіреді, себебі кеңес өкіметі кезінде коммунистік идеологияның негізгі құралдары ретінде насихат құралдарын, ұрандарды пайдаланған болатын.

БАҚ-тың өкілдері PR-ды жарнаманың бір бөлігі деп қарастырса, кей зерттеушілер бұл ұғымға 600-ден аса анықтама беріп, PR-ды жарнамадан да ауқымы кең деп мәлімдейді. Дегенмен, PR ұғымын әр ел, әр зерттеуші әр басқа қолданса да, мақсаты біреу деп түсіндіреді. PR, ең алдымен, мемлекетті басқарудың тиімді жүзеге асыру институттарының бірі ретінде демократияның дамуына әсер етіп, қоғамды ақпараттандырудың кеңеюіне септігін тигізеді.

PR қызметі тиісті салаға мамандана отырып, тек қана ұйымның немесе қауымдастықтың лоббишесінің, продюсерінің, саясаткерінің, қоғамдық қызметкерлерінің ойдағыдай жұмыс істеуіне жағдай туғызуы тиіс. Сонымен бірге кейбір PR қызметкерлері өзін, өздерінің қызмет етіп отырған саласының тікелей мамандары ретінде де көрсетеді. Әдетте олардың көпшілігі бір мезгілде әрі журналист, әрі редактор, әрі продюсер, әрі менеджер ретінде газет және теледидарда жалпы бұқаралық коммуникация саласында қызмет етеді. Ұйымның алдына қандай мақсат қойылатынына байланысты оның табысқа жетуіне тікелей мұрындық болатын белгілі бір адамдармен, әлеуметтік топтармен байланыс орнату жөніндегі жоспарлары жасалады.

Негізгі мағынасында PR қызметі арқылы сенім мен өзара түсіністік тудырып, билік пен қоғам арасында көпір құруға арналған. PR-қоғам мен билік арасындағы кері байланысты орнату, халықтың сеніміне ену, қоғамдастықты ақпараттандыру құралы болып табылады.

PR-дың жарнамадан ерекшелігі жарнаманың барлық түрі қоғам үшін маңызды бола бермейді. Жарнама тұтынушының тұрмысқа қажетті жеке пайдасы үшін қызмет етуі мүмкін. Ал PR болса, қоғамға тигізетін әсердің алғышарттарын көздейді. Яғни PR-менеджмент басқару функциясы болса, ал жарнама – маркетинг функциясын атқарады. Ал PR-дың үгіт-насихаттардан

басты айырмашылығы ақиқат шындыққа табан тірейтіндігі.

Мақсаты – ортақ көзқарастар мен мүдделерді анықтау және сенімділік қалыптастыруға негізделген өзара түсіністікке қол жеткізу үшін екі жақты қарым-қатынас орнату.

Міндеттері – адамдар арасындағы қарым-қатынас жолдарын жақсарту, екі жақты ақпарат ағымы мен түсіністікті қалыптастыру әдістерін әзірлеу, ұйымның басшылығын қоғамдық пікір турасында ақпаратпен қамтамасыз ету;

- жұртшылықтың мүдделеріне қарай басшылықтың қызметін қамтамасыз ету;

- бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жасау;

- ұйымның имиджін нығайту, т.б.

Паблик рилейшнз өзінің міндетін атқару барысында шын ақпаратқа негізделеді, адамдарға белгілі бір көзқарасты ұстану, қайсыбір пікірлер мен идеяларды қабылдауды ұсынады. Міндетті түрде екі жақты байланыс тетіктерін жолға қоюды ұйғарады. Дамыған елдердің көбісінде Паблик рилейшнз кез келген ұйымның қоршаған әлеуметтік ортасымен қарым-қатынас тетігінің ажырамас бөлігіне айналған.

PR қызметінің негізгі кезеңдеріне тоқталатын болсақ, бұл саладағы жұмыстарды дайындық, негізгі және қорытынды кезең деп үшке бөледі.

1. Дайындық кезең:

- мақсаттарды сараптау және талдау;

- қоғамдық пікірді талдау;

- міндеттерді белгілеу.

Дайындық кезеңде басты кейіпкер болып табылатын жұртшылықпен байланыс жөніндегі маман мен жұмысты тапсырыс берушілері айқындалады. Ең алдымен, жұмыс істеудің мүмкіндігі белгілі болады. Мәселен, демократиялық көзқарастағы адамның тоталитарлық мақсаттар үшін жұмыс істейтіні анық. Сол үшін де бұл сәтте қоғамдық игілік түсінігі абстрактілік ұғымнан нақты ұғымға айналады. Мысалға, жалпы табиғатты қорғау, нақты бір өзенді ластанудан қорғау, мектептегі балалар үшін тегін таңертеңгі ас ұйымдастыру және т.с.с. Сонымен бір мезетте PR жөніндегі науқанды бастаудың шарттары белгілі болады: қоғамдық пікірді талдаудың қорытындысы қоғамның жоспарланған шараларды қабылдауға қаншалықты дайын екендігін көрсетеді. Міндеттерді дұрыс қою PR жұмысының шешуші бөлімі. Ол әрі қандай технологияны (міндеттерді орындаудың әдісі) таңдауды да белгілеп береді.

2. Негізгі кезең:

- PR жөніндегі науқанды жасау және жоспарлау;

- ақпараттық себептерді ойластыру;

- істің табыстылығына тікелей әсері бар адамдармен, топтармен немесе халықтың әлеуметтік топтарымен байланыс орнату;

- жарнама науқанын өткізу;

- қоғаммен байланыс жөніндегі шараларды өткізген кезде PR маманы оның пайымдауынша, адамдарға не керек екенін және сонымен қоса алға қойған мақсаттарды орындауға тиіс кеңестерді ұсынады. Сонымен бір мезетте ол әрі өзінің ұсынысын, яғни түрлі ақпараттық ұсыныстарын адамдардың қалай қабылдайтынын бақылайды. Мұндай жұмыс әрқашан да шығармашылық ізденісті талап етеді. Бұл жерде қоғаммен байланыс жөніндегі маманның білігі көрінеді.

3. Қорытынды кезең:

- жұмыстың нәтижелерін бақылау;

- орнатылған байланыстардың одан әрі даму келешегіне талдау жасау.

Қанша дегенмен қоғамдық игілік – уақытша құбылыс емес, бірақ қоғамға әрқашан да тұрақты түрде тән құбылыс. PR жөніндегі ар-ұяты бар маманның жұмысын бақылау оның іс-әрекетінің ұзақ мерзімдік тиімділігіне байланысты. Егер үміткердің сайлау науқанымен бірге аяқталатын болса, онда мектепте тегін тамақ ұйымдастырудың қажеті не? Мұндай уақытша шара қоғаммен байланыс жөніндегі маманның беделіне нұқсан келтіреді және ақыр аяғында оны жұмыссыз қалдыруы мүмкін. Сондықтан сөз бен істің бірлігін ұзақ мерзім бойынша сақтауды о баста мақсаттарды белгілеу кезеңінен бастап ойлау керек [3].

PR-дың функциялары:

1. Талдамалы болжалдық функциясы – ақпараттық саясаттың стратегиясы мен тактикасын игеруге негізделеді. Нақты болған жағдайдың анализі, қоғамдық пікір бағасы, кесімді шешім қабылдап, алдын сараптап, нәтижелерін дайындау.

2. Техникалық-ұйымдастырушылық функция – PR компаниялардың арнайы кездесуі мен конференция, БАҚ қатысуымен өтетін презентацияларды өткізу және ұйымдастыру шаралары, т.б.

3. Ақпараттық-коммуникативтік функция – насихаттық, жарнамалық жұмыстарды атқару жолында дайындық пен ақпарат тарату функциясы.

4. Консультациялық-әдістік функция – публік рилейшнз компаниясының, түрлі бағдарламалардың байланыс жасау формаларын анықтау, қоғаммен байланысты ұйымдастыру және дамыту жөнінде кеңестер береді [4].

Яғни осы функцияларды іске асыру үшін мынандай шешу жолдарын қарастырамыз.

1. Қазақстанда ақпарат кеңістігінде PR-медиа нарығын құру;

2. Презентация, конференция, дөңгелек үстел, көрмелер, қабылдаулар, ашық есік күндерін өткізу;

3. Консультациялық PR агенттіктер құру (консультант және консалтинг агенттіктер);

4. Кәсіби психолог, журналист, социолог кадрларын PR қызметіне жұмылдыру;

5. Идеология қажеттілігі;

6. Үкіметтік емес ұйымдарды тарту;
7. Волонтерлер дайындау [5].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Бекболатұлы Ж.* Кадр мен Қадір //Айқын. – 16 қыркүйек 2010 жыл.
2. *Кенжеханова А.* ПР және азаматтық сектордың қоғаммен байланысы // Облыстық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Түркістан, 2004.
3. *Панкратова Ф.* Рекламная деятельность. – М.: Маркетинг, 2001.
4. *Тұрғынбаева Д.* ПР және Қазақстандық БАҚ: Ғылыми мақалалар жинағы. – Түркістан, 2007.
5. *Бектұрғанов К.* Зарубежный опыт: СМИ и институт общественного мнения //Саясат. –№7, 2003.
6. *Шыңғысова Н.* Қазақстандағы PR қызметтің даму үрдісі //ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы, 2005. – №1(18).
7. *Исмайылов К.* Тұрғындарға мемлекеттік саясатты түсіндірудегі баспасөз қызметінің рөлі немесе бүгінгі PR технологиялары. Облыстық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Түркістан, 2004.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассмотрены развитие, история формирования, функции и технологии "public relations".

(Садібеков А. История формирования, его основные технологии и функции «Public relations»)

SUMMARY

This article deals with the field of development, history of formation, functions and technology of «public relations».

(Sadibekov A. History of Formation of «Public relations», its main technology and functions)

ӨОЖ 378.070

Т.Ж.МАШАРИПОВА

Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университетінің аға оқытушысы
(Нөкіс, Өзбекстан Республикасы)

ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ӘДІС ТУРАЛЫ

Бұл мақалада бұрын қарастырылмаған, публицистиканың ең күрделі теориялық категорияларының бірі болған мәселе – оның әдісін сәулендіруге әрекет жасалған. Бірнеше деректерді және публицистиканың өзіне тән қасиеттерін талдап үйрену нәтижесінде автор публицистиканың жалпы әдісі маңызды экспрессивтік ақпараттық қоғамдық рефлексия болып табылады деген қорытындыға келеді. Публицистиканың теориялық категориялары білім және қоғамдық жұмыс тарауы сипатында ТМД елдерінде ХХ ғасырдың 20-жылдарынан бастап зерттеліп келеді. Публицистикалық шығармадағы логика жайлы мәселе әрқилы дәрежелерде және әрқилы сипаттарда қаралуы мүмкін. Ең негізгі және ең күрделі дәреже бұл логиканың шығармаға толық еніп кетуі, яғни публицистикалық идеяны журналист тарапынан фактілер және идеяларды таңдап алуда, олардың мағынасын аңғару және авторлық талдауда құру болып табылады. Бүгінгі таңда публицистикалық шығармалар жанрлары, олардың тілі, стилі, басқа да аспектілері белгілі бір дәрежеде айқын жасалған, бірақ публицистиканың жалпы әдісі әліге дейін жоқ. Бұл мақала осы мәселеге арналады.

Кілт сөздері: публицистика, әдіс, жанрлар, тіл, стиль, логика, эмоция, публицистикалық.

Гуманитарлық ілімдердің принципті қиын мәселелерінің бірі алғашқы, тірек түсініктердің дәл сипаттамасы болып табылады. Мұнда біз қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың әрқандай тарауының іргетасы болып қызмет ететін алғашқы, жазушылық анықтамаларды назарда ұстаймыз. Мұндай түсініктердің дәл анықтамаларын келтіру идея, жан, сезім, дін, үгіт-насихат, ұлт және т.б. дегеніміз не деген сұрауларға жауап беруді аңғартады. Журналистика және публицистика теориясында жазушылық деп объект, субъект, принцип, функция, журналистік немесе публицистикалық әдіс, тіл, стиль, жанрлар және т.б. осы сияқты түсініктерді есептеу мүмкін.

Публицистика теориясы АҚШ-қа, Батыс Еуропаға қарағанда ұдайы ТМД елдері ғалымдары тарапынан көбірек зерттелді. Бұл Батыс елдері ғалымдары публицистикаға жеткілікті баға бермейді дегенді білдірмейді. Оларда журналистика теориясына прагматикалық қатынас басым келеді, олар кең объект – ақпараттық коммуникацияны қамтиды. Сондықтан да оларды журналистика теорияшылары деп емес, ақпараттық коммуникация теорияшылары, яғни коммуникативистер деп атайды. Публицистика

теориясы бойынша негізгі авторлардың пікірлерін келтіріп өтеміз. Біз Е.П.Прохоровты публицистика теориясы бойынша ең күшті маманның бірі деп есептейміз. Оның «Публицист және шындық» (1973) атты монографиясы, мұнан соңғы осы тақырып бойынша оншақты еңбектер, соның ішінде ғалымның өзінің бірнеше кітабы жариялануына қарамастан, біздің пікірімізше, осы күнге дейінгі теңдесі жоқ бағалы зерттеу болып қалуда. Тілекке қарсы, автор ең негізгі нәрсені істемеді, қоғамдық жұмыстың осы тарауына арналған «Публицистика көркем өнері» (1984) атты кітабын қоса алғанда «публицистика» түсінігіне дәл анықтама бермеді. Бірақ біз зерттеуші жиі-жиі келтіретұғын және оның докторлық диссертациясының негізгі идеясы болған публицистикаға берген жалпы сипаттамасын еске түсіруіміз мүмкін. Е.П.Прохоров публицистиканы білудің және шығармашылықтың айрықша түрі деп есептейді. Оның бұл жайлы анық пікірлерінің бірін келтіреміз: «Адамзаттың тарихи дамуы барысында публицистика шындықты сәулелендіру, үгіт-насихат, массаның санасын қалыптастыру сияқты шығармашылықтың ерекше түрі сипатында қалыптасты» [1]. Ал енді публицистиканың біртұтас ғылыми концепциясына келетін болсақ, ғалым «категориялардың ізбе-іздігі (*функция – предмет – метод – содержание – форма*)» жөнінде жазады. Г.С.Мельник және М.Н.Кимнің оқу құралы журналист алдына қойылған шығармашылық міндеттерінің толықтығын әрі дұрыс шешімін қамтамасыз ететін әдістер және журналист жұмысы қазіргі заман технологиясына арналған [2].

Жоғарыда келтірілген, ертеректе басылып шыққан, бірақ сонан бері публицистика теориясы бойынша айтарлықтай еңбек жарияланбағандықтан, онымен шектелуімізге тура келеді. Публицистика жайлы негізінен екі пікір бар: 1) бұл шығармашылықтың айрықша түрі; 2) бұл мазмұны және формасы ерекше болған әдеби және журналистік шығармалар. Біз осы екі анықтама арасында принципалды сәйкес келмеушілікті көріп тұрған жоқпыз және публицистика бұл ынта, қызығушылықпен талдап шығылған және көтеріңкі рухта, өзіне тән өзгеше тіл және стильде жазылған шығармаларда өз сәулеленуін табатын шығармашылықтың айрықша түрі деп есептейміз.

Біз логика және сезімдер публицистикалық шығарманың өзгешелігін құрайды деп есептейміз. Бұл мәселені қарап шығамыз. Логика дұрыс пікір жүргізу формалары нақындағы ілім екені мәлім. Публицистикада логика керек пе? Әлбетте керек. Онда аудитория үшін жаңалық бар болған (бұл журналистиканың заңы) көпшілікке арнап басып шығарылған шығарма іс жүзінде, оның жәрдемінде ақпараттық аудитория осы жаңалықты білетін ашық білу әдісі болып табылады. Сондықтан да публицистикалық шығарма білу логикасын, сондай-ақ зерттеу логикасын өз ішіне алады. Білу бәрінен бұрын логика, логикалық пікір жүргізу, ой-пікірдің ізбе-ізділігі болып табылады. Мұнан тыс публицистика ашық-айдын білім, яғни көпшілікке арналған білім есептеліп, онда егер осылай айту мүмкін болса, публицист тарапынан оңайластырылған, кең бұқара үшін түсінікті логика әрекет етеді.

Логика формалды, диалектикалық және математикалық болып бөлінетіні мәлім. Публицистикалық шығармада бірінші және екіншісінің әрқилы түрлері; публицист тарапынан таңдап алынған идея логикасы; ол қарап шығып отырған оқиға барысының логикасы; ол келтірген және суреттелген фактілер логикасы; кіріспе, негізгі бөлім және қорытындылау жәрдемінде суреттеліп отырған оқиғаны ізбе-із баяндау сипатында баяндау логикасы және т.б. кездеседі. Тіпті сезімдер логикасы деген түсінікте бар.

Сезім қарапайым акт болып, ол қандай да бір нәрсеге адамның субъективті жауап әрекетін көрсетеді. Олар, оның анық рухани жағдайы қандай болуына қарамастан адамда барлық уақытта және барлық жерде болады. Бір жағдайларда сезімдер көбірек, ал екінші бір жағдайларда азырақ болуы мүмкін. Бірақ олар адамда тұрақты болады. Сезімдер арқылы қандай да бір себеп бойынша адамның көңіл көріністері көрінеді. Адамда бір уақыттың өзінде көптеген сезімдер болуы мүмкін. Адам үшін ол мағынасын аңғаруға әрекет етіп жатқан және оның себебінен сезімдерге беріліп жатқан оқиғаның маңызы қаншалық жоғары болса, оның сезімдері де соншалық күшті болады.

Публицистикада сезімдердің өзіне тарту әсерлілігі сияқты маңызды ерекшеліктеріне назар аудару керек, логикада мұндай болмайды. Тіпті, оқушыларға, сезімдерден әсерлену тек публицистен ғана емес, ол бір-бірінен де өтеді. Бұл телекөрсетуді бірге көргенде, радиоесіттіруді бірге тыңдағанда, немесе баспасөзде жарияланған материалдан алған әсерлерін айтқанда жүз беруі мүмкін.

Сезімдер логиканың алдында сөзсіз басымдылыққа ие болады. Ол үшін білімді болу, талқыланып жатқан тақырып бойынша хабардарлық, логикалық пікір жүргізу ұқыбы шарт емес. Бұл білім дәрежесі жоғары емес, орташа пікірлейтін аудитория үшін маңызды болады. Сезімдер, тіпті, бүкіл логикаға ие болмаған балаларда да болады. Сезімдер үстінде ойланып отырудың қажеті жоқ, ол ақпараттық әсерге ие, ал логиканы әрбір адам өз санасында жеке түрде қалыптастырады. Сезімдер аса тез тарайды, олар көпшілікті кең және жылдам иеленіп алады. Әлбетте, сезімдер де логикаға ұқсап әрқилы дәрежелерге ие болады. Публицистің сезімін және ол пайдаланатын сезімдерге әсер әдісін айыра білу керек. Публицистің сезімі шығарманың терең сипаты, логикадай квинтэссенциясы. Бірақ бұл бүтіндей басқа түрдегі негіз, бұл оның сенімі, салтанаты, көңілі толмаушылығы, кектенуі, ызалануы. Публицистің сезімдерге берілуі – бұл ол шығарма жазып жатқандағы жігер, психологиялық көтеріңкілік, көңіл күйлері, ішкі бұлқыныстар, әділдікті іздеу және автордың оны қайта тіктеуге ұмтылуы.

Журналистика жанрларына келетін болсақ, егер айырым мәлімдемелік жанрларда (хабар, есеп) сезімдерге қарағанда логика көп болса, ал көркем публицистикалық жанрларда (очерк, фельетон) логика терең қабаттарда қалып кетіп, сезімдер алдыңғы орынға шығады және қауым мен аудитория оны түсінеді.

Жоғарыда баяндалғандардан публицистика теориясының біртұтас концепциясы жетекші (негізгі) теориялық категориялардың тізбегінен тұратыны және жоғары дәрежедегі ғылымның құрылымдық негізі болып табылатыны нақынды қорытынды шығаруға болады.

Зерттеушілер публицистика теориясының әрқилы концепцияларын келтіреді. Теориялық категорияларды ұсынған мамандар жайлы сөз етеміз. Е.П.Прохоровтың концепциясын біз жоғарыда келтірдік, бұл – *функциялар – предмет – мазмұн – форма*. В.В.Ученова *мазмұн-мәнісін – принциптер – функциялар – нәтижелілікті* ұсынады. А.Ф.Бережной *принциптерді – функцияларды – міндеттерді – предметті – әдісті – мазмұнды* келтіреді. В.И.Здороваға концепцияға *функциялар – предмет – мазмұн – форма – әдіс* кіреді деп есептейді. М.С.Черепанов *предмет – функциялар – мазмұн – форма – әдістерді* атап көрсетеді. Мұнан басқа да осындай, бірақ онша көлемді болмаған тізімдерді келтіруге болады [3; 4; 5].

Біз публицистиканың жетекші (негізгі) теориялық категорияларына төмендегілерді: *мазмұн-мәнісін – объектіні – субъектіні – предметті – әдісті – функцияларды – принциптерді – мазмұнды – форманы*, барлығы болып 9 категорияны ұсынамыз.

Әрбір категорияны талдап шығу және сипаттау қазір біздің міндетімізге кірмейді. Жоғарыда атап көрсетілген категориялардың қатарынан публицистиканың жалпы әдісін зерттеу мамандардың назарынан шетте қалғанын айтуымыз керек. Мұнда қолданбалық, шығармашылық мәнісіндегі әдістер емес (олар біршама қарастырылған), ал публицистиканың жалпы әдістері жайлы сөз болуда. Бұл проблеманың бүгінге дейін әлі толық зерттелмегендігі көзге айқын көрінеді.

Егер біз публицистикалық шығармалардың формасының мәселелері, мәселен жанрлары, тілі, стилі кеңірек зерттелген десек, қателеспейміз. Публицистиканың мазмұны, объекті, предметі де белгілі дәрежеде салыстырма біршама жақсы зерттелген. Ал принциптері және функцияларын қарап шығу біраз төмен дәрежеде.

Публицистиканың жалпы әдісі өзінің өзгешеліктерін пайдалану жолымен публицистиканың ішкі өзін-өзі әрекетке келтіруі арқылы өзінің мақсатын іске асыру жолы есептеледі. Жалпы әдіс публицистикаға байланысты емес объективті категория болып табылады. Публицистика тек өзінің өзгешеліктерімен байланысты заңдар бойынша әрекет етеді. Осы заңдар нәтижесінде публицистика өз келбетіне, бұл арқылы оны қауым, аудитория білетін өз өзгешеліктеріне ие болады.

Публицистика әдісі, тек оның бір өзгешелігі (дұрыс, негізгі өзгешелігі) сипатында оның барынша ішкі әрекеті көзқарасынан публицистиканың өзіне тән болады. Әдіс публицистикаға кесімі бойынша, «алынған түрінде» тең болады. Бірақ әрекеттің жалғасы іспеттес, түсініктің хронологиялық ямаса басқа да материалдық жалғасы сипатында емес, ол өз мазмұнының (және өз ерекшелігінің) ішкі әрекетінің бір сәтке ғана тоқтап қалған кесімі сипатында болады.

Әдіс – бұл ішкі мазмұндық, субстанционалдық құбылыс, ол әлеуетті

кинетикалық формадағы статика болып табылады. Басқаша айтқанда, бір сәтте тоқтап қалған, бір минутқа тоқтатылған, қатып қалған (оны теориялық бақылау және көз алдына келтіру мүмкін болуы үшін) әрекет (динамика). Бұл публицистиканың мысалы суретке алынған, оның ең әмбебап өзгешелігі көзқарасынан көлемі және формасы бойынша барған шектегі ішкі әрекеті.

Жалпы әдістің ең кем дегенде жеті ерекше белгісі бар. Біріншіден, әдіс – публицистиканың ішкі сипаты. Екіншіден, жалпы әдіс бөлшектелген, көп санды емес, ол бірден бір түсінік. Үшіншіден, өзінің көлемі бойынша жалпы әдіс жаһандық және публицистиканың өзіне тең, бірақ тек бір нәрседе, барынша ішкі әрекеті көзқарасынан тең болады. Төртіншіден, бұл оны ашу, яғни өзіне тән өзгешелігін пайдалану жолымен өзінің мазмұн-мәнісін көрсету мақсаттарында публицистиканың өзін әрекетке келтіруі. Бесіншіден, жалпы әдіс – бұл басқа ешнәрсеге емес, ал публицистиканың тек өз өзгешелігіне ғана байланысты болған объективті категория. Алтыншыдан, әдіс – бұл жол, яғни әрекет. Бірақ, бұл әрекетті ең болмағанда бір сәтке тоқтатқан жағдайда ғана, теориялық жақтан әдісті қамтып алу, түсіну, аңғару мүмкін болады. Іс жүзінде мұндай әрекет ешқашан тоқтамайды және егер біз оны тоқтататын болсақ, тек ой-пікірімізде, публицистика әдісі жөнінде ғылымға айқындық кіргізу үшін тоқтатамыз. Жетіншіден, публицистика әдісі сәулелендіруді – публицистиканың өзін-өзі, ішкі сәулелендіруі сипатында назарда болады.

Публицистика әдісін көптеген зерттеушілердің іздегені мәлім, олардың бірқатарын біз жоғарыда келтірдік. Бірақ публицистиканың жалпы әдісі әліге дейін табылмады. Бізден алдынғылардың негізгі қатесі сонда, олар жалпы әдістің өзін емес, әдістің көп санды және көп дәрежелі дара көріністерін зерттеп үйренді. Публицистиканың жалпы әдісін зерттестіру міндеті ғылымда тиісті жолға түспеді. В.И.Здоровега мұны табу мүмкін емес деген еді [5].

Публицистиканың жалпы әдісін қалыптастырудан бұрын біз соңғы мәселеге өтеміз. Әдіс зерттеліп жатқан құбылыстың, объектінің өзінің мазмұнының және формасының өзгешеліктеріне, яғни публицистиканың өзіне байланысты болады. Публицистиканың ажыратылып тұратын өзгешеліктері жөніндегі біздің бақылауларымызды жалпыластырамыз.

Публицистикалық шығарманың өзіне тән ерекшелігі хақында жоғарыда біраз сөз етілді. Енді келтірілген пікірлерді жалпыластырамыз. Неліктен публицистикалық шығарма, публицистикалық емес шығармаға қарағанда назарымызды көбірек тартады? Өйткені ол өзіне тән біршама өзгешеліктерге ие болады, олардың арасында негізгілері төмендегілер болып табылады:

- 1) баршаға қызықты болған қоғамдық маңызды мәселелерді көтереді;
- 2) көп нұсқада басып шығарылады;
- 3) кескін, жігерлі сезімдерге бай формаға ие болады;
- 4) оның стилі ресми, жұмыс жайында – кеңсе жұмыстарындағыдай баяндаудан жырақ болады, бұл білімі және ой-пікір жүргізуі орта дәрежедегі аудитория үшін аса маңызды болып табылады;

5) көпшілікті құрайтын аудитория логикаға қарағанда көбірек сезімдерге беріледі, сондай-ақ, сезімдер әсершіл, ал логика мұндай болмайды;

б) публицистикалық шығармада ұдайы тұрмысқа және үлкен аудиторияның рухына жақын шындықтың анық фактілеріне талдау жасалады және баға беріледі және т.б.

Жоғарыдағы баяндалғандардан, соның ішінде публицистиканың өзгешелігінен және ғылымның жалпы әдісінен келіп шығып, біздер публицистиканың жалпы әдісі маңызды, экспрессивтік, ақпараттық, қоғамдық рефлексия болып табылады деген болжам айтамыз. Пікіріміздің толық айқын болуы үшін осы сөздердің кейбіреулерінің мағынасын кеңірек ашып көрсетеміз. Экспрессивтік дегеніміз сезімталдықты, сезімдерді аңғартады. Ақпараттық – баспасөз, радио, теледидар және интернеттің көп нұсқалылығын сәулелендіреді. Қоғамдық дегеніміз публицистикалық шығарманың әлеуметтік бағдарланғанын және характерін көрсетеді. Рефлексия – бұл публицистикалық шығармада адамдардың кең ауқымының еңбегін және тұрмысын, ой-пікірін және тілек-мүдделерін сәулелендіруді білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Прохоров Е.П. Публицист и действительность. – М.: Изд-во МГУ, 1973. – 317 с.
2. Мельник Г.С., Ким М.Н. Методы журналистики: учебное пособие. – СПб: Изд-во Михайлова В.А., 2008. – 271 с.
3. Колосов Г.В., Худякова Э.А. Журналистский творческий процесс (Предварительное накопление материала). – Воронеж: Изд-во Воронежского университета, 1984. – 148 с.
4. Горохов В.М. Слагаемые мастерства. Особенности журналистского творчества. – Москва: Мысль, 1982. – 160 с.
5. Здорова В.И. Слово тоже есть дело. Некоторые вопросы теории публицистики. – Москва: Мысль, 1980. – 174 с.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена ранее не исследованному и сложному вопросу теории публицистики – ее общему методу. Исходя из специфики публицистики и общего метода науки, автор выдвигает гипотезу о том, что общим методом публицистики является актуальная экспрессивная массовая общественная рефлексия.

(Машарипова Т.Ж. О публицистическом методе)

SUMMARY

This article is devoted earlier to not studied and difficult question of the theory of journalism – to its general method. Proceeding from specifics of journalism and the general method of science, the author makes a hypothesis that the general method of journalism is the actual expressional mass public reflection.

(Masharipova T.Zh. About a journalism method)

ӨОЖ 070.4

А.К.СӘДІБЕКОВ

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

**ТҮРКИЯ БАСПАСӨЗІНДЕГІ «МИЗАНПАЖ»
немесе түрікше бет әрлеу тәжірибесі**

Елімізде газет бетін көркемдеу ісі зор жетістіктерге ие деп толық айта алмаймыз. Біздің мерзімді баспасөздеріміздің дизайны көп ізденуді қажет етеді. Беттердің әрлі болуы оның сұранысына оң әсер беретіні белгілі болып отыр. Осы тақырып төңірегінде Түркия баспасөзінің бет әрлеу ісіндегі тәжірибесімен танысуды жөн көрдік. Қазіргі таңда түрік баспагерлері мен бет безендіру ісінің мамандары баспа өнімдерін беттеп, көркемдеу ісін "мизанпаж" дейді. Мақалада Түркия газет журналдарындағы бет көркемдеудің әдіс-тәсілдері, ережелері мен стандарттары сөз болады.

Кілт сөздері: графика, компьютерлік технология, мизанпаж, колонтитул, модуляр, контраст, шапка, макет, фон, фотосурет, иллюстрация.

Графика, компьютерлік технология дамыған сайын оның мүмкіндіктері де ұлғайып болып келе жатыр. Бұрын газет-журнал жалпы баспа өнімдері көбінесе мазмұнына қарай сұранысқа ие болушы еді. Ал, бүгінгі таңда бұл көзқарастың орнын мазмұнмен бірге, оның безендірілуіне да мән беру керек екендігі белгілі. Зерттеушілер де бет безендірілуінің газет сатудағы ең маңызды фактор екендігін жиі жазып жүр.

Қазіргі таңда түрік баспагерлері мен бет безендіру ісінің мамандары баспа өнімдерін беттеп, көркемдеу ісін "мизанпаж" дейді. "Мизанпаж" – француздың «la mise en page» сөзінен енген. Мағынасы «бет баптаулары» немесе «ораналасуы» болып табылады [1].

Түрік баспа ісінде француз тілінен енген кірме сөздердің болуы кездейсоқтық емес. XVIII ғасырдың соңына таман Түркияның Стамбул қаласында француз елшісі С.Вернинак "Gazette Frangaise de Constantinople" деген атпен бюллетень шығарған. Нағыз түрік тіліндегі тұңғыш газет Осман империясының падишағы Сұлтан Махмудтың қолдауымен 1831 жылдың 11 қарашасында шықты. Газет "Takvim-i Vekayi" деп аталды, бұл газетті ұйымдастырған француздық Александр Блак болатын [2].

Жалпы Түркияда бет безендіру «типо» және «офсет» деген екі кезеңге бөліп қарастырылады. Түркия журналистика және газет жариялау саласымен Еуропадан кейінірек танысқан. Соған қарамастан безендіру ісі өте жақсы дамыған. Осман империясының соңғы жылдары және Республика кезеңінің алғашқы жылдарында болып өткен қиыншылықтар, көтерілістер журналистика саласының дамуын тағы да кешіктірді. 1970-жылдарға дейін Түркия дәстүрлі бет безендіруін қолданып келді, одан кейін «офсет» баспа

жүйесін қолдана бастады. Алғашқы түрік газеттерінде де батыс газеттеріндегі сияқты материалдар өте аз болған. Көбінесе көлдей мәтіндерден тұратын материалдар берілетін еді. Офсет баспа жүйесіне өткеннен кейін, Түркияда кейбір газеттер модуляр бет безендіруін, кейбіреулері этнографиялық бет безендіруін қолданып көрді. Осы бет безендіруімен бір қатарда түріктерге тән (витриналық) бет безендіруі пайда болған. Түркияда алғаш жарияланған газет, екі бағанада, таблоид өлшемде берілген "Таквим-и Векаи" (Takvim-i Vekaı) газеті болып табылады. Газеттің алғашқы саны 40x27 см өлшемде, екі бағанада берілген ақпараттық мәтіннен тұратын еді. Сондай-ақ, екі парақтан тұратын (ішкі жағына мәтін жазылған, сырт жағы бос) қосымшасы да болған. Газеттің алғашқы басылымында бүкіл колонтитулдар (бас тақырыптар) үлкен харіппен берілген еді. Алғаш рет шыққан жекеменшік газет "Жериде-и Хавадис" (Ceride-i Havadis (1840 ж.) газеті болды. Батыстың газеттеріне ұқсатып өрнекті тақырыптармен берілген бірақ, "Таквим-и Векаи" сияқты екі бағанаға бөлінген. "Рузнаме-и Жериде-и Хавадис" (Ruzname-i Ceride-i Havadis) газеті 1847 жылы ақпараттардың артуына байланысты газеттегі бағана санын екіден үшке көбейтті. Сондай-ақ, ол хабарландыру (өлім туралы) берген алғашқы газет болып есептеледі. 1865 жылы жариялануды бастаған "Айине-и Ватан" (Ayine-i Vatan) газеті Түркияда алғаш рет сурет басып шығарған газет болып саналады. Баспада әр түрлі жаңалықтар іздеудің арқасында жергілікті "Коня" (Konya (1869) газеті бес бағанада мәтін берді және әр түрлі өлшемдерде бет безендірулерін жасады. Түрік газет басылымында алғаш рет алты бағанада мәтін хабарламаларын берген "Икдам" (İkdam (1889) газетін де атап өтуге болады. Осы жылдарда жариялана бастаған "Ханымлара Махсус Газете" (Hanımlara Mahsus Gazete (1895) және "Ресимли Газете" (Resimli Gazete (1899) көп мөлшерде суреттер қолданған газеттер болды. 1900 жылдардағы газеттерді қарап шыққан кезде, айдарсыз мәтіндердің азая бастағанын, ақпараттардың топтастырылып берілгенін түрік баспасөзінің безендіруін зерттеуші ғалымдары жазды. 1900 жылдары газет беттерінде қолмен салынған суреттердің орнына фотосуреттер қолданыла бастаған. XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында Түркияда журналистика техникасы әлдеқайда дамыған, таралымы да артқан. Сондай-ақ, осы кезеңде газеттердің витриналық беттерінде колонтитулдардың да артқанын көруге болады [3].

Міне бұл Түркиялық баспасөз беттеуінің даму тарихында жүріп өткен жолдары болатын. Бүгінгі Түркияда газет-журнал беттерінің безендірілуінде дизайн мен журналистика принциптері бір-бірімен байланысып, тепе-тең қолданылса, беттің дизайны (әрленімі) дұрыс болады деп есептейді. Журналистиканың міндеті, ақпаратты жақсы беру және бет безендіруін кемшіліксіз ету. Яғни, безендіру кезінде ақпаратты екінші кезеңге ысырып тастамауы керек. Бет жасауда бірнеше факторлар назарда болады.

Қарапайымдылық: 1 – қарапайым және жеңіл болуы. 2 – бетті жалпы бір бүтін деп қарау. 3 – көркемеу элементтерін оңды-солды қолдану оқырманды

шатастырады және мәтіннен алатын әсерін азайтады. 4 – офсет – аппак болу деген мағынаны білдіреді. *Контраст (қарама-қарсылық)*: 1 – жақсы бет безендіру, 2 – контрасты жақсы пайдалану. 3 – бір бетте бір немесе екі күшті факторлар болуы керек (колонтитул және фотосурет). 4 – ақ түсті мәтінге қара фон қолдану. *Тепе-теңдік*: 1 – қарапайымдылық пен контрасттан басқа, тепе-теңдік те өте маңызды рөл атқарады. 2 – беттегі тепе-теңдік. 3 – ассиметриялық бет безендіру жақсырақ нәтиже береді.

"Мизанпажда" мәтінді дұрыс реттеу ең маңызды болып табылады. Кез келген бет әрлеуші мәтіндерді орналастырып жатқанда мәтін пішіндерінің төрт негізгі жолының бірін таңдауы тиіс. Олар: сол жақтан блок қою, оң жақтан блок қою, ортадан және екі жақтан блок қою болып табылады. Сол жақтан блок қою ең көп қолданылатын тәсіл.

Сондай-ақ, иллюстрацияларды да дұрыс қолдану үлкен мәнге ие. Фотосурет қолданып жатқан кезде төменде берілген сұрақтар мен ережелер әрдайым мизанпажшының санасында сайрап тұруы қажет. Сонымен олар:

- ✓ Фотосуреттегі қандай элемент ақпаратты толық ашып бере алады?
- ✓ Қайсы бір элементтер қажет емес?
- ✓ Ең драмалық және қызықты көрініс қалай табылады?
- ✓ Ең ашық және анық фотосуретпен ең жақсы контрастты қалай сақтап қалуға болады?
- ✓ Газет-журнал бетіне қойылатын фотосурет ақпараттық мәтінді қайталамауы керек.
- ✓ Көбінесе үлкен және жалғыз сурет ақпаратты жақсы суреттейді.
- ✓ Беттегі артық элементтер оқырманды шатастырады.
- ✓ Маңызды факторлар газет бетінің ортасында болуы керек.
- ✓ Ең басты ережелердің бірі, суретпен ақпараттың біртұтастығы.
- ✓ Тақырып пен мәтін кей кездерде суреттің ішіне қойылады. Бірақ мұндай кезде негізгі фон ашық түсте болуы керек.
- ✓ Бет безендіруші хатшы фотосуретті орналастыруда маман болуы керек.

Түрік баспасөзінің көркемделуінде бірінші бет маңызды саналады. Сол себепті де бірінші бетті газеттің витринасы деп таниды. Сондықтан да бірінші бетте мына факторларға назар аударылуын мұрат етеді: 1. Газеттің шапкасы ең маңызды фактор. Шапка – оқырмандарға түсінікті болуы керек. Газет атынан да үлкен тақырып болса, шатастырады. 2. Шапка жанынан бос жер тастау оны айқындайды және есімнің алға қарай шығуын қамтамасыз етеді. 3. Шапка үстінде хабар немесе маңызды ақпараттарды сипаттау үлгілері болуы мүмкін. 4. Бірінші бет, оқырманға газеттің ішкі мазмұны туралы мәлімет беруі керек.

Газет макетімен жұмыс жасау маңызды саналады. Заманауи газет бетінің редакторы, макетсіз жұмыс істемейді. Егер жақсы әрленген газет бетіне қол жеткізгісі келсе, міндетті түрде алдымен жоспарлау қағазына жобасы жасалып алынуы керек. Осылайша газет бетінің оқырманның назарын тарта

алатын, оқуға ыңғайлы болуын қамтамасыз етуге болады.

Бетті безендіру газеттердің маңызына қарай да әртүрлі болады. Газеттердің немесе журналдардың бет безендірулері алғашқы бетінен соңғы бетіне дейін белгілі ерекшеліктер көрсетеді. Бүгінгі таңда түркия газет беттерінде, оқырман қауымның ерекшеліктерін назарға ала отырып тақырып беріліп, суреттер қойылуда. Сондықтан да әсіресе газет беттерінің бойында түрлі ерекшеліктер болуы керек.

Төмендегідей: 1. көнделең бет безендіруі: түрік жерінде 1960 жылдардан бұрын қолданылған бет безендіру түрі болып табылады. 2. Тік беттеу. 3. Симметриялық бет безендіру. 4. Витриналық бет безендіру. 5. Ақпаратқа сай бет безендіруі [4].

Алғаш шыққан түрік мерзімді басылымдарының дизайны бүгінгі газет безендіру әдістерінен мүлдем басқаша болғаны белгілі. Бұл өзгерістер техникалық мүмкіндіктердің дамуымен параллель түрде дамып отырған. Типо (*линотипиялық бедерлі немесе ұңғыл*) кезінде айтарлықтай өзгерістер болмаған. Тігінен және бағана түріндегі типо бет безендіруіне статикалық немесе классикалық (дәстүрлі) бет безендіруі деп айтылады. Офсетпен бірге пайда болған жаңа технологиялық мүмкіншіліктер Түркияда мизанпаж деген ұғымға басқаша көзқарас тудырды. Заманауи бет безендіру модуляр, бульвар типі және этнографиялық болып үш топқа бөлінетін болған.

Классикалық (дәстүрлі) бет безендірілуі: XV ғасырдан XX ғасырдың екінші жартысына дейін газет баспасында қолданылған технологияның типо баспа әдісі қолданылған. Көруге қатысты материалдардың өте аз қолданылған кезеңі. XIX ғасырға дейін фотосурет және көруге қатысты материалдарды қолданудың мүмкіншілігі болмаған. Бет безендіру жазуларды бағаналарға қоюдан ғана тұратын еді. Колонтитулдар бағана кеңдігіне және кіші харіппен жазылатын. Бірнеше ғасыр бойы қолданылып келген тігінен қолданылатын бет безендіруі дәстүрлі немесе статикалық безендіруі деп аталған. Бүгінгі таңда әлемнің маңызды газеттерінің бірі болып саналатын америкалық, ағылшын және неміс газеттері дәстүрлі бет безендіруді қолданған.

Заманауи бет безендіруі: Баспа жүйесінде пайда болған оң өзгерістердің себепшісі офсет жүйесінің пайда болуынан басталады. Офсет жүйесі 1900-жылдарда табылғанымен XX ғасырдың екінші жартысында ғана қолданыла бастады. Ротатив офсет баспаларын газет жариясында қолданылуымен бірге көптеген жаңа безендіруді жарату мүмкіндігі туды. Офсеттің көмегімен жасалған техникалық безендірулер қысқа уақытта газет бетінің безендіруінде жаңа әдістер тудырды. Заманауи бет безендіруіндегі алғашқы өзгерістер танымал газеттерде және аймақтық газеттер арасында пайда болған. Бульвар газеттері, әдемі, түрлі-түсті, үлкен колонтитулдарды және мәтінді аз қолданған, фотосуретті көбірек қолданатын бет безендіруіне негізделген. Маңызды газеттер болса, фотосуреттерге қарағанда көбірек жазуға негізделген.

Модуляр бет безендіру: Батыс Еуропа және АҚШ-та маңызды газеттердің көбі өздері ұнатқан және ең көп қолданылатын бет баптауы, модуляр бет безендіруі болып есептеледі. Модуляр бет безендірілуі ақпарат немесе ақпарат тобының газет бетіне торлар және төртбұрыштар түрінде орналасуын негізге алады. Бет безендіруі аралас емес, рет-ретімен берілген бет безендендіруінде тырнақты, эстетикалық колонтитулдар қолданылады, күнделікті жаңа хабарларды газет бетінің негізгі құрылымын өзгертпестен орналастыруға негізделеді. Модуляр бет безендіруінде түстер белгілі бір мөлшерде ғана қолданылады, сызықшалар, рамкалар безендіру элементі болып табылады. Мүмкіндігінше жай, қарапайым беттеледі. Негізгі мақсаты, оқырманның қай ақпараттың қай жерден басталып, қай жерде аяқталатынын және фотосуреттің, қай колонтитулдың, қай ақпаратқа тиісті екендігін қиналмастан түсіне алуына мүмкіндік жасау.

Бульвар типі бет баптауы: Бульвар типті бет безендіру офсеттен бұрынғы кезеңдерге барып тақалады. Бұл газеттер мазмұны, көлемі және бет безендіруінің өзіндік ерекшеліктерімен де маңызды. Бульвар типі бет безендіруінде көбінесе түзу шойындар қолданылған. Колонтитулдар өте үлкен харіптермен жазылады. Көп мөлшерде және үлкен өлшемде фотосуреттер қолданылады. Фотосуреттер жақыннан түсірілгені ләзім. Сызық және рамкалар бет безендіруінің негізін құрайды. Өрнекті, түрлі-түсті, жуан сызық және рамка көп қолданылады. Мәтін аз қолданылады. Газет беттерінде мүмкіндігінше ақ түсті алаң қалдырылмайды, көптеген мәтіндердің астына да түрлі-түсті фон береді. Колонтитулдарда, мәтіндерде, сызық пен рамкаларда, ақпараттардың астынан да түрлі-түсті фон беріледі. Көбінесе қанық түстерден пайдаланылады.

Этнографик бет баптауы: 1960 жылдардан кейін теледидардың көбеюінің салдарынан адамдар газет-журналды оқудың орнына көбірек теледидар тамашалауды, ақпараттарды газеттерден емес теледидар экрандарынан алуды таңдады. Бұл жағдай тек түрік газетшілерін емес әлем жорналшыларының басын ауыртқан мәселе болатын. Теледидар журналистиканың көптеген саласына да ықпал етті. Газеттер жылдам ақпарат беру жарысынан шығып қалды. Газет өндірушілер енді көлемді және толық мәлімет берудің қажет емес екендігін түсінді, осыдан кейін бет безендіруі туралы пікірлер туа бастаған. Бұл ұғымға этнографиялық (инфографика) ұғымы деп те айтуға болады. Этнографиялық бет безендіруінде теледидардағы секілді қысқа және жеңіл ақпараттар беру негізге алынады. Ақпараттарды беруде мәтіннен көбірек әр түрлі иллюстрацияларды қолдану маңызды болып саналады. Теледидар экранына ұқсас беттерді жасайды. Әсіресе алғашқы беттерінде қанық түспен берілген фонның үстіне ашық түсті жазуларды қолданады.

Витриналық бет баптауы: Жаңа технологияның арқасында пайда болған мүмкіншіліктер белгілі бір ережеге қатып қалмай "мизанпаж" деп аталатын жүйе бойынша күнде жаңа газет-журнал беттерін жасап көруде.

Нәтижесінде Түркияға ғана тән безендіру үлгісі пайда болған. Бұл ұғым Еуропадағы бульвар газеттеріне ұқсас болып келеді. Үлкен және көп мөлшерде фотосуреттер, жуан және ірі харіпті колонтитулдар, өрнекті сызықтар мен рамкалар, түрлі-түсті фон қолданумен бірге ақпараттарды топтастырмауға әрекет ету сияқты ерекшеліктер Түркияға тән бола бастаған. Бұл бет безендіруде мәтінге байланысы жоқ фотосуреттер мәтіннің тақырыбының астында да тұруы мүмкін. Газеттің алғашқы бетіне ақпараттық мәтін кірмейді. Колонтитул, шағын хабарлар және көруге қатысты материалдармен газетте берілетін негізгі ақпарат туралы хабарландыру жасалады. Бұл әдісті Түркияда «йығма» жинақтау деп айтады. Көп мөлшерде фотосурет қолданылады және бұларды орналастыруда беттің жан-жағына мұқият қарайды [5].

Қазіргі таңда Түркияда баспа ісі және бет безендіру шеберлігі өте жақсы дамыған. Бүгінгі таңда қалалық, аудандық баспасөздерінің өзі толық түрлі-түсті 20-30 беттен кем болмайды. Еурапалық үлгімен ұштастыра отырып, өздеріне икемді "витриналық бет әрлеу" үлгісін жасап алды. Материалдардың көлемі едәуір қысқартылып, қысқа-нұсқа ақпар беруді ғана мақсат тұтқан түркиялықтар бет баптауға көбірек көңіл бөледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Şeker Mustafa*. Sayfa düzeni, Çizgi kitabevi. – Konya, 2004.
2. *Becer Emre*. İletişim ve grafik tasarim. – Ankara, 2005.
3. *Şeker Mustafa*. Kurumsal temeller ve uygulama ilkeleriyle sayfa düzeni. – Konya, 2004.
4. *Uçar Teyfik Fikret*. Görsel iletişim ve grafik tasarim. İnkilâp yayinlari. – İstanbul, 2004.
5. *Қозыбаев С., Рамазанова А., Аллаберген Қ.* Әлем баспасөзі тарихынан. – Алматы: Санат, 1998. – 256 б.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассмотрена практика дизайна периодической печати Турции.
(**Садібеков А.К. «Мизанпаж» в турецкой прессе или практика дизайна газеты**)

SUMMARY

The article regards the practice of designing periodical publications in Turkey.
(**Sadibekov A.K. «La mise en page» in the Turkish press and newspaper designing practice**)

ӘОЖ 371.001.895.-057.875

І.С.СМАНОВ

педагогика ғылымдарының докторы,
ОҚМПИ-ның профессоры

Ғ.І.СМАНОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты,
ОҚМПИ-ның аға оқытушысы

МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Елбасы алға қойып отырған парасатты экономикаға қызмет ететін ертеңгі болашағымыз ХХІ ғасырдағы қоғам дамуына сай талаптарға тікелей байланысты, ол білім беру стандартына қатысты білім беру, оларды меңгеруді талап етеді. Бүгінгі таңда білім беру нәтижесіне, сапасына қойылатын талаптар: терең білім беру, іскерлік, дағдыларды қалыптастыру, дамытуды жүзеге асыру, ол үшін ғылыми негізделген, нәтижеге жеткізетін, байқаулардан сапалы өткен, жетілдірілген педагогикалық технологиялар болып табылады, солардың бірі модульдік оқыту. Бұл мақалада осы модульдік оқытудың мән-жайы мен оның құндылықтары жан-жақты қарастырылған.

Кілт сөздері: модульдік оқыту, интеллектуалдық әлеует, стандарт, типтік оқу бағдарламасы, дидактика, тест-тренинг, мультимедиа, анимация, электрондық құрал.

Қазіргі кезеңде еліміздің білім деңгейі мен интеллектуалдық әлеуеті ұлттық байлықты құрайтын маңызды сипатқа ие. Әрине, жастар – біздің болашағымыз, оларға жаңа сападағы білім беру жүйесінің қажет екендігін «Қазақстан – 2030» Стратегиялық-жасампаздық жоспарында нақты көрсетілген: «...жетекші фактор – бұл адамдардың өзі, олардың ерік-жігері, күш-қуаты, табандылығы, білім-білігі екенін тағы да дәлелдей түседі» [1].

Модуль – ол қисынды аяқталған оқу материалының бөлігі, оқушылардың білімдері және іскерлік, дағдыларына бақылау жасалуымен игеру сапасы анықталады. Модульдеуді қалыптастырудың негіздемесіне Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты, типтік оқу бағдарламасы алынады. Модуль пән тақырыптары, бөлімдер, тараулар және өзара мазмұндық байланыстары бойынша жиі сай келеді, ғылыми-әдістемелік зерттеу, тәжірибе, озық әдістемелерге сай жобаланып, байқаулар арқылы нақты жоспарланып, тәжірибелермен түзетулер жасалып, инновациялармен толықтырылып, нәтижелерімен жетілдіріледі. Модульде бәрі өлшенеді, бәрі есептеледі, толық бағдарланады: тапсырмалар, жаттығулар, сабаққа

оқушылардың қатысулары, оқушылардың сөрелік, аралық және қорытынды білім деңгейлері. Модульде оқытудың мақсаттары, міндеттері, мазмұны модуль бойынша нақты анықталған, зерделеу материалдары, оқушылардың игеру деңгейі межеленеді, оқушылардың модульдік тақырыпқа қатысты білім, іскерлік және дағдылары анықталған.

Модульдік оқытуда бәрі алдын-ала бағдарланады:

- оқу материалының зерделену реті, сабақтастығы;
- негізгі түсініктер тізімі, іскерлік және дағдылары;
- әрбір тақырып бойынша тестілік сұрақтар, бақылау үлгілері;
- бағалану шкалалары, рейтингі, рантілеу, әріптік, сандық, пайыздық – ынталандыру көрсеткіштері [2].

Модульдер саны пәннің ерекшелігіне, пәнге бөлінген сағатқа, білімдеріне бақылау жасаудың жиілігіне тәуелді. Модульдік оқытудың негізгі ядросы оқу үдерісін орындауда лекция, тәжірибелік, зертханалық және оқушылардың өзіндік жұмыстары формасында – тұрпатында ақпараттық, дидактикалық қамтамасыз етілулері. Әрбір модуль өзіне қатысты дидактикалық қамтамасыз етілуі тиісті:

–мақсаты, міндеті, оқу материалдары, оқу құралдары, электронды тасымалдағыштар, мультимедиалық, анимациялық, электрондық құралдар;

–білімдеріне қоғамдық бақылау жасау үшін жаттығулар, тәжірибелер, тест-тренингі жасау материалдары;

–білімдеріне модульдік бақылау: ауызша, жазбаша, матрицалық, компьютерлік, жазбаша-ауызша [2].

Әрбір модуль пәннің жеткілікті өзіндік құрылымдық бірлігі оқулықтар, хрестоматиялар, жаттығулар, есептер жинағы, зертханалық жұмыстар, практикумдар, анықтамалар, электронды оқулықтармен қамтамасыз етілуімен маңызды.

Модульдік оқытудың маңыздылығы оның дидактикалық ұстанымдарын жүзеге асыруда деп есептейді П.А.Юцявичене, сонымен:

- 1) модульдігі;
- 2) оқыту мазмұнын жекешеленген элементтерге құрылымдау;
- 3) динамикалығы (модульдік оқыту – үздіксіз дамытылып отыратын жүйе);
- 4) білім мен оның жүйелерінің әрекеттілігі және шұғылдығы;
- 5) икемділігі;
- 6) болашақты ұғыну;
- 7) жан-жақты әдістемелік кеңесу;
- 8) теңдесу [3].

Модульдік оқытудың мәні – ол белгіленген модульдік көлемдегі оқу материалдарын бөлінген уақытта мөлшерлеп, бөліктен, адымдап игеру, ол үшін сабақта белсенділігін арттыру, ең негізгісі кеңестер, әдістемелік ұсыныстар, саралап оқу арқылы өздігінен оқып, «оқы, оқы және оқы» талабын мұқият, мүлтіксіз, өз уақытында орындау.

Модульдік оқытудың ерекшеліктері:

1) оқыту мазмұны аяқталған, өздігінше, кешенді модульдер болып табылады, сонымен қатар ақпарат банкі, оларды игеру, ұғуға әдістемелік басшылық;

2) педагог пен шәкірттің өзара мақсатты білім алу, кеңесу, оқу және өздігінен оқу, «оқы, оқы және оқы» әрбір кезең, сатыларға қатысты деңгейлі дайындықтар бойынша игеріледі;

3) модульдік оқытудың мәні оқыту үдерісінде субъект-субъектілік өзара қарым-қатынастың басымдықтарды педагог және білім алушылар болып сөзсіз сақтау, модуль – жеке тұлғаны оқу материалдарын игеру, дамыту, қалыптастыру, тәрбиелеу – оқу үдерісін түрлендіру, инновациялыққа ұластыру.

XX ғасырдың 70-80 жылдары бағдарламалап оқыту идеясы мен тәжірибесіндегі педагогтардың қанағаттанбауларынан, оқушылардың дамуына кері ықпалын, өздігінен оқуға ынталандырудың әлсіздігінен және оқу материалдарын құрылымдау, бағдарламалау тәжірибелерінің жинақталуынан модульдік оқыту идеясы туындаған.

Бағдарламалап оқыту негізінде бихевиористік көзқарастық оқыту «ынталандыру – әсер – нығайту» схемасында жүзеге асырылды. Модульдік оқыту негізінде П.Я.Гальпериннің ақыл-ой әрекеттерін кезеңмен қалыптастыру теориясы тұжырымдама етіп алынды.

Модульдік оқытудың құндылықтары:

1) оқытудың мақсаты әрбір оқушының игерген білім деңгейінің нәтижесіне дәл сай келуі;

2) модульдерге талдама жасау оқу ақпараттарын оңтайлы ықшамдау оларды блоктарға айналдырған түрде пайдалануға мүмкіндік береді;

3) оқу әрекеттеріне жеке-дара қарқын бере алады;

4) білімдері, іскерліктері, дағдылары және дамуларына жүйелі, кезеңдік оңтайлы, ұтымды бағалаулар оқытудың тиімділігіне белгілі кепілдеме береді;

5) оқытуды белгілі дәрежеде «технологияландыруға» қол жеткізіледі [3].

Оқыту нәтижесі бірінші кезекте оқушыға тәуелді болып шығады, модульдік оқытуда екінші кезекте мұғалімнің білімділігі, шеберлігі және әдептілігіне байланысты болып табылады.

Блокты – модульдік оқыту – ол білім мазмұны, оған қатысты ақпараттар аяқталып, жинақталған және оларды игеруге әдістемелік блоктық модульдік ерекше оқыту әдісі. Оқытудың белгілі әдісі есебінде «модуль» термині салыстырмалы түрде кейін пайда болған. Кирилл және Мефодийдің Үлкен энциклопедиясында келесі нұсқаларда берілген:

1) өзіндік түрде орындалған бұйым, радиоэлектрондық аппаратураның арнаулы қызметтік түйіні (радио-электроникада);

2) абсолюттік шама (математикада);

3) кешен, құрылыс және оның бөліктерінің, ұзындық өлшемі (фут, метр) қатынастары өрнектелетін еселік мәні, бастапқы өлшемі, ғимараттың бір

элементінің немесе құрылыс бұйымының өлшемі. Модульді пайдалану кешендерге, құрылысқа және олардың бөліктеріне өлшемдеушілік береді, құрылыста үндестік және стандарттауды жеңілдетеді (архитектурада және құрылыста).

С.И.Ожегов пен Н.Ю.Шведовтың орыс тілінің талдама, түсіндірме сөздіктерінде модуль ұғымы тасымалдағыш мәнде қарастырылған, жалпы бөлінетін қандай да бір жүйенің, ұғымның қатысты, салыстырмалы өзіндік бөлігі.

Педагогикада модуль – ол оқу материалының қисынды аяқталған мазмұнының бөлігі. Жоғары оқу орындарындағы оқыту модульдері:

- 1) курстық жұмыс;
- 2) дипломдық жұмыс;
- 3) арнаулы курстар;
- 4) факультативтер;
- 5) практикумдар.

Оқыту модулінің құрылымдық элементтері:

- 1) нұсқалық бөлігі (бірнеше нұсқалардан тұрады);
- 2) дидактикалық қамтамасыз етілуі (мәнді нұсқаулар, ақыл-кеңес, ұсыныстар);
- 3) ақпараттық қамтамасыз етілуі;
- 4) базалық құрамдастар;
- 5) тәжірибелік қамтамасыз етілуі (білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын іс-тәжірибеде байқау) [4].

Бақылаулар жүйесі аралық, қорытынды, ерекшелігі мол, мемлекеттік аралық бақылау, қалдық білімдеріне бақылау, есептеулер жүргізу.

Модульдік оқытуды ұйымдастыру педагогтан үлкен даярлық жұмыстар жасауын талап етеді, олар:

- 1) әрбір оқушы үшін тікелей зерделеу уақытында модульдік бағдарламаға талдау жасап және қамтамасыз ету;
- 2) әрбір оқушының жеке мәнді міндеті есебінде қабылданған талдап қорытындылаған дидактикалық мақсатты айқын тұжырымдау;
- 3) әрбір оқушыны модуль мазмұнына және дидактикалық мақсатқа сай қажетті ақпараттар банкімен қамтамасыз ету;
- 4) блокта бар қажетті ақпараттарды игеруге сенімді әдістемелік басшылықпен қамтамасыз етілуі;
- 5) модульді игеруді және оған сенімді бақылауды қамтамасыз ету.

Модульдік бағдарламаны даярлау келесі кезеңдерді болжамдайды, атап айтқанда:

- 1) әрбір модульдік бағдарламаға талдап қорытындылаған дидактикалық мақсатты тұжырымдайды;
- 2) талдап қорытындыланған мақсат бірқатар нақтыланған мақсаттарға (міндеттерге) бөлінеді;
- 3) әрбір нақтыланған мақсаттарға модульдің мазмұны сұрыпталынады;

4) әрбір модульдегі білім, іскерлік және дағды элементтері – оқу элементтері бөлінеді;

5) оқу элементтерін игеру әдістемесіне талдама жасалады [4].

Модульдік оқыту – ол оқу материалдарын модульдеу арқылы бөліктерге бөлу, кіріспе бөлімі, диалогтік бөлім, оның кезеңдері, іске асыратын ұстанымдар, танымдық іс-әрекеттер, шығармашылық қабілеттерін дамыту, өзіндік жұмыстар, «оқы, оқы және оқы» талабына қалыптастыру арқылы басты мақсат – сапалы білім алуына, саналы тәрбиеленуіне жеткізу.

Модульдік оқыту – бұл оқудың жобалануы, жоспарға айналуы, ұйымдастырылуы, сабақ материалдарын игеруі, оқу үдерісінде түзетулер жасалынуы арқылы оқу үдерісінің жетілдірілуі түрлендірілуі жүзеге асырылды.

Модульдік оқыту мұғалімнің үздіксіз білімін жетілдіруді, ізденісте болуын, «шәкірт уақытын аялап, өз уақытын аямауға» қалыптастырады, нәтижеде шәкірт «оқы, оқы және оқы» талабына өзі бейімделеді, ұлы Абай айтқандай: «Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле».

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. – Алматы: Үкімет жаршысы, 1998, 112 б.
3. Еркебаева Г.Ф. Қазіргі білім беру технологиялары. – Алматы: Рауан, 2010.
4. Ахметова Г. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2006.
5. Қабдықайырұлы Қ., Монахов В.И. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. – Алматы: Атамұра, 1999.

РЕЗЮМЕ

В статье разносторонне рассматриваются модульное обучение и его ценности.
(Сманов И.С., Сманова Г.И. Модульное обучение и его ценности)

SUMMARY

In article the module educating and his values are examined.
(Smanov I.S., Smanova G.I. The module education and its values)

ӨОЖ 373.3:37.091.32

І.С.СМАНОВ

педагогика ғылымдарының докторы,
ОҚМПИ-ның профессоры

А.Қ.ӘБЕНОВА

ОҚМПИ-ның ізденушісі

БІЛІКТІ МАМАН – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Әрбір жас талапкердің мақсаты – жоғары білім алу, дипломға қол жеткізу. Бұл әрине, жастар үшін әлеуметтік мәртебе болып табылады. Мамандық таңдау мектептен басталады. Әрбір шәкірт өзінің бейімділігіне қарай жүрек қалауымен болашақ мамандығын алуы үшін түбегейлі дайындық жасауы тиіс. Талапкердің мамандық таңдауы оның оқуға деген ынтасын да арттырады, өз мақсатына жетуі үшін кездескен қиындықтарды саналы түрде жеңуге, ыждағатты еңбек етуге күш салады. Тіпті кейбір қарама-қайшылықтар оған қуат береді, қозғаушы күш сапалы білім алуға, ынтамен оқуға, тиянақты еңбек етуге жетелейді. Егеменді еліміздің болашағы жастардың қолында десек, бұл ретте олардың сапалы білім, саналы тәрбие алуына жағдай жасау ел Президенті Н.Назарбаевтың тікелей қамқорлығында. Ол өзінің жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында білім беру жүйесінің табысты жұмыс атқаруы үшін нақты тапсырмалар беріп, бағыт-бағдарды айқындай түсуде. Мақалада бүгінгі жас жеткіншектің болашақ мамандығын дұрыс таңдауы, терең меңгеруі барысында басшылыққа алынуы тиіс кейбір қағидаттар жайы нақ осы Президентіміздің білім берудің барлық деңгейлерін түбегейлі жаңғыртуға қатысты тұжырымдары тұрғысынан қарастырылған.

Кілт сөздері: білім, еңбек, жұмыс, ұжым, ұстаным, біліктілік, құндылық.

«Білім беру жүйесіне Қазақстан тұрғындарының үштен бір бөлігіндейі тартылған. Мұндағы ең маңыздысы біздің балаларымыздың нақ осы білім беру жүйесінде өсетіні, қалыптасатыны және есейетіні. Бұл әрбір отбасын толғантады. Сондықтан да бүкіл жаңғырту үдерісінің табысқа жетуінің түйінді факторы ұлттық білім беру жүйесін жаңғыртудың табысты өтуі болып табылады»,- деді ҚР Президенті Н.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы. Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында [1].

2011 жылы білім мен ғылым жүйесінің құқықтық арқауы түгелімен дерлік жаңғыртылды. Ғылым туралы, Назарбаев Университеті, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Назарбаев қоры туралы жаңа заңдар қабылданды және «Білім туралы» Заңға өзгерістер енгізілді.

Қазақстан білім беруді дамыту индексінің (БДИ ЮНЕСКО) ең жоғары төрттігі қатарына жетуі, елдің ертеңгі жетістігі – білім мен ғылымға Елбасының қамқорлығы мен мән беруінде. Біріккен Ұлттар ұйымының адам дамыту индексі бойынша еліміз әлем елдері арасында 68-ші орынды иемденді. Қазақстан оқушылары халықаралық деңгейдегі олимпиадалық жарыстарда жана белестерден көрінуде. Мектеп бітірушілеріміз 2007 жылы 181 ғана медаль алған еді, ал 2011 жылы олар 912 медальді еншіледі.

Қазіргі кезеңде әлемде төрт мыңнан астам мамандық бар делінеді. Алайда қоғам мен заман өзгерістеріне, дамуына қатысты тәрбиелеу мен білім беру саласында мұғалім мектептің «жүрегі» бола береді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясында білім берудің барлық деңгейлерін түбегейлі жаңғыртуға ерекше мән берді [2].

Кез келген жас өскіннің өз қалауымен мамандық таңдауы тек оқу орнына түсумен бітпейді, бұл оның тұлға болып қалыптасуы барысындағы қайшылықтың, кейде тіпті жанға да бататын үдерістің алғашқы кезеңдерінің бірі десек те болғандай. «Өмірді еңбек сіңіру деп ұғынғанда ғана адам өмірі ақылға қонымды болмақ» – дейді атақты орыс жазушысы Л.Н.Толстой. «Адам игілігі – өмірде, өмір – еңбекте» екендігін Елбасымыз да дәлелдеп отыр.

Нұрсұлтан Назарбаев металлург нағыз ер адамның кәсібі екеніне назар аудартқан еді. Тек рухы күшті және жауапкершілігі мол адамдар ғана мұндай жұмысқа төзімді болады. Сондықтан қазақстандық жастардың өскелең буыны еңбек, жұмыс, ұжым сияқты қарапайым да маңызды құндылықтарды терең түсінуге тиіс.

Мемлекет басшысы мұндай кездесулер жастар үшін өзіндік өнеге екенін атап өтті. Ол өзінің барлық серіктестерінің, еңбек ардагерлерінің жеке бастарының үлгісі арқылы тәрбиелеуі керектігіне тоқталды. Тек жақсы оқу ғана жастардың алға қадам басып, барлық кедергіні еңсерулеріне мүмкіндік береді. Адам неғұрлым табанды және өнімді еңбек ететін болса, соғұрлым оның өмірі табысты болады. Тәуелсіздіктің ұрпақтары саналатын Қазақстан жастары осындай қағидатты ұстануға тиіс. Мұрат – алға жетелейтін, болашақтан қол бұлғап шақыратын, әрбір жастың мамандық таңдау жолы, өзінің жарамдылығын анықтап, қабілетіне қатысты мақсатын айқындауға қатысты еңбектерінің жиынтығы. Мақсат мұраты – ол, болашақта қол жеткізуге қозғаушы күш – әлеуметтік экономикалық негіз, білім мен сананың көрсеткіші – идеал. Жеткіншектік кезеңнің маңыздылығы әрбір жоғары сынып оқушыларының жеке басының моральдық, әлеуметтік негіздерін қолданып, қалыптасуының жалпы бағыттарының белгіленуі, солардың ішіндегі ең бастысы өзінің жарамдылығын, қалауын, мүмкіндігін, қабілетін анықтай түсуі.

Мектеп пен отбасы жоғары сынып оқушыларының өмірінде үлкен орын алады. Жоғары сыныптарда мектеп пен оқу үлкен мәнге ие болады, аса

маңызды міндеттер – мамандық таңдау, еңбек пен қоғамдық-саяси қызметке даярлану, талдауларды, тәжірибелерді зерделеп, ақпараттармен танысу, пікір алысу белгілі білім мен уақытты қажет етеді.

Мамандық таңдау күрделі мәселе. Ғалымдар зерделеу, кеңесу, жете танысу, пікірлесу, ойлану және салыстыру арқылы мамандық таңдауға әсер ететін негізгі сегіз факторды белгілеген, олар:

- үлкендер және отбасының ұстанымдары;
- өзінің құрбы-құрдастарының ой-пікірлері;
- мектептегі педагогикалық ұжым ұстанымдары;
- өзінің жинақтаған өмірлік тәжірибесі, жүрек қалауы, жарамдылығы, кәсіби жоспары;
- қабілеттері мен олардың алғышарттарын, мүмкіндіктерін есепке алуы;
- қоғамды тануы, оқу орындарымен танысу;
- кәсіптер, мамандықтар жайлы ақпараттарды зерделеу;
- бейімділігі, болашағын ойлауы, шешімдер жасауы.

Оқушылардың болашақ мамандығын саналы таңдауына, қоғам өмірінің сәтті әлеуметтендірілуіне жағдай жасау, таныстыру, кездесулер өткізіп, түрлі экскурсиялар жасау, пікір алмасу, «жеті рет өлшеп, бір шешімге келу» сөзсіз маңызды.

Білім берудің басты ұстанымдырының бірі – оқушыларға кәсіптік бағдар беру – ол күрделі, көп салалы, зерделеуді, зерттеуді, ақпараттарды талдауды қажет ететін қиын үдеріс.

«Сіздер жақсы кезеңде өмір сүріп отырсыздар. Мемлекет жастардың жан-жақты дамуы үшін барлық жағдай жасап жатыр, өйткені, ХХІ ғасырда ғылым мен білімнің деңгейі кез келген елдің әлемдік экономикадағы орнын анықтайды. Сіздер өз болашақтарыңыз өз қолдарыңызда екенін, әркім өз бақытының ұстасы екенін есте ұстауларыңыз керек. Сіздердің қазіргі басты міндеттеріңіз – жақсы білім алу. Сондықтан мен шетелде мамандар даярлау үшін «Болашақ» бағдарламасы туралы бастама көтердім. Қазіргі кезде 8 мыңнан астам қазақстандық шетелде білім алды. Олардың көпшілігі бүгінде мемлекеттік органдарда жауапты қызметтер атқарады. Бұлар – бірнеше тіл білетін, білімді және даярлықтан өткен мамандар. Ал, біздің елімізде қоғамды біріктіру ісінде мемлекеттік тіл ерекше рөл атқарады. Мемлекеттік тілді әрбір қазақстандық білуі қажет», - деді Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев [3].

Кез келген заманның басты тірегі адам, ал жастар – болашағымыз. Қоғамның дамуы, мемлекеттің өсіп-өркендеуі елдің адамдарына байланысты. Адамның басты байлығы – оның денсаулығы, ең негізгі байлығы – оның адамгершілігі, кісілігі, ар-ұяты, мамандығы. Мемлекеттің күші мен тірегі де сол адамдар, ал адам бір күнде пайда болмайды, олай болса, үрім-бұтағына туған күнінен бастап ата-бабадан мирас болған құндылықтардың бәрін бере бастау қажет. Сондай еңбек, білім, тәжірибе отбасынан, мектептен беріліп, жоғары оқу орындарында шындалып, дуальды кәсіби білім берумен адам

шыңдалып, кәсіби жағынан өседі. Теориялық білім іс-тәжірибемен толықтырылып, креативті инновациялармен сыннан өтіп, бәсекелестікке барынша лайықты дәрежеге жетеді.

Сапалы білім мен саналы тәрбие үйлесімділік тапқанда, оқушының – талапкердің – студенттің – маманның жарамдылығы, мүмкіндігі, мамандық таңдауы, қалауы, мақсат-мұраты, арманы үндескенде ғана ұлт мұраты, мемлекет пен халық мүддесі орындалмақ, қоғам өзінің рухани дамуына сай асыл құндылықтарға қол жеткізбек. «Егер біз қабілетіміз жететіннің бәрін істейтін болсақ, өзіміз де нәтижелерге таң қалар едік» – дейді американдық өнертапқыш, ғалым, электротехник Эдисон Томас Альва (1874-1981). Ол әсіресе жарамдылыққа және қабілеттілікке мән беру қажет екендігін атап көрсетеді.

Қазіргі ХХІ ғасыр бәсекелестік деген мәселені алдыңғы қатарға шығарып қойды. Олай болса еңбекке ерекше көңіл бөлінуде, жұмыстың бәрі жақсы, жаман жұмыс болмайды, жаман жұмысшы болады, жаман мамандық болмайды, жаман маман болады дегенді уақыт алдыңғы қатарға шығарды. Сондықтан да, балаларды мамандыққа ерте баулуымыз керек, бәсекеге лайық болу үшін жүрек қалауымен жарамдылығын анықтау, қабілетін негізге алу, тер төге оқу, еңбек ету қажет. Оның пайдасын әрбіріміз көреміз, байқаймыз, сеземіз.

«Үкімет Еңбек және халықты қорғау министрлігімен бірлесе отырып, Қазақстандық еңбек нарығын Бесжылдық Жалпыұлттық Болжауды талдап, жасауды және жариялауды тәжірибеге енгізуі тиіс. Мұндай құжат мамандық таңдауға қазақстандық мектеп бітірушілер үшін жол көрсеткіш болады», – дейді «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында Нұрсұлтан Назарбаев [1].

Мамандық таңдау, меңгеру, қазіргі нарық ғасырының бәсекеге лайықты кейіпкері болу – кез келген саналы азаматтың берік ұстанымы. Осы орайда елбасымыздың нақты қағидаттарға жасаған тұжырымдарын басшылыққа алған дұрыс. Болашақ жастардың қолында екенін ұмытпағанымыз абзал.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам //Егемен Қазақстан, 2012, 10 шілде.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты //Егемен Қазақстан, 2012, 15 желтоқсан.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. – Алматы: Үкімет жаршысы, 1998.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы правильного выбора профессий будущей молодежи и некоторые аспекты, которыми должны руководствоваться будущие специалисты для глубокого его освоения.

(Сманов И.С., Абеннова А.К. Квалифицированный специалист – главная ценность)

SUMMARY

The questions of correct choice of profession by future youth and some aspects of guidance for them are considered in the article.

(Smanov I.S., Abenova A.K. A qualitative specialist is a main value)

УДК 372.64943 271

Б.ДАУЛЕТБЕКОВА

старший преподаватель МКТУ имени Х.А.Ясави

С.САХИТЖАНОВА

старший преподаватель МКТУ имени Х.А.Ясави

ЗНАЧЕНИЕ ФОЛЬКЛОРА В ВОСПИТАНИИ ДЕТЕЙ

Особенностью фольклора является его ярко выраженная региональная принадлежность и историческая конкретность. Фольклор не остается неизменным, а развивается вместе с народом, вбирая в себя все ценное, что существовало ранее, и отображая новые социальные изменения. Поэтому фольклор всегда самобытен и современен. Именно по этой причине он выполняет воспитательную функцию, что определяет его место и значение в образовательном процессе.

В статье рассматриваются воспитательная функция фольклора, так как педагогика сегодня призвана исследовать воспитание как взаимосвязь общечеловеческих, национальных и индивидуально-личностных ценностей. Её неотъемлемой составной частью является народная педагогика, которая изучает и внедряет национальные традиции воспитания, нравственные идеалы и ценности народа.

Ключевые слова: фольклор, жырау, акыны, устное народное творчество, обычаи, традиции, богатый духовный потенциал, скакун-тулпар.

В Законе Республики Казахстан «Об образовании» отмечается «Воспитательные программы в организациях образования являются составляющими образовательных программ и должны быть направлены на формирование патриотизма, гражданственности, интернационализма, высокой морали и нравственности, а также на развитие разносторонних интересов и способностей обучающихся, воспитанников» [1].

«Произведения устного народного творчества – немеркнущее и неумирающее в веках сокровище», – пишет известный критик, доктор филологических наук С.Кирабаев. «Это настоящие образцы художественного творчества, они передаются из поколения в поколение, служат делу воспитания подрастающего поколения, подготовки детей к жизни» [2]. Казахские жырау и акыны сыграли очень важную роль в распространении в Казахстане просветительских и воспитательных идей, произведений устного народного творчества, создавали произведения, нацеленные на развитие ума и мыслительных способностей детей, воспитания в них чувства красоты, понимания и общественной роли литературы и искусства.

В фольклоре заключена многовековая мудрость народа, расписано поведение человека в той или иной ситуации, следовательно, их незнание и игнорирование влекли за собой негативное отношение к человеку со стороны представителей данного социума и прикрепляли к нему ярлык невоспитанного чужака. На протяжении длительной истории казахский народ накопил богатый социальный опыт, опыт воспитания детей, создал обычаи и традиции, в которых соединились практический опыт народа, правила, нормы поведения человека, богатый духовный потенциал.

Фольклор, по выражению историков и культурологов, является хранилищем народной мудрости. Именно в фольклоре отражается коллективный разум. «Фольклор – это коллективное и основанное на традициях творчество групп или индивидуумов, определяемое надеждами и чаяниями общества, являющееся адекватным выражением их культурной и социальной самобытности; фольклорные образцы и ценности передаются устно, путём имитации или другими способами; к формам фольклора наряду с другими относятся язык, литература, музыка, танцы, игры, мифология, ритуалы, обычаи, ремесла, архитектура и другие виды искусства».

В этой связи становится очевидным, что изучение фольклора и, в первую очередь, определение его основной специфики должно осуществляться с более широких позиций, чем это принято сейчас.

Фольклор как любое другое явление воздействует на личность человека. Психолого-педагогическое воздействие фольклора осуществляется через создание педагогической ситуации, включающей в себя различные формы фольклорного материала. Фольклор содержит в себе огромные воспитательно-обучающие возможности. Воспитание всегда было связано с народной педагогикой, национальной культурой и прогрессивными традициями и обычаями народов. Черпая лучшие человеческие черты и свойства из истории культуры народов, выросло и воспиталось не одно поколение. Материалы народного творчества были и будут одним из источников развития гуманистической культуры, обогащения духовного облика личности [3].

У каждого народа есть будущее, пока он помнит о прошлом, есть своя история и культура. Особенности национальной культуры зависят от условий существования народа, его вероисповедания, традиций и обычаев. Правдивость и честность, благородство и высокая нравственность, дружелюбие и гостеприимство, забота о младших и почтительное отношение к старшим – неизменные качества психологии казахского народа.

У казахов испокон веков существовала своя система традиционного воспитания подрастающего поколения, главной целью которого было последовательное включение детей в реальную жизнь, в жизнь своих родителей. Родители и другие взрослые члены семьи заботились о всестороннем развитии детей, с раннего детства знакомили с нравственными и этическими понятиями, прививая соответствующие навыки в поведении,

передавали знания об окружающей среде, ее богатствах и способах существования в ней, обучали трудовым навыкам. Участвуя в трудовой, коммуникативной, эстетической деятельности, ребенок закреплял те черты личности, которые считаются ценными для данного народа.

Все это вытекало из жизненного векового опыта предков и диктовалось жизненной необходимостью. Памятники народной педагогики хранятся и передаются из поколения в поколение народом в созданных им сказках, легендах, былинах, эпосах, песнях, поговорках и пословицах, преломляются через призму национальных традиций и обычаев разных народов и имеют цель воспитывать и обучать молодое поколение на лучших идеалах народных масс. Искусство слова, родившееся в глубокой древности, прежде всего, воплотилось в художественном народном творчестве.

Многие народные пословицы, которые дети слышали, определенным образом настраивали на встречу с трудностями, на необходимость их преодоления, воспитывали в них стойкость, целеустремленность и трудолюбие. Например, «Не гордись богатством, не унывай в бедности» (Бар болсаң аспа, жоқ болсаң, саспа), «На пути верблюда груз не залежит» (Нар жолында жүк қалмас), «Если нечем гостя угостить, найди душевное слово для него» (Сыйларға асың болмаса, Сипарға тілің болсын).

Народ на практике семейного воспитания накапливал знания. Постепенно, шаг за шагом, он вырабатывал свои неписанные законы, нормы поведения молодежи, принципы воспитания у нее правдивости, честности, трудолюбия, уважения к старшим. По утверждению народа, пословицы и поговорки служат примером для подражания, как добрый советчик и пример образного мышления. Они имеют большую воспитательную идею, воспитательную задачу. Среди казахов широко распространены различные наставления для детей: не смейся над престарелым и калеками, не обижай сироту; не вмешивайся в разговор старших; проси совета у старшего человека; без разрешения старших ничего не бери. Гостю говорят «приходи», но не говорят «уходи». Сам не знаешь – знающих слушай. У матери бери теплоту, у отца – советы. Не зарься на чужое. Любовь матери нежнее, чем солнечное тепло. Прежде старших не садись. Отказ от своих слов – смерть для мужчины. Слова мудрых не пропадают зря. Сын, не почитающий отца, не будет настоящим гражданином. Слишком много хотеть – без ничего остаться.

В народной педагогике преемственность поколений обеспечивается воспитанием. Дед воспитывает сына, сын – внука, учитывая традиции, переданные ему своими родителями, что предопределяет сохранение многих духовных ценностей. Выдающийся ученый Махмуд Кашгари подчеркивал: «Слова старших, их наставления не высказываются зря», и, если человек не прислушивается к ним, он попадает в беду. Представители старшего поколения мудры, ибо, имея за плечами большой жизненный опыт, стремятся лишь помочь молодым быть достойными своих предков, укреплять нравственные традиции рода, не нарушая заветов отцов.

Знание устного народного творчества, отражённого в нём народного опыта воспитания, помогает глубже понять специфику исторического развития народа, его обычаи и традиции, семейные устои, в условиях которых происходило воспитание и развитие каждого ребёнка.

Казахи большое внимание уделяли обучению своих детей. С ранних лет родители учили ребенка говорить, считать, называть предметы и их свойства. А как только ребенок осваивал речь, его учили песням, загадкам, скороговоркам, пословицам, поговоркам, которые не только развивали память, но и помогали развитию интеллекта, давали ребенку элементарные представления о социальном устройстве общества, взаимоотношении членов семьи.

«Пословицы и поговорки имеют большое дидактическое, воспитательное значение. Образность, содержательность, глубина мыслей народных творений, — писал ученый Н.Турекулов — оказывают на широкий круг людей, особенно на молодежь и детей школьного возраста, воспитательное и эстетическое воздействие. Они воспитывают нас в духе любви к родине, народу, обязывают хранить традиции, прививают чувство патриотизма» [4].

Произведения фольклора побуждают детей к хорошим поступкам, труду, вежливости, обучают мастерству в любом деле. Кроме того, они приучают к четкости мышления и краткости в речи, мышлению афоризмами и художественному выражению мысли.

Фольклор, вобравший в себя народную мудрость, моральные и нравственные идеалы, воплотившиеся в целую систему художественных образов, играет огромную роль в развитии духовности детей. Обрядовые песни, игры, танцы, народные сказки, малые фольклорные жанры – это то неоценимое богатство, которое способно помочь ребёнку преодолеть скованность, застенчивость, стать творческой личностью. Произведения устного народного творчества имеют огромное познавательное и воспитательное значение, способствуют развитию образного мышления, обогащают речь детей.

Пословицы, поговорки, загадки, афоризмы у казахов несут в себе большую воспитательную нагрузку.

В любой пословице и поговорке всегда присутствует «педагогический момент» – назидательность: под пословицей и поговоркой понимают меткое образное изречение назидательного характера, типизирующее самые различные явления жизни и имеющее форму законченного предложения.

В пословицах находят отражение и многие жизненные наблюдения о природе, об обществе, о поведении, о труде и отдыхе, моральных ценностях и т.д.

Пословицы и поговорки – не старина, не прошлое, а живой голос народа: народ сохраняет в своей памяти только то, что ему необходимо сегодня и потребуется завтра. Когда в пословице или поговорке говорится о прошлом, оно оценивается с точки зрения настоящего и будущего – осуждается или

одобряется в зависимости от того, в какой мере прошлое, отраженное в афоризме, соответствует народным идеалам, ожиданиям и чаяниям.

В отличие от пословиц, выражающих законченную мысль, поговорки являют собой образные выражения, намеки, усеченные выражения, замещающие то или иное слово. В поговорках нет явного поучительного смысла, однако меткие высказывания, отражают явления, мнение, отношение к тому или иному событию.

Помимо очевидного воспитательного значения употребление пословиц и поговорок обогащает речь ребенка, учит четко и в то же время образно выражать свою мысль, поэтично, но в то же время лаконично выражать свое отношение. Это прекрасная возможность развивать образное мышление детей и учить за внешними атрибутами явлений и фактов видеть их суть. Применяя пословицы и поговорки в своей речи, ребенок учится выразительно, ясно и кратко выражать свои мысли и чувства, интонационно и эмоционально окрашивать свою речь, творчески использовать силу слова, образно описывать предметы, давать им яркую характеристику.

In the article there examined the place of labour in the society, its importance and possibilities in the world social development.

(Smanov I.S., Abenova A.K. Steady Steps in Labour Society)

УДК 378.126

Э.Д.АБИШЕВА

кандидат психологических наук
Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова

А.О.ЕСИМБЕКОВА

магистрант Жетысуского государственного университета им. И.Жансугурова

СПЕЦИФИКА ПОДГОТОВКИ ПОЛИЯЗЫЧНЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ ВУЗА

В Республике Казахстан полиязычное образование является одним из важных направлений развития системы образования. Знание иностранных языков позволяет интегрироваться в мировой образовательный процесс, является одним из важных характеристик конкурентоспособного специалиста в условиях глобализации. Под полиязычием в нашей стране подразумевается овладение родного языка, обязательных трех языков – казахского (государственного) языка, русского (языка межнационального общения) и английского (как языка успешной интеграции в глобальную экономику) языков. Полиязычие является одним из компонентов конкурентоспособности специалиста. В связи с масштабным внедрением полиязычного образования возникла необходимость в переподготовке педагогических кадров, в первую очередь, естественнонаучных дисциплин, осуществляющих преподавание на английском языке. Это обусловило создание нового формата повышения квалификации и переподготовки педагогических кадров для полиязычного образования, связанного, прежде всего, с повышением уровня языковой подготовки, а также совершенствованием методики преподавания специальных дисциплин на английском языке. Построение инновационной системы повышения квалификации профессорско-преподавательского состава высших учебных заведений Республики Казахстан диктует необходимость обновления содержания программ повышения квалификации. Внедрение полиязычного образования заставляет работников системы повышения квалификации по новому осмыслить стратегии системы образования, так как речь идет о создании новой психологии и менталитета, которые необходимо привить подрастающему поколению в условиях глобализации. Новые реалии должны повлиять на профессиональную позицию работников образования, повышение квалификации и переподготовку, адекватных образовательным потребностям, приводящим к творческой самореализации в профессиональной деятельности. Все это требует глубокого переосмысления базовых ценностей в содержании, формах и методах повышения квалификации педагогов.

В статье рассматриваются актуальность подготовки полиязычных специалистов и вопросы внедрения полиязычного образования в казахстанские вузы.

Ключевые слова: полиязычие, полиязычное образование, полиязычный специалист.

В современных условиях информационного мира конкурентоспособные специалисты стали востребованными. Президент страны Н.А.Назарбаев в своем Послании народу Казахстана от 17 января 2014 года отмечает «...выпускники школ должны знать казахский, русский и английский языки» [1]. Ведущими центрами по подготовке полиязычных специалистов являются высшие учебные заведения. В Республике Казахстан начата подготовка полиязычных кадров, так во многих вузах страны функционируют полиязычные группы с контингентом обучающихся более несколько тысячи человек, специальные отделения педагогического, инженерно-технического и естественно-научного направлений. Одни учёные считают, что язык относится к культуре как часть к успеху, а другие – что язык лишь форма выражения культуры, третьи – что язык не является ни формой, ни элементом культуры. Итак, язык рассматривается, как фактор культуры, во-первых, потому что он является ее составной частью, которую мы наследуем от наших предков; во-вторых язык – основной инструмент, посредством которой мы усваиваем культуру; в-третьих, это важнейшее из всех явлений культурного порядка. Являясь составной частью культуры и его орудием, он выражает специфические черты национальной ментальности, открывает механизмы области сознания. Язык – это объективная реальность. Язык таков, каким является общество. Оно изменилось. Во многом – под влиянием средств массовой информации, интенсивно использующих все блага высоких технологий. Здесь уместно будет предположить, что зеркало состояния языка – зеркало коммуникативной возможности языка или в письменной форме. Язык явление социальное, а не индивидуальное.

В нормативных документах о языковой политике говорится об идее изучения казахстанских граждан нескольких языков. Внедрение в учебно-воспитательный процесс обучение на трех языках – это значительный шаг вперед в направлении реализации Концепции развития образования Республики Казахстан до 2015 года [2], одной из базовых компетенций которой является трехязычие, евразийская поликультурность, коммуникативность и технократичность. В основных положениях концепции говорится о необходимости свободного владения иностранным языком в связи с быстрым темпом развития науки и техники для более качественного и полноценного получения необходимых теоретических и практических знаний, умений и навыков. В 2007 году был принят Национальный культурный проект «Триединство языков» [3], цель которого – поднять уровень казахского языка до мирового, создать в стране все необходимые условия для равного и полноценного изучения и употребления трех языков: казахского, русского и английского. В данном проекте Президент страны Н.А.Назарбаев говорит о том, «...что для современного казахстанца владение тремя языками – это обязательное условие собственного благополучия». Идея триединства языков выражается в развитии государственного языка, поддержании русского языка и изучении английского языка. Главными

задачами Государственной программы развития и функционирования языков в РК на 2011-2020 гг. [4] являются повышение престижа употребления государственного языка, функционирование русского языка в коммуникативно-языковом пространстве, изучение английского и других иностранных языков, сохранение языкового многообразия в Казахстане. Концепция языковой политики Республики Казахстан определяет в перспективе казахский язык в качестве языка межнационального общения, русский язык как основной источник информации по разным областям науки и техники, как средство коммуникации с ближним и дальним зарубежьем; Концепция расширения сферы функционирования государственного языка, повышения его конкурентоспособности на 2007-2010 гг. направлена на улучшение качества обучения государственному языку, обеспечение функционирования государственного языка во всех сферах общественной жизни, повышение его роли как фактора укрепления межнационального согласия и казахстанского патриотизма. Закон РК «Об образовании» обязывает все учебные заведения, независимо от форм собственности, обеспечивать знание и развитие казахского языка как государственного, изучение русского языка и одного из иностранных языков в соответствии с государственным общеобязательным стандартом для каждого уровня образования, а также дает возможность в местах компактного проживания этнонациональных групп функционирования организаций образования с родным языком обучения (уйгурским, турецким и др.). Концепция развития иноязычного образования предусматривает реализацию уровневой модели, основанной на программе и стандартах «Общевропейских компетенций уровней владения иностранным языком», в которой выделяются 6 уровней обученности: А1, А2, В1, В2, С1, С2, а также программы LAP (язык для академических целей) и специально-профессиональные программы LSP (язык для специальных целей). Государственные общеобязательные стандарты среднего образования включают изучение четырех языков, а именно: государственного, русского, родного и иностранного. При этом в школах с казахским языком обучения изучение государственного языка дублирует изучение родного языка, в школах с русским языком обучения совпадают две строки учебного плана (русский и родной языки). Собственно полиязычное образование осуществляется в школах с уйгурским, турецким и т.д. языками обучения. Государственные общеобязательные стандарты высшего профессионального образования предусматривают изучение казахского/русского языка на 1-м курсе, иностранного языка на на 1-м и/или 2-м курсах обучения.

Анализ функционирующих государственных документов в области языковой политики и языкового образования позволяет констатировать, что:

– язык признается в качестве «основы национальной культуры», а языковая политика в Казахстане направлена на «гармоничное устойчивое развитие отдельных этносов»;

- приоритетность в развитии языков нормативно и законодательно закреплена за казахским языком как государственным;
- намечена тенденция признания русского языка как одного из языков международного сотрудничества;
- осознание необходимости углубленного изучения иностранных языков для интеграции в мировое сообщество.

Сегодня успешно развиваются те страны, которые внедряют у себя так называемую умную экономику и открыты миру. Новые познания даются через овладение доминирующими в мире языками. Владение несколькими языками всегда расширяло коммуникационные и интеграционные способности стран и народов. Следовательно, это способствует развитию полиязычия в Казахстане. Специфика подготовки полиязычных специалистов в том, что данную категорию специалистов необходимо обучать не только профессиональным умениям и навыкам, но и готовности осуществлять профессиональную деятельность на иностранном языке с учетом контекстуальной значимости ситуации. Таким образом, подготовка полиязычных специалистов представляет собой научную и практическую проблему, отличающаяся от подготовки специалистов другого профиля. Все эти факторы обуславливают актуальность проблемы подготовки современных специалистов со знанием трех и более языков.

Целью нашего исследования является анализ специфики подготовки полиязычного специалиста. Предметом исследования – подготовка полиязычных специалистов в условиях высшей школы.

Источниками исследований явились:

- научные труды зарубежных, российских и отечественных философов, педагогов, психологов, посвященные проблемам языкового образования, полиязычия, полиязычного образования и подготовки современных кадров;
- послание Президента страны народу Казахстана, законодательные акты и нормативные документы в сфере образовательной и языковой политики государства;
- материалы международных организаций по вопросам многоязычной политики;
- публикации в периодических изданиях;
- информация, помещенная на официальных сайтах сети Интернет.

Актуальность подготовки полиязычного специалиста выявлена на основе педагогического анализа языковой ситуации и это позволило определить, что полиязычное образование является главным в процессе подготовки таких кадров.

Анализ теорий лингводидактики и этнолингвистики, педагогики и этнопедагогики, психологии и этнопсихологии, культурологии и этнокультурологии, а также теории содержания образования позволяет утверждать, что в современной педагогической науке сложились следующие теоретические концепции, имеющие методологическое значение для

полиязычного образования: Концепция этнокультурного образования (Ж.Ж.Наурызбай), Концепция этнопедагогического образования студентов высшей школы (С.А.Узакбаева, К.Ж.Кожаметова), Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан (С.С.Кунанбаева и др.). Состояние разработанности этих научных идей свидетельствует о наличии значительного комплекса педагогических подходов и принципов, которые при условии их системно-целостного изучения и целенаправленной интерпретации составят теоретико-методологическую базу полиязычного образования. При первом приближении к вопросу о теоретических предпосылках становления и развития полиязычного образования можно полагать, что в качестве таковых являются положения, когда теория и практика языкового образования детерминируют концепт языковой личности, теория и практика иноязычного образования – концепт вторичной языковой личности, теория и практика этнокультурного образования коррелирует с категорией поликультурной личности, теория этнопедагогики – с категорией субъекта этноса. Следуя этой логике, разработка теории и методологии полиязычного образования предполагает изучение категории полиязыковой личности, когда практика языкового образования в Республике Казахстан должна быть ориентирована на установление баланса родного и казахского языков, родного и русского языков, родного и иностранного языков, казахского и русского языков, казахского и иностранного языков, русского и иностранного языков. Основным механизмом практической реализации при этом должен явиться принцип «двойного вхождения знаний»: языковое образование через изучение собственно языковых дисциплин и преподавание отдельных, в частности, математических и естественнонаучных дисциплин на иностранном языке, социогуманитарных дисциплин – на языке оригинала. Немаловажным направлением развития теоретико-методологического обеспечения полиязычного образования является разработка тезауруса полиязычного образования, не допускающего терминологической вольности и исключая возможность двойного толкования его категорий и основных понятий, а также педагогического мониторинга полиязычного образования, отражающего единый контрольно-оценочный механизм его качества [5]. Исследователь Б.А.Жетбисбаева определяет полиязычное образование как целенаправленный, организуемый, нормируемый триединый процесс обучения, воспитания и развития индивида как полиязыковой личности на основе одновременного овладения несколькими языками как «фрагментом» социально значимого опыта человечества, воплощенного в языковых знаниях и умениях, языковой и речевой деятельности, а также в эмоционально-ценностном отношении к языкам и культурам. Анализ состояния языкового образования в Республике Казахстан позволяет констатировать, что, благодаря осознанию его как государственной и общественной ценности, создаются благоприятные условия для реализации полиязычного образования. Осуществляется

программа развития государственного языка, направленная на улучшение качества его обучения, обеспечение его функционирования во всех сферах общественной жизни. В области иноязычного образования происходят значительные позитивные изменения и содержательного, и организационного плана, свидетельством чего является внедрение уровневого обучения иностранным языкам на языковых специальностях вузов. Заметно улучшается информационно-техническое обеспечение процесса языкового образования: школы и вузы оснащаются мультимедийными классами, оборудованными интерактивными досками и другой мультимедийной аппаратурой. Несмотря на имеющиеся достижения, в организации языкового образования республики есть определенные проблемы. Современное состояние владения государственным языком, а также уровень его преподавания требуют создания системы обучения государственному языку, основанной на уровневой модели, разработки стандартизированного содержания обучения и требований к основным компетенциям в области владения им для каждого уровня обученности. Не в полной мере реализуется принцип преемственности иноязычного образования. Если в языковых вузах в соответствии с Концепцией иноязычного образования Республики Казахстан и ГОСО специальностей внедрена уровневая модель, то в системе среднего, среднего профессионального образования и на неязыковых специальностях вузов содержание иноязычного образования остается прежним.

Внедрение полиязычного образования в казахстанских вузах отличаются подходами к языковому погружению. В деятельности Казахского Национального Педагогического Университета имени Абая реализация полиязычного образования осуществляется с 2008-2010 учебные годы по 2 специальностям, в 2010-2011 учебном году - по 3 специальностям и в 2011-2012 учебном году по 4 специальностям. В целях улучшения полиязычной подготовки будущих педагогов в целом, в рабочие учебные планы специальностей университета введены новые дисциплины «практический английский язык» и «информатизация образования» в объеме 2 кредита для студентов бакалавров, для докторантов «Специальный иностранный язык» в качестве элективной дисциплины. Обучение полиязычному образованию основана на различных моделях:

- первая модель предусматривает обучение на первых курсах на языке обучения. Так, например, для студентов с казахским языком обучения начинают преподавать ряд предметов на русском языке. Кроме того, предметы такие как математика, физика, химия, биология, экономика будут вестись на английском языке, литература будет преподаваться на казахском и русском, география, история Казахстана будет вестись на государственном языке;

- вторая модель, разрабатывается, предусматривающая полное языковое погружение в казахский язык. Согласно этой модели, все предметы, начиная

с первого курса, изучаются на государственном языке, русский язык как предмет вводится во втором курсе, работа будет вестись также по принципу «Team-teaching». Выбор модели произволен и он способствует выработке коммуникативных навыков учащихся. Кроме того, обучение на трёх языках, и, как следствие, владение ими практически в совершенстве, будет способствовать приобщению учащихся к культуре и традициям разных народов. Целью полиязычного образования данного вуза является формирование человека, способного к активной жизнедеятельности в многонациональной и поликультурной среде, обладающего развитым чувством понимания и уважения других культур, умением жить в мире и согласии с людьми разных национальностей, рас и верований; гуманизации национальной образовательной системы; обоснование необходимости приоритета родного языка и культуры в целом, который активно адаптируя языки других народов, укрепляется в своем богатстве и уникальности. В Казахстанко-Британском техническом университете в учебный процесс внедрение полиязычного образования осуществляется посредством расширения практики внедрения дудипломных программ с ведущими британскими университетами, увеличения доли иностранных преподавателей и удельного веса дисциплин, преподаваемых на английском языке с 60% до 75%. На первом курсе среди студентов проводится тестирование на выявление уровня владения языком. По итогам тестирования осуществляется дифференциация по уровням подготовки, что определяет выбор студентом обязательного языкового пакета (от 4 до 12 кредитов) для прохождения полного курса обучения по специальности. В Павлодарском государственном университете имени С.Торайгырова внедрению полиязычного образования способствует расширение академической свободы вузов в определении содержания учебных программ, которая позволяет увеличить дисциплины компонента по выбору, соответствующих запросу работодателей и дающих возможность обучения на иностранном языке. Предпринимаются меры по созданию условий для привлечения ведущих ученых мировых вузов. Принципы полиязычного образования строятся в соответствии с основными принципами образования и науки и направлены на достижение академической мобильности студентов и их успешной адаптации на международном рынке труда. Программа полиязычного образования Карагандинского государственного университета им. Е.Букетова направлена на решение таких проблем как недостаточная обеспеченность процесса обучения учебной и учебно-методической литературой на английском языке; отсутствие преемственности полиязычных программ среднего и высшего образования; недостаточная кадровая обеспеченность. Выполнение программы, рассчитанной на 4 года, позволит унифицировать подходы к организации учебного процесса и разработать практические рекомендации по дальнейшему развитию полиязычного образования. 4-летний срок реализации программы обусловлен необходимостью проведения мониторинга

полного цикла обучения бакалавров по программе полиязычного образования. Программа содержит 4 направления, обозначенные Концепцией развития полиязычного образования в Республике Казахстан как приоритетные: нормативно-правовое, научно-методическое, учебно-организационное, теоретико-методологическое обеспечение полиязычного образования. В Жетысуском государственном университете имени И.Жансугурова разработана полиязычное образование, направленное на повышение конкурентоспособности образования, развитие человеческого капитала путем обеспечения полиязычного качественного образования для устойчивого роста экономики региона. Сформированы полиязычные учебные группы по двум специальностям: «Информационные системы» и «Педагогика и психология». Определен перечень дисциплин, преподаваемых на английском языке. Рассчитана трудоемкость изучения. Перспективы развития языков во многом обусловлены введением в число элективных курсов специальных дисциплин на иностранном языке, так как лишь при условии изучения языков на протяжении всего периода обучения в университете возможно достижение высоких результатов. Разработаны рабочие учебные планы специальностей, участвующих в реализации Программы полиязычного образования. Свободное владение иностранным языком является одним из требований, предъявляемых к современному специалисту. В этой связи актуализируется вопрос о повышении качества преподавания иностранных языков. Качество преподавания языков в университете должно соответствовать мировым стандартам, и главным критерием эффективности языковой подготовки должно выступать прохождение студентами общепризнанных тестов на знание языка. Реализуя концепцию двухдипломного образования, Жетысуский государственный университет имени И.Жансугурова ведет подготовительную работу с зарубежными университетами по разработке совместных образовательных программ с присвоением дипломов – данного и вузов-партнеров.

В настоящее время пришло понимание, что знание государственного языка является фактором личной конкурентоспособности, карьерного продвижения в любой сфере деятельности. Вопрос государственного языка - вопрос государственной важности, тесно связанный с патриотизмом. Через изучение иностранных языков человек может непосредственно ощутить свою принадлежность к мировой истории и одновременно глубже понять свою национальную культурно-историческую уникальность. Соответственно расширение и обогащение полиязыкового образовательного пространства способствует формированию национального самосознания общества, освоению личностью национальной и мировой культуры, совершенствованию общей и языковой культуры как основы для эффективной межкультурной коммуникации. В перспективе в рамках полиязычного образования планируется не ограничиваться только тремя языками, а углублять изучение и преподавание дисциплин на других языках, что соответствует истинному определению полиязычного образования. В подтверждении значимости полиязычного образования в докладе Европейской комиссии указывается, что «языки находятся в сердце европейского проекта: они отображают разные культуры и вместе с тем

являются ключом к пониманию этих культур». Данный вывод созвучен словам великого просветителя казахского народа Абая Кунанбаева: «Изучив язык и культуру других народов, человек становится равным среди них» [6].

Таким образом, обучение иностранному языку формирует коммуникативное умение, столь необходимое для человека как члена общества, члена коллектива, члена семьи. Оно предполагает умение слушать собеседника, вступать в общение, поддерживать его. Английский язык как средство международного общения занимает в мире лидирующую позицию. Это связано прежде всего со стремительным развитием высоких технологий (космических, информационных, лазерной техники, био- и нанотехнологий), экономики. Тот, кто желает получить более высокие шансы на успешное трудоустройство и профессиональную карьеру, должен в достаточной степени владеть хотя бы одним иностранным языком. Педагогическая практика нуждается в обновлении для достижения лучших результатов и повышения эффективности использования средств. Применение новых методов, технологий обучения иностранным языкам будет способствовать развитию таких качеств личности, которые являются востребованными современным поликультурным и многоязычным обществом. Существуют различные подходы, но не разработана единая концепция полиязычного обучения. Для полноценного обучения учебным предметам на трех языках необходимо обеспечить освоение устной и письменной речи на казахском, русском и английском языках. При этом должны учитываться не только правила введения в учебный процесс второго и третьего языков, но и возможности интерактивных методов погружения в иноязычную среду.

ЛИТЕРАТУРА

1. Послание Президента РК Н.А.Назарбаева народу Казахстана от 17 января 2014 г.
2. Концепция развития образования Республики Казахстан до 2015 года. – Издание официальное. – Астана, 2004.
3. Национальный культурный проект «Триединство языков» от 27 июля 2007 года.
4. Государственная программа развития и функционирования языков в РК на 2011-2020 гг. от 29 июня, 2011 г. – №110.
5. Педагогический тезаурус полиязычного образования // Этнопедагогика в системе образования. – 2008. – № 5. – С. 12-15.
6. Абай Кунанбаев. Книга слов. – Семей: изд-во МКА, 2001. – С. 214.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада көптілді мамандарды даярлау және жоғары оқу орындарында көптілді білімді енгізу мәселелері қарастырылады.
(Абишева Э.Д., Есимбекова А.О. Бүгінгі жоғары оқу орындарында көптілді мамандарды даярлау ерекшелігі).

RESUME

Multilingual specialists training and multilingual education implementation issues are considered in the given article.
(Abisheva E.D., Yessimbekova A.O. Specific of multilingual specialists training at modern universities).

ӨОЖ 372.322

Ш.С.ОРАЗБЕКОВА

М.Жұмабаев атындағы №15 мектеп-гимназиясының мұғалімі

**ОҚУШЫЛАРДЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІ МЕН ӘДЕТ-
ҒҰРПЫН ҚҰРМЕТТЕУГЕ ТӘРБИЕЛЕУ**

Халық педагогикасы – ата-бабаларымыздың тәрбиеге қатысты гасырлар қойнауынан сараланып жеткен іс-тәжірибелерінің жиынтығы. Ең бастысы ұрпақтан-ұрпаққа жазбаша хатпен емес ауызша жадпен жетіп қана қоймай, ескіріп жоғалмай, барған сайын байытылып, заманнан заманға жалғасып, синкреттеліп, көркемделіп, сомдалып келе жатуының өзі халқымыздың өнегедегі ұлағаттылығы мен зерделілігін тәрбиедегі көргенділігімен көрегенділігін паш етсе керек. Сонымен қатар халық педагогикасы дегеніміз – ол қазақ поэзиясының бөлінбес бір бөлішегі, тұрмыста қолданылатын қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, айтыстар, ертегілер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар. Ол жан сезімді толқытып, ойымызға ой қосатын, қиялымызға қанат бітіретін халқымыздың рухани байлығы мен болмысы – сұлу әндері мен сыршыл күйлері, ұлттық ойындары, осы кезге дейін тәлім-тәрбиелік қадір-қасиетін жоймаған салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, адалдыққа, тазалыққа, әділдік пен мейірімділікке баулитын ырым-тыйымдары, тағы басқалар. Олар арқылы халық ұл-қызын барлық жаман әдеттерден тыйып, ибалы да өнегелі боп өсу үшін ата дәстүрдің озық үлгісі аясында ұрпақты ең жақын нышандарға үндеген.

Кілт сөздері: педагогика, халық, тәрбие, білім, салт-дәстүр, әдет-ғұрып.

Бала тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның ойшылдарымен зерделі зиялыларын толассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске түсірген ізгі мұрат екені даусыз.

Педагогикалық іс өте нәзік іс, қасиетті іс. Ол тәрбиешіден өте сезімталдықты, балаға деген шексіз сүйіспеншілікті, бала жанын бірден танытын қырағылықты талап етеді. «Күнәнің ең үлкені - баланың жанының нәзік пернелерін дұрыс сезіне алмайтындарда» - деп бала тәрбиесіндегі басты тұлға - ата-ана, тәрбиеші ұстаздарды өз ісіне жауапкершілікпен қарауға үндейді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім жүйесінің азаматтық, отансүйгіштік патриоттық тәрбие беру және мемлекеттік рәміздерге қастерлі көзқарасы халықтық, салт-дәстүрлерді құрметтеу ерекше ажыратылып көрсетілген.

Қазіргі жағдайда тәрбие мәселесі айрықша өзекті орын алуда. Бұл қоғамдық өмірдің адамгершілік сипатын бекітуді мақсат тұтқан біздің

болмысымызды жан-жақты қарастырумен түсіндіріледі. Білімнің ең басты міндеті-тәрбиелік «мектеп және қоғам» деген сөздердің астарында жанұя, баланың денсаулығы мен әлеуметтік көңіл-күйі, адамгершілік бағдары және келешек өмірге деген талпынысы тұрады.

12 жылдық білім беру мектеп өмірінің жаңа, рухани бай, денсаулығы мықты, адамгершілігі өте жоғары, білімді, өз халқының, өзге елдің ұлттық салт-дәстүрін сыйлап қадірлейтін оқушыны ұсынады.

Мектептегі оқудың басталуы бала өміріндегі әлеуметтік-психологиялық жағынан да қиын да әрі жауапкершілігі мол кезең. Баланың бұл кездері бар өмірі өзгеріске түседі. Қазіргі өмірдің талабына сай күн сайын, минут сайын адам өмірінің жаңа сипат алған өзгерістермен қатар тәрбиелеу үрдісі жүзеге асуда: Бала оқиды, музыка тындайды, әңгіме айтады, түсінбеген нәрселерін сұрайды, әлсізге көмектеседі, айналасына, қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарайды. Осындай көзқарас тұрғысынан тәрбие беру, оны мәдени деңгейге көтеру және оны бала өмірімен ұштастыру педагогтың міндеті.

Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасында білім берудің нәтижелері белгіленген мақсатқа сәйкес мектеп түлегінің негізгі құзырлығы төмендегіше анықталған:

Құндылықты-бағдарлы құзіреттілік оқушының қоршаған ортаны бірдей қабылдайтын бірдей жоғары әдептілік құндылықтар негізінде жасампаз қоғам өмірінде өзінің рөлін таба алмауы біліктілігі, елжандылығы[1].

Мәдениеттанымдық құзіреттілік – қазақ халқының мәдениеті мен әлемнің мәдени көптүрлілігін түсіну, рухани келісім идеяларына бейім алу. Халық педагогикасы ата-бабаларымыздың тәрбиеге қатысты ғасырлар қойнауынан сараланып жеткен іс-тәжірибелерінің жиынтығы. Ең бастысы ұрпақтан-ұрпаққа жазбаша хатпен емес ауызша жадпен жетіп қоймай, жоғалмай, барған сайын байытып, заманнан заманға үлестіріп, көркемделініп, көркемделіп, сомдалып келе жатуының өзі халқымыздың өнегедегі ұлағаттылығы мен зерделілігін, тәрбиедегі көргенділігі мен көрегенділігін паш етсе керек.

Біздің ана тіліміз – отбасы мен балабақшалардан басталып мектепке жалғасып оқу-тәрбие жұмыстарымен сабақтаса, көздеген мақсатымызға жеткізбек. Халық тәлімі ең алдымен түн ұйқысын төрт бөліп тал бесікті тербеткен ананың мейірлі махаббатқа толы әлді – бесік жыры. Бесік жырында ата-ананың балаға деген шексіз мейірімі, оның келешегіне деген үміт-сенімі, арман-мақсаты айтылады.

Сонымен қатар халық педагогикасы дегеніміз – ол қазақ поэзиясының бөлінбес бір бөлшегі іспетті қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, айтыстар, ертегілер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар. Ол жан сезімді толқытып, ойымызға ой қосатын, қиялымызға қанат бітіретін халқымыздың рухани байлығы мен болмысы – сұлу әндері мен сыршыл күйлері, ұлттық ойындары, осы кезге дейін тәлім-тәрбиелік қадір-қасиетін жоймаған салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, адалдыққа, тазалыққа, әділдік пен мейірімділікке

баулитын ырым-тыйымдары, тағы басқалар. Олар арқылы халық ұл-қызын күллі жаман әдеттен тыйып, ең жақын нышандарға үндеген.

Баланың бойына ақыл мен адалдық ананың ақ сүтімен егілсе, мәдениет пен даналық, білімділік пен көрегендік ұстаздың ерен еңбегімен дарып, саналы азамат болуға жетелейді.

Адамның әрбір сөйлеген сөзі мен істеген тірлігі өзінің жүрегінің, көңілінің бет пердесіндей жан дүниесінің қаншалықты тазалығын аңғартады.

Бала бойына қандай да бір жақсылықтың нәрін себуде дана халқымыздың қалдырған әрбір мақалдары мен нақыл сөздері ерекше ықпал етеді.

"Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер".

"Бірлік бар жерде - береке бар".

"Бақ қайда барасың, ынтымаққа барамын".

"Арсыз анасын да сатады".

"Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі".

Үлкен философиялық ой мен толғанысты небәрі екі сөйлемге сыйдырып, адам жанына жағымды етіп жеткізу қазақ халқының тек өзіне ғана көрегендік мінезі.

Отанға, ата-анаға, туған жер мен туған тілге деген махаббат, еңбек, өнер, білім, ғылымға деген қызығушылық тәуелсіз еліміздің ертеңі болар бүгінгі жас ұрпаққа ауа мен судай қажетті тәрбие болып саналады.

Мен өзімнің сыныптан тыс тәрбие іс-тәжірибелерім мен сабақ үлгілерін ендіріп отырмын.

Мағжан Жұмабаевтың «жалпы педагогика» ғылыми еңбегіндегі «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбиелеу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының мүддесі өз ұлтының дамуы үшін қызмет ететін болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген ойлары жаңа білім беру жүйесінде ұлттық рухты жоғалтпаудың айқын жолын сілтейді.

Адам тәрбиесі – үдемелі қозғалыспен жүріп отыратын мәңгілік үдеріс. Қазақтың тәлім-тәрбиесі тендесі жоқ даналық, қасиетті мектеп десек артық емес. Халық педагогикасы тосыннан келген жаңалық емес, ол ежелден халықпен бірге жасасып келе жатқан тәлім-тәрбие мектебі. Қай халықтың тәлімгерлік тәжірибесі болмасын ол адамзат атаулыға ортақ рухани қазынаның құрамдас бөлігі. Қазақ халқының да мәдени жетістіктері қанына біткен адамгершілік, имандылық, балажандық, еңбексүйгіштік, қонақжайлылық, отаншылдық қасиеттерін танытын тәлімгерлік тәжірибесі бар. Онда кешегі өткен данагөй қариялар, ғұлама ойшылдар, шешен билер, батырлар мен ақын-жыраулардың философиялық болжамдарының, педагогикалық тұжырымдарының өшпес ізі жатыр.

Орыс педагогы К.Д.Ушинский «мақал-мәтелдер балалардың тәрбиесі мен адамның жеке басының қалыптасуындағы сан ғасырлық тәжірибені қорытындылаушы, нағыз халық педагогикасы» деп жазды. Қазақ ауыз әдебиетінде айрықша орын алатын мақал-мәтелдер – адамның бүкіл тыныс-тіршілігінен, әдет-ғұрпынан, түсінік-болмысынан туындаған байлаулы ой-түйіндері.

Мақал бойындағы тапқырлықпен өткірлік бұлтартпас дәлдік қазақтың тәлім-тәрбие құралы ғана емес дауға да, жауға да тоқтам салатын қаруы болған. Абайдың әкесі Құнанбайдың ұтымды мақалдары кейде бір даудың түйінін шешеді, кейде бір жаудың тілін кеседі деуі осыдан болса керек.

Осындай тәрбиелік мәні зор мәселелерді қамти отырып, халқымыздың мұра ретінде қалдырған нақыл сөздері мен мақал-мәтелдерін еске түсіру мақсатында "Мың бір мақал" жарысын сынып ішінде өткізсек болады. «Мың бір мақал» соңғы кезде қазақ теледидарында үлкен аудитория жинап үлгерген ең керемет бағдарламалардың бірі болып жүр.

Ал мазақтамалар халқымыздың балалар бойындағы кездесетін ұнамсыз қылықтарды дер кезінде мінеп-шенеп түзетіп отыру үшін қолданылған қысқа сықақ өлеңдері.

Жаңылтпаштар бала тәрбиесінде өзіндік орны ерекше жанрлардың бірі. Ол баланың сөйлегенде кекештенбей, тұтықпай, жаңылмай дұрыс та еркін сөйлеуіне, ана тілін игеруіне қызмет етеді. Сан ғасырлар бойы халқымыздың санасына сіңіп, екшеліп, сараланып жеткен бай дәстүрлердің бірі ырым-ғұрыптар. Жақсылық нышандарына жоралғы жамандыққа тыйым ретінде айтылатын ырымдар халқымыздың баладан бастап үлкенге дейін ұлағаттылыққа тәрбиелеудегі бай тәжірибесінен түйінделген қағидасы екендігі даусыз.

Ырым-тыйымдардың тәрбиелік мәні қайсы бір заң ережелерінен де асып түспесе кем соқпайды. Абзал тәлімгеріміз Ахмет Байтұрсынов «Ырым етсең адал ет, жамандықтан аман ет» деп тегін айтпаған ғой. Мысалы: «Нанды бір қолмен үзбе» бұл киелі асты қорлау деген сөз. «Құстың ұясын, құмырсканың илеуін бұзба» - бұл мұсылманның имандылық заңында залал келтіру деп саналған.

«Үйде ысқырма», бұл көргенсіздіктің белгісі. Міне осындай ырымдар мен тыйымдар халықтың баланы ізгілікке, ізеттілікке, мінезділікке инабаттылыққа тәрбиелеудің тиімді құралдарының бірі болған.

Бала ойынмен өседі. Халқымыз бала мінез-құлқының қалыптасуында ойын әрекеті де елеулі мән атқаратынын жақсы аңғарған. Ұлттық ойындарда баланың ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өседі, мінез-құлқы қалыптасады. Бала ойынының түрі де мазмұны да сан алуан. Ойын үстінде бала достыққа, жолдастыққа, тапқырлыққа, іскерлікке, ептілікке, адамгершілікке баулиды. Мысалы: «бала ойынмен өседі, дана оймен өседі», «ойнай білмеген, ойлай да білмейді» деген мақал-мәтелдерде баланың ойынға аса құмар келетіні, ұл мен қыздың ойыны да түрліше болатыны, ойын

арқылы баланың сана-сезімі, кәсіп таңдауы, ақыл-ойы жетілетіні көрсетілген [2].

Қазіргі уақытта ұлттық сана-сезімді қалыптастыру жолдары білім берудегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Ұлттық сана-сезімнің қалыптасу деңгейінен адамның ана тіліне, ұлттық мәдениеті мен тарихына, елімен жеріне деген сүйіспеншілігі, азаматтығы көрінеді. Өз елін, ұлтын қадірлейтін адам басқа ұлтты да, елді де құрметтей алады[3].

Сыныптан тыс жұмыстар жасаймыз. Сыныптан тыс жұмыстар деп мұғалімнің оқушылармен сабақтан бос уақытта жүргізетін жұмыстар жүйесін ұлттық-мәдени жұмыстарды екі топқа бөлуге болады.

1. Бағдарламалардағы материалдарды толық түсінбеген оқушылармен жүргізілетін жұмыстар.

2. Қабілеттері жоғары, қызығушылықтары мол оқушылармен жүргізілетін жұмыстар.

Оқушыларды тәрбиелей оқыту барысында дамыту – бүгінгі педагогиканың ең көкейкесті мәселелерінің бірі [4]. Себебі, шәкірттердің ойлау дербестігі іске асырылмаса қазіргі ғылыми-техникалық прогресс қарқынының жылдамдығы мен жастардың білім игеру қабілеті арасында алшақтау туады.

Нәтижесінде:

- Балалар өз ойларын еркін жеткізеді.
- Логикалық ойлауды дамытады.
- Тіл байлығы, сөз қоры дамиды.
- Өлең құрастыра біледі.
- Сөзді дұрыс байланыстыра сөйлейді.

Тәрбие жұмысы барысында балаларға жаңа білім беріліп, шығарма мазмұнын қабылдаумен, оларды әңгімелеп айтып берумен, шығармашылық көрсете отырып кейіптендірумен байланысты іс-әрекет пайда болады.

Оқу мен тәрбие – егіз. Ұстаздың тәрбие үрдісінде шешуші рөл атқаратындығын барлығымыз жақсы білеміз. Ұлы педагог Ушинский «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басылық өнегесіне негізделген» - дегені белгілі. Ал ғұлама Әл-Фарабидің жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін адамды өте жоғары бағалап, оны «мәңгі нұрдың қызметшісі» - деп атауы бекер емес. Бүгінгі жасөспірімдердің адам болып қалыптасуында мұғалімдер қауымының атқарар еңбегі орасан зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоба. 2007 ж.

2. *Жарықбаев Қ.* Аталар сөзі, ақылдың көзі. – Алматы: Қазақстан, 1980; Ақ бата. – Алматы: Өнер, 1992; Даналардан шыққан сөз. Нақылдар жинағы. – Алматы: Мектеп, 1987; *Жарықбаев Қ.* Асылдың кені. – Алматы: Қазақстан, 1991; Сөз атасы.

Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер. – Алматы: Жазушы, 1987.

3. Халықтық педагогика және тәрбие. – Алматы: Рауан, 1994.

4. Кіші жастағы оқушының ұжымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру. – Астана, 2004.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы воспитания учеников начальных классов. Начальный этап обучения для учеников имеет большое значение, как в социальном, так и в психологическом отношении. И поэтому, вопросы воспитания на этом этапе учеников начальных классов посредством объяснения традиционных ценностей имеет приоритетное направление. Прививать уважение к народным традициям, приводить примеры из пословиц и поговорок и на ее основе воспитывать в учениках патриотизм, уважение к старшим и т.д.

(Оразбекова Ш. Воспитание учеников к уважению традиции казахского народа)

SUMMARY

The article examines the education of primary school pupils. The initial stage of learning for students is of great importance, both socially and psychologically. So education issues at this stage of primary school students by explaining the traditional values has priority. Instill respect for national traditions, to give examples of proverbs and on its basis to educate students in patriotism, respect for elders, etc.

(Orazbekova Sh. Training respect to traditions of the Kazakh people at schoolchildren)

ӨОЖ 155.2

Б.ДАУЛЕТБЕКОВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

СУИЦИДТЫҢ АЛДЫН-АЛУДА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Кейінгі кезде қоғамда орын алған мектеп оқушыларының арасында суицид, яғни өз-өзіне қол жұмсау жағдайлары көбеюде. Әсіресе, мектеп бітіргелі тұрған жасөспірімдердің болмашы нәрселердің себебінен өздеріне қол жұмсауы жиілеп кеткенін жасыра алмаймыз.

Суицид – соңы өлімге алып келетін адамның саналы түрдегі іс-әрекеті. Ол дүние жүзінде адам өлімінің жетекші себептеріне жатқызылады және қазіргі таңда жиі кездесетіндігімен де өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл феноменді кешенді түрде әрі егжей-тегжейлі зерттеу ғалымдарды да, дәргерлерді де, сондай-ақ жалпы адамзат баласын алаңдатып отыр. Мақалада мұндай өте өткір әрі күрделі жайттың алдын-ала барысында ұлттық тәлім-тәрбие іс-шараларын мейлінше тиімді пайдаланудың кейбір жолдары қарастырылады.

Кілт сөздері: суицид, ұлттық тәрбие, құндылық, нарықтық экономика, суицидаль, алкогольдік токсикомания.

Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымы (БӘДСҰ) берген мәлімет бойынша дүние жүзінде бір жыл ішінде 500 мың адам өз өмірлерін қияды екен. Ең жоғары өз-өзіне қол жұмсау көрсеткіші Австралияда, Швецарияда, Венгрияда, ФРГ-де, ГДР-де, Чехославакияда болса, ең төменгі көрсеткіш Болгария, Ирландия, Үндістан еншісіне тиесілі екен. Ал Америкада өзін-өзі өлтіру деңгейі 100 мың адамға орташа алғанда 25-29 адамнан келсе, жақын шет елдерде бұл көрсеткіш шамамен 23-24 адамнан келеді.

Қазіргі кезде дүниежүзінің ғалымдарын толғандыратын мәселе – бүгінгі технология қарыштаған шақта жасөспірімдер арасында жиі кездесетін суицидтің тым жиілеп кеткендігі болып тұр.

Бұл – өте қайғылы, өзекті өртейтін өкінішті оқиға. Кішкентай балапандардың, қандай себептер екенін білмейміз, осындай мұңды қадамдарға барып жатқаны жүрегінді ауыртады. Суицидтік жағдайдың себеп-салдары, тылсым-сырлары, ерекшеліктері аз емес. Оның құпия тұстары өте көп. Сондықтан да күнделікті күнкөріс қарбалас тіршілікте тәрбиенің маңыздылығының, құндылығының мәнін шашыратып алғанымызды айтпай кетуге болмайды. Біздің қасиетті дінімізде, қазақы тәрбиеде өзін-өзі өлтіру деген ұғым болмаған. Сондықтан жастарды осындай қадамға не итермелейді, оларға не жетпейді деген түсінікті түпкілікті зерттеу кемшін түсіп жатқаны

анық. Осы істі кешеуілдетпей, тезірек қолға алғанымыз дұрыс болар еді. Бұл жерде ұлттық тәрбиеге басты назар аударғанды қалар едім. Қоғамда орын алған нарықтық экономикада адамдардың бір-біріне деген ара-қатынастары, сана-сезімдері нарықтық қағидаға сүйене бастады. Нарықтық экономика болуы керек, оны өмір дәлелдеді. Ал қоғам атам қазақтан келе жатқан құндылықтарға сүйене отырып, дамуы керек емес пе?! Қоғамда болып жатқан нарықтық мәселелер мектепке де әсер ететінін жоққа шығаруға болмайды.

Ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фарабидің «Тәрбиесіз алынған білім халыққа өте қауіпті, оның арты қанды қақтығыстарға апарып соғуы мүмкін», - деген нақыл сөзін айта кетпес болар. Сол себепті, білім мен тәрбие құстың қос қанатындай бірге болса, құба-құп [1].

Өзін-өзі өлтіру – өзін өмірден қасақана айырудың себептері әр түрлі. Көп жағдайда өзін-өзі өлтіруге себеп болатын нәрсе өмір жағдайының шынайы қиындылығы және «тұрмыс оңалмайды» деп есептеу. Депрессивті жағдайлар «жиналып», соның салдарынан өзін-өзі өлтіру оқиғасы орын алуы мүмкін. Бір қарағанда, өзін-өзі өлтіру қарттарға, нашакорқорларға, жазылмайтын аурумен ауыратындарға және қылмыскерлерге тән іс-әрекет секілді. Ал енді балалардың өзін-өзі өлтіруі ата-аналарына ашық қарсылық білдіру түрінде жасалып жатқанын жасыра алмаймыз.

Жасөспірімнің өзіне қол жұмсауы және оның күн өткен сайын көбейіп бара жатқаны ата-ана тәрбиесіндегі келеңсіздіктер мен қоғамдағы қайшылықтардың көріністері екені анық. Оны ешкім жоққа шығара алмайды. Сондықтан да «Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімін» мемлекеттік деңгейде халық болып қолға алуды кешеуілдете бермей, оның сара жолға түсіру барлығымыздың да азаматтық міндетіміз екенін жете сезінуіміз керек [2]. Үлкен өмірге қадам басқалы отырған жастың келеңсіз әрекетке баруы, сөз жоқ, ұлттық тәрбиенің негізгі шарттары бұзылып, шет елге еліктеушіліктің де әсері бар екендігін көрсетсе керек-ті. Әрине, мұндайда ұлттық тәрбиенің жөні бөлек. Дәстүр мен дағдыдағы, тәрбие берудегі көшірме бізді орға жығады. Сонымен, бұл мәселені психолог-ғалымдар, педагогтар мен медицина саласының мамандары терең зерттегені жөн. Өйткені, бұл мәселе біздің басымыздағы қиыншылық қана емес, сонымен бірге ғасыр дертіне де айналып отырғандай.

Сондықтан «мектептің тәрбиесі төмендеді» деп байбалам сала бергенше, ата-ананың, қоршаған ортаның бала санасына құятын әсерін зерделеу қажет. Жастардың өзіне қол салуына рухани жағынан мешелденіп, қоғамнан тысқары қалып жатқандары себеп болуы да мүмкін ғой. Мұны шешу үшін өзіміздің ұлттық салт-санамызды дәріптеп, дәстүрдің озығын ұлықтап, тәрбиені отбасынан бастап, бала-бақша, мектеп, жоғары оқу орнына дейін апарсақ, ұлттық болмысымызды сақтап қаламыз.

Қазіргі кезде суицидология деп аталатын үлкен бір ғылыми бағыты бар, ол психология, медицина, демография, психиатрия және әлеуметтану тоғысында пайда болып, осындай әрекетке баратын тұлғалардың ерекшелігі,

әрекеті мен себептерін зерттеуге тырысуда. Суицидалды мінез-құлық – адамның саналы түрде өзін-өзі өлтіргісі келетін тұлғаның мінез-құлқының бір түрі деп есептейді олар.

Суицидалды мінез-құлықтың белгілі бір формасы, тәсілі, даму сатысы, тәуекел факторлары болады. Суицидалды мінез-құлыққа адамның жас ерекшелігі, жынысы, кәсіби ерекшелігі, өмірлік жолының өзгешелігі де әсер етеді.

Өзін-өзі өлтіру әрекетіне жанұялық қақтығыстар әсер етпей қоймайды. Жеткіншектің қоршаған ортасымен тіл табыспауы, өзін басқадан төмен санауы, қыздар арасында, әсіресе қыздарда өздерінің жігітеріне байланысты суицидалды әрекеттерге баруы суицидтің басты себептері болып табылады.

Өзін-өзі өлтіруге бармас бұрын, суициденттердің көбі дайындық кезеңі – суицидалды кезеңінен өтеді, ол адамның бейімделу қабілетінің төмендеуімен сипатталады. Ол қызығушылық деңгейінің төмендеуі, қарым-қатынастың шектелуі, мазасызданғыш, эмоционалды тұрақсыздық, т.б. болуы мүмкін.

Суицидалды мінез-құлық тағы да балалар үйінде және толыққанды емес отбасында өскен балалар арасында жиі кездеседі. Сонымен қатар отбасы аралық қақтығыс, әке-шешесінің айырылысуына да байланысты туып отырған сияқты.

Ғалымдар жыл мезгілдеріне қарай көктемде және жазда, әсіресе сейсенбіде суицид жасалу күні жоғары, ал күз, қыс мезгілдерінде сәрсенбі, бейсенбі күндері суицидтің жасалуы төмен болады деп қарастырады.

Суицидалды мінез-құлық көбінесе депрессия кезінде, алкогольдік токсикомания, психопатия және аффект кезінде жиі кездеседі [3]. Өзін-өзі өлтіруге көбінесе жеке басының мәселелері итермелейді. Сонымен бірге қоғамда өмір сүрі деңгейі нашарлаған сайын суицид те көбейе түседі.

Қазіргі кезде жастар өздерінің өмірлерін бағалай алмайды. Егер бір түйткілді мәселені шеше алмай жатса, олар өз өмірлерін қиюға даяр болады, өйткені олардың ойларынша тек осылай ғана тыныштық, уайым-қайғысыз өмір және махаббат табатын сияқты. Бұл әрине, өте келте ойлайтын, жарық дүниенің қадірін білмейтін, өмірге деген салмақты да байыпты көзқарастары қалыспағандардың әрекеті екені анық.

Сондықтан да ата-ана да, ұстаз да ең алдымен баланы тәрбиелеу ісінде қазақы ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып, жасөспірімдерге дұрыс бағыт-бағдар сілтегені жөн. Ұлттық құндылықтарымызды өз дәрежесінде пайдалана отырып, халықтық педагогиканың ұтымды әдіс-тәсілдерімен жас өскіннің сана-сезімінің, ой-өрісінің, тәлім-тәрбиесінің дұрыс қалыптасуына ықпал етуі тиіс. Жастарымыздың батыстық өмір сүру салтынан бас тартып, қазақы менталитетімізден арылмаған ибалы да ізетті жан болып тәрбиеленуі – біздің санамызға жат суицид секілді кейін пайда болған ұғымнан да аулақ жүретіні сөзсіз дер едім сөз соңында.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. –А.: Мектеп, 2000.
2. Ғаббасов С. Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі. – 1-2 кітап. – А., 2012.
3. Суицид – әлемдік індет // Қазақстан тарихы әдістемесі. – №4, 2009.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются причины суицида среди подростков.
(**Даулетбекова Б. Значение национального воспитания в борьбе с суицидом**)

SUMMARY

This article discusses the causes of suicide among adolescents.
(**Dauletbekova B. The value of national education against suicide**)

ӨОЖ 378.155

А.УРАЗБАЕВ

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

Р.НАРЫҚБАЙ

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

**СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІПТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ДАЙЫНДЫҚТАРЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ІС-ТӘЖІРИБЕНІҢ КЕЙБІР
ТАЛАПТАРЫ**

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес білім беру мақсаты мен міндеттері оқушыларды әлемдік даму деңгейіне сәйкес келетін белгілі бір біліммен қаруландыруды және ұлттық сана-сезімін тәрбиелеуді көздейді. Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны айрықша. Мектеп – қазіргі қоғамның дамуымен, әлеуметтік іс-тәжірибемен тығыз байланысты. Мектеп өмірі балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады. Бұл мақалада студенттердің кәсіптік-педагогикалық дайындықтарына жоғары дәрежеде пайда келтіретін талаптары жан-жақты қарастырылып, олардың іс-тәжірибесінің түрлері нақты мысалдармен келтірілген.

Кілт сөздері: кәсіптік-педагогикалық дайындық, іс-тәжірибе, рефлексия, дағды, дидактикалық қабілет, аспект, дидактикалық дайындық, гуманитарлық бағыт, ғылыми мазмұн, инновациялық іс-әрекет.

Мектеп табалдырығын аттаған жас бала ертеңгі ел тұтқасы десек, оларды парасатты, саналы азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ұстаздың борышы. Бүгінгі мұғалім кіші мектеп оқушыларына тек білім беріп қана қоймай, оларға халықтық педагогиканың нәрлі қайнарымен сусындату, әрбір оқушы бойына ұлттық мінез-құлық, адамгершілік, сыпайылық пен кішіпейілдік қасиеттерін қалыптастыруға, баланың жан дүниесін рухани қазыналармен байытуға, қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін меңгертуге тиіс.

Алдыңғы қатарлы тәжірибені жетілдіре отырып, оқу үрдісіне жаңа әдіс-тәсілдерді, оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, оқушылардың жалпы дамуын қамтамасыз етуі керек. Мұндай жағдайда болашақ мұғалімнің шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рөл атқарады. Кіші мектеп оқушылары үшін мұғалім олар еліктейтін, үлгі ететін абыройлы жан. Олар ұстазының бүкіл іс-қимылына, жүріс-тұрысына, сөйлеу мәнеріне, адаммен қарым-қатынасына еліктейді. Сондықтан да жауапкершілігі мол, адал да мейірімді, әділ де парасатты, рухани дүниесі бай педагогтар ғана балаға білім мен тәрбие беріп, оның жан дүниесіне әсер ете алады.

Жоғарыда аталған талаптарды шешу және қазіргі кезде білім берудің мемлекеттік стандарттарының жасалуы, оқушылардың стандарт деңгейінен кем емес білім алуының талап етілуі оқытудың дәстүрлі әдіс-тәсілдерін өзгертіп, озық технологияларды қолдануды, мұғалімдердің әдістемелік даярлықтарына қойылатын талаптар деңгейін көтеріп, олардың оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін, жаңа технологияларын меңгеруін қажет етеді.

Ал, жаңа технологияны меңгерудің қажетті шарттарының бірі – болашақ мұғалімнің кәсіптік білімін жетілдіру болып табылады. Мұғалімнің өздігінше кәсіби білім көтеруі – жалпы мәдениет пен кәсіби тілектерін өтеу, танымдық мүддесін қанағаттандыру мақсатында арнайы жүйелі түрде ұйымдастырылған, жан-жақты, жеке және кәсіби маңызды танымдық қызмет. Бұл болашақ мұғалімнің шығармашылық қабілеті мен кәсіби шеберлігінің қалыптасуына тығыз байланысты, оның кәсіби өсуі мен болашақтағы педагогикалық қызметінің қорытындысына тікелей бағытталған көпсатылы қызмет болып табылады. Түптеп келгенде, бұл тәрбиеленушілердің жеке тұлға болып қалыптасуына игі әсерін тигізетін сөзсіз. Болашақ мұғалімнің өз бетімен кәсіби білімін жетілдіруге дайын болуы білім жетілдіру қызметін жүзеге асыру үшін қажетті іс-әрекет пен амалдарды қолдана отырып, өз кәсіби мен тәрбиеленушісіне деген эмоционалды бағалау қарым-қатынасын айқындайтын деңгейі арқылы анықталады. Өзі жеке тұлға болып қалыптасқан адам ғана өзгеден де соны көріп, дамыта алады. Өзін маман әрі жеке тұлға ретінде көрсете алатын мұғалім еш уақытта өзінің жақсы қасиет-қабілеттерін саналы түрде дамытып, жетілдіруден жалықпайды. Педагогикалық рефлексия – бұл тек өзіне және өзінің іс-әрекетіне баға беру ғана емес, сонымен бірге педагогикалық қарым-қатынасқа түскен өзге жандардың да өз-өздерін қалай түсінетіндіктерін байқау, өзін-өзі тану, өзінің әлсіз жақтары мен әлеуеттік мүмкіндіктерін аша білу үшін педагогикалық іс-тәжірибе кезінде білікті мамандардан сабақ алу.

Өзіндік талдау жасаудың маңызы болашақ мұғалімнің мінсіздікке жетуге ұмтылу факторы ретінде қаралатындығында. Өзін-өзі тексеру деп студенттердің педагогикалық іс-тәжірибе кезінде өз іс-әрекеті мен жалпы педагогикалық қызмет құбылыстарын салыстыра отырып, өзінің болашақ педагогикалық қызметіне жасаған талдауын айтуға болады. Өз қызметіне талдау жасап отыру болашақ мұғалімге қызмет бабында туындайтын қиындықтарды сезініп, оларды шешудің мақсатқа жеткізер кәсіби жолдарын табуына көмектеседі. Қиындықтар болашақ мұғалімнің дайындық сипатының жеке ерекшелігіне, оның кәсіби бағыттылығына, сынып пен жеке балалардың ерекшеліктеріне байланысты педагогикалық процестің кез келген буынында пайда болып отырады. Қиындықтардың туу себептерін анықтай білу болашақ мұғалімге өзінің педагогикалық іс-тәжірибе барысында өз білімін жетілдіру мен өзін-өзі тәрбиелеу жолдарын белгілеуге жәрдемдеседі. Болашақ педагогтың өз бетімен білім жетілдіру қызметі әр түрлі мазмұндық және функционалдық құрамдас бөліктерден тұрады. Мазмұндық құрамдас бөлікке

жалпы мәдениеттілік, пәндік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік жағынан өз білімін көтеруі жатады. Болашақ педагогтың жалпы мәдениеттілік білім көтеруі жалпы педагогикалық құндылыққа толы ақпаратты қабылдауға, соған ие болуға арналған. Ал, өз білімін психологиялық-педагогикалық жағынан көтеруі педагогикалық және психологиялық әдебиеттермен тереңірек танысып, оқып үйрену болып табылады. Осы бағытты арнайы зерттеу мен одан алынған нәтижелерге сүйене отырып, бұл аспектінің білім көтерудің өте бір әлсіз буыны екеніне көзіміз жетті. Болашақ мұғалімнің әдістемелік жағынан білім көтеруі пәннің оқытылу әдістемесін одан әрі тереңдету, нақтылау, өңдеу, кеңейту болып табылады. Бұл арнайы әдістемелік әдебиетті, оқулықтарды, педагогикалық тәжірибені оқып үйрену арқылы, өз қызметін талдап қорыту арқылы жүзеге асырылады. Бұл бағыт көптеген зерттелген тәжірибеде жиі байқалады, бірақ барлық жағдайда бірдей алынған ақпарат саналы түрде шығармашылық тұрғыдан өңделмей, сын тұрғысынан талданбай, тек еліктеушілік сипатта қала береді. Кәсіби шеберлігі шыңдалып, қалыптасуы болашақ мұғалім үшін өмірінің кәдімгі үйреншікті тірлігіне айналады. Кәсіби перспективтік өздігінше іс-тәжірибе кезінде білім алу – бұл болашақ мұғалімнің өзінің педагогикалық қызметінің нәтижесін талдау негізінде пайда болған белгілі бір психологиялық-педагогикалық немесе әдістемелік мәселе төңірегінде іс-тәжірибе барысында жұмыс істеуді талап етеді. Өзектілік тұрғысынан педагогикалық іс-тәжірибе кезінде өздігінше білім алу дегеніміз – бұл тез шешім қабылдауды қажет ететін педагогикалық тәжірибедегі кейбір елеулі, маңызды, бірақ жекелеген қиындықтармен жұмыс жүргізу болып табылады.

Болашақ мұғалімнің өз бетінше педагогикалық іс-тәжірибе кезінде кәсіби білім алуының мазмұндық компоненттерінің әрқайсысы әртүрлі деңгейде қалыптасқан болып, соның нәтижесінде барлық өзбетінше білім алу тәжірибесі көп деңгейлі білім алу ретінде көрінуі мүмкін. Қазіргі заман талаптарына сай болашақ мұғалімдерді даярлауда жаңа мақсат-міндеттер мен талаптар қойылып отыр. Болашақ мұғалімнің кәсіби білімі мен біліктілігі жоғары деңгейде болып, оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту мәселелерін шешуге шығармашылық қабілеттері болуға тиісті. Болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығын жетілдіруде екі негізгі міндетті орындау қажет: бірінші мәселе – ұстаз қызметінде тәрбие беру мәселесі; екінші мәселе – дидактикалық даярлығын арттыру. Мақсатты және бағдарламалық-мақсаты тәсілдерді дамыту педагогикалық оқу орындарының мұғалімнің тәрбиелік міндеттерінің көбеюі (кәсіби қажетті білім, дағды, мүмкіндіктерінің ауқымын кеңейту) және оқу орын қабырғасында жүрген осы қажеттіліктер ауқымын нақты игеру мүмкіндіктерінің арасындағы қайшылықтарды жоюға бағытталған. Болашақ мұғалім тәрбие жұмысының мазмұндық және міндеттік қырларын нақтылау факультет пен мамандық ерекшелігі ескеріліп, қажетті мәліметтерді таңдап алу негізінде жүргізілуі қажет. Негізгі педагогикалық ережелерді ғылыми пайдалану дәрежесін

арттыру, педагогикалық қызметті игерудің сапасын жетілдіру де осы мақсатқа қызмет етуге тиісті. Дидактикалық дайындық – кәсіби-педагогикалық даярлықтың негізгі және маңызды саласы. Дидактикалық даярлықты қалай түсіну керек? Болашақ мұғалімдердің дидактикалық даярлығына жататындар: олардың оқыту үрдісінің теориясы мен практикасы бойынша игерген білімдері, педагогикалық қызметке деген ынтасы мен мүмкіндіктері. Нақты айтқанда, оқытудың мақсаты мен мазмұны оны ұйымдастырудағы қолданатын тиімді әдіс-тәсілдерді жете біліп, іске асырудың жолдарын меңгеруді дидактикалық даярлықты анықтайтын белгілер деуге болады. Осыған орай, педагогикалық қызметті атқаруға қажет болашақ мұғалімнің бойында мынандай дидактикалық қабілеттер болуы қажет: оқыту үрдісін жоспарлай білуі, оны мақсатты түрде ұйымдастыра алуы, жүйелі түрде бақылау мен бағалау ісін орындап отыруы. Мектептегі оқыту дидактикалық үрдіс болғандықтан, болашақ мұғалім оның өзіне тән психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін білуі өте қажет. Оқыту үрдісінің басты компоненті – оқытудың мақсаты мен мазмұны. Оқушылардың рухани дамуына, ең алдымен, оқытудың ғылыми мазмұны мен гуманитарлық бағыты орасан зор ықпал етеді. Психология, педагогика ғылымдарын оқыту барысында болашақ мұғалімдердің дидактикалық білімдері мен дағдыларын арттыру мақсатында педагогикалық қызметтің кәсіби құрылымы мен оның моделі туралы, сондай-ақ, мектептегі оқушылардың танымдық әрекетін қалыптастырудың психологиялық және әдістемелік құралдары мен тиімді жолдары туралы жан-жақты білім беру міндеті туындайды. Жас мұғалімдердің қызметіндегі дидактикалық қиындықтар, негізінен олардың мынандай іс-әрекетінен байқалады: ұстаздық қызметтің мазмұны мен құрылымдық жағындағы байланыс іс-әрекетінде; оқушылардың танымдық әрекетін қалыптастырудағы іс-әрекетінде; дарынды балалармен, үлгермейтін оқушылармен жеке жұмыс істеудегі әрекетінде. Болашақ мұғалімдердің ұстаздық қызметке тән іс-әрекеттің негізгі түрлерін (құрамды бөліктерін) жете меңгере алмағандығын өмір көрсетіп отыр. Оған мыналар жатады: ұстаз қызметіндегі мақсат қоя білу ісі; білімнің мазмұнын игеру ісі; оқушылардың білім алуға деген мүмкіндіктері мен психологиялық ерекшеліктерін анықтау (диагностикалау) ісі; сабақ өткізудің әдістемелік жағын ұйымдастыра білу ісі; оқушылармен жақсы қарым-қатынас жасай білу ісі (коммуникативтік әрекет); оқушыларды білімге ынталандыру, қызықтыру іс-әрекеті; оқушылардың білімін, дағдыларын бақылау және бағалау іс-әрекеті. Жас мұғалімдердің қызметінде кездесетін дидактикалық қиындықтардың көбірек орын алатындары мыналар: оқыту үрдісінде оқушылардың танымдық әрекетін, логикалық ойлау қабілетін қалыптастырудағы қиындықтар; оқушылардың оқу әрекетінің дағдыларын қалыптастырудағы қиындықтар; дарынды балалармен және үлгермейтін оқушылармен жекелеп жұмыс істеудегі қиындықтар. Мұғалімдері қандай болса, қоғамы да сондай деген бұлжымас заңдылық ерте уақыттардың өзінде-

ақ белгілі болды. Адамзат өркениетінің даму тарихында жақсы мектебі мен мұғалімдері бар мемлекеттер ғана алға озып шыққан. Мұғалімнің рөлін төмендету қашан да болмасын мемлекетті аздырып, әдет-ғұрыптарды нашарлататын кынжытарлық жағдайлармен аяқталып отырған.

Алғашқы талап – педагогикалық қабілеттіліктің болуы – оқушылармен жұмыс жүргізуге бейімділіктен; балаларға сүйіспеншіліктен; олармен қарым-қатынаста қанағаттанудан көрінетін тұлғалық сапа. Мәселен, В.А.Сластенин қабілеттерді мынандай негізгі топтарға бөледі: 1. Ұйымдастырушылық: мұғалімнің оқушыларды топтастыра алуы, оларды іске араластыру, міндеттерін бөліп беру, жұмысты жоспарлау, атқарылған істің қорытындысын шығару және т.б. біліктерінен байқалады. 2. Дидактикалық: оқу материалына сәйкес көрнекілік құрал-жабдықтарды іріктеу және дайындау; оқу материалын ұғынып, анық, мәнерлі, сенімді және бірізділікпен баяндау; танымдық қызығушылықтар мен рухани қажеттіліктердің дамуын ынталандыру, оқу-танымдық белсенділігін арттыру және т.б. 3. Рецепттік: тәрбиеленушілердің рухани әлеміне ене алу, олардың эмоциональдық көңіл-күйін объективті бағалау, психика ерекшеліктерін анықтау біліктерінде көрініс береді. 4. Коммуникативтік: мұғалімнің оқушылармен, олардың ата-аналарымен, әріптестерімен, оқу орнының жетекшілерімен педагогикалық мақсатқа сәйкес қарым-қатынастар орната алу білігінен байқалады. 5. Суггестивтік: оқушыларға эмоциональды-еріктік ықпал жасаудан көрінеді. 6. Зерттеушілік: педагогикалық ситуациялар мен процестерді танып білу және объективті бағалау білігінен көрініс береді. 7. Ғылыми-танымдық: мұғалімнің педагогика, психология, әдістеме салаларындағы жаңа ғылыми білімдерді меңгеруге қабілеттілігіне саяды. Педагогикалық қабілеттерді (талант, икемділік, бейімділік) педагогикалық алғышарты деп есептеуге тура келеді, алайда олар тіпті де шешуші кәсіби сапа емес. Мұғалім – ол қашанда ұлы еңбеккер. Гуманизм – бұл мұғалім үшін міндетті сапа, яғни, өсіп жетіліп келе жатқан адамға жер бетіндегі жоғары құндылық ретінде қарым-қатынас жасау, бұл қарым-қатынасты ол нақты істер мен қылықтарында көрсетеді.

Мұғалім мамандығында тұлғалық сапалар кәсіби сапалардан ажыратылмайды. Кәсіби сапалар арнайы білімдер, біліктер, ойлау жолдарын, әрекет әдістерін игерумен байланысты. Өзінің кәсіби еңбегіне сүйіспеншілік – өз ісіне адалдық пен аямай берілетін, тәрбие нәтижелеріне қол жеткізгенге қуану, өзіне, өзінің педагогикалық мамандығына ұдайы арттырып отыратын талап қоюшылық деп санаймыз. Өзге мамандықтарға дәл осы мұғалімдік секілді соншалықты жоғары талаптар қойылмайды. Сондай-ақ, бастауыш мектеп мұғалімінің жұмысын талдауда мұғалімдік шеберлік деп аталатын интефальды (біріктірілген) сапа алдыңғы орынға шығады. Педагогикалық шеберліктің анықтамасы көп. Ең жалпы мағынада ол – тәрбиелеу мен оқытуды жоғары және ұдайы жетілдіру өнері. Шеберліктің негізіне мұғалімнің жеке мәдениеті, білімі мен ой-өрісінің педагогикалық техникамен,

сондай-ақ, алдыңғы озық тәжірибемен ұштасып, қорытылуы алынған. Шеберлікті меңгеру үшін көп нәрсені білу және істей алу қажет. Теорияны білу, оқу-тәрбие процесінің тиімді технологиясын пайдалана білу, оларды нақты жағдай үшін дұрыс таңдау, тиісті деңгей мен сапаны белгілеу, болжау және жобалай алу қажет. Педагогикалық шеберлікті құрайтындар аз емес. Ол, ең алдымен, оқу процесін барлық, тіпті жағымсыз жағдайлардың өзінде қажетті деңгейдегі тәрбиелік даму және білімге қол жеткізуге болатындай етіп ұйымдастыру білігінен көрінеді.

В.А.Сластениннің пікірі бойынша, мұғалім профессиограммасы мыналарды қамтиды: 1) қоғамның саяси сапалары; 2) әлеуметтік-психологиялық, этикалық-педагогикалық және ұстаздың жеке басының сапалары; 3) психологиялық және педагогикалық даярлық; 4) мамандық бойынша даярлық; 5) пән бойынша даярлық.

Бұл сапалар болашақтағы мұғалімдік қызметке қойылатын жалпы талаптардан туады. А.Николс ұсынған жаңалық енгізудің моделі инновацияның үш түрлі кезеңін: даярлық, жоспарлау, жаңалықты енгізуді қамтиды. Инновацияның мазмұндық құрылымына кіретіндер: білім беру-тәрбиелеу үрдісінде, оқу-тәрбие жұмысын және оларды меңгеріп алу, зерттеу, мектептегі оқу-тәрбие үрдісіне енгізу. Болашақ ұстаздың инновациялық іс-әрекеті төрт түрлі өлшеммен сипатталады: инновациялық іс-әрекеттің қажеттілігін сезінуі; оқу үрдісіне жаңалық енгізуде шығармашылықпен қызмет етуге даярлығының болуы; енгізілетін жаңалықтардың бағытының дұрыстығына тиімді нәтиже әкелетініне сенімді болуы; белгілі проблеманы шешудегі қолданылатын инновациялық іс-әрекетті толық өзіне қабылдап, оны енгізе білуі.

Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін ғалымдар былай сипаттайды:

1. Инновациялық іс-әрекеттің негізгі міндеттері: жаңалықты тұтастай және жекелеген кезеңдерінің нәтижелерін болжау; жаңалықтың жетімсіз жақтарын анықтап, оны енгізуді ұйымдастыру кезінде толықтыру мақсатын көздеу; жаңалықтарды басқа жаңалықтармен салыстырып, олардың тиімдісін тандап алу, мәні мен зерттелуін анықтау; жаңалық енгізілетін ұйымның инновациялық қабілетін бағалау. Бұл міндетті шешу үшін (зерттеу мәселесі бойынша) мынадай қосымша міндеттер шешілуі қажет: арнайы әдістемелік әдебиеттерді, қосымша газет-журнал материалдарынан, жекелеген әдіскерлер еңбектерінен инновациялық іс-әрекет түрлерімен танысып, оларға талдау жасау, қолданылу мүмкіндіктерін айқындау; өз іс-әрекетіне үнемі әдістемелік талдау жасап отыру.

2. Болашақ маманның кәсіби педагогикалық функциялары: конструктивтік, ұйымдастырушылық, қарым-қатынастық, дамытушылық, ақпараттық, зерттеушілік. Бұл функцияларды іске асыруда мұғалім іс-әрекетінің түрлері бөлініп көрсетілген: өзінің және оқушының іс-әрекеті жоспарлауда оны дамыту мен қалыптастыру үрдісінде құрылымдық тұрғыда іске асыру іс-әрекетінің міндеттерін шешу үшін, мұғалім оқу-тәрбие

жұмысының бастауыш білім берудегі білім мазмұны мен кезеңдерінің әдістемесінің бірлігін сақтау оқушы іс-әрекетінің құрылысын жоспарлау және оған педагогикалық жетекшілік жасау; негізделген инновациялық іс-әрекеттерді тандау, анықтау, ұжымдағы оқушылардың жеке бас ерекшеліктеріне сәйкес тапсырмаларды ұйымдастыруы қажет. Бұл құрылымдық тұрғыны іске асыруда мұғалім ғылымның, әдістеменің соңғы жаңалықтарын, инновациялық іс-әрекетті пайдаланып құрылған сабақтар жүйесін жасайды. Сабақтың әр кезеңін шығармашылықпен өткізіп, оқушы іс-әрекетін ұйымдастыруда инновациялық іс-әрекетті тиімді қолдану жоспарын жасайды. Ұйымдастырушылық іс-әрекет міндеттерін шешу үшін: оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыру; оқушының оқудағы психологиялық және практикалық даярлығын ұйымдастыруға жағдай жасау оқушыларды әртүрлі оқу-тәрбие жұмыстарына баулу; шығармашылықтарын дамытуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру; сабақты тыңдауға, білімді қабылдауға оқушыларды дайындай білуі. Қарым-қатынас тұрғысындағы әрекетті іске асыру: оқушы мен мұғалім арасында іскер қарым-қатынас орнықтыру; оқу үрдісіндегі ұжымдағы оқушылар қарым-қатынасын жақсарту. Дамытушы тұрғыдағы іске асыру қызметі: инновациялық іс-әрекетті оқушының жасөспірім физиологиясына, педагогикалық-психологиялық ерекшелігіне сәйкес қолдану; оқу үрдісіне оқушының ақыл-ой еңбегін ұйымдастыру; оқу үрдісінде педагогикалық жағдаят тудыру арқылы, оқушының өздігінен ойлауымен оқылатын шындық болмыс арасындағы байланысты білу – оқушының білімге қызығушылығын арттыру; алдыңғы қатарлы озық тәжірибелердің оқушы білімін дамытушы әдіс-тәсілдерін қолдану. Ақпараттық функцияны іске асыру қызметі: оқу материалдарын еркін меңгеріп, оны жеткізе білу әдістемесі мен тәсілдерін қолдана білу; пән мазмұнына ғылыми-дидактикалық талдау енгізу; оқытуда жаңа технологиялар элементтерін қолдану. Зерттеу функциясы қызметін іске асыруда: проблема бойынша зерттеу жұмысын жүргізу; педагогикалық қызмет түрлерін қайта құру мен бағалау; инновациялық іс-әрекетті тиімді пайдалану мақсатында оқып үйрену. Мұндай жеке бас қасиеттеріне авторлардың көбі білімді, дағды мен іскерлікті және жеке бас сапаларды жатқызады. Жұмысымызда жеке бас қасиеттерінің әр көрсеткіштеріне жете тоқтап, талқылауды жөн көрдік. Білім сферасына біз идеологиялық әдістемелік, психологиялық-педагогикалық және ақпараттық мағлұматтарды жатқыздық. Идеологиялық мағлұматтарға: қоғам дамуының тенденцияларын айқындау, бастауыш білім беруді жетілдіру, философиялық, педагогикалық-психологиялық көзқарастарының болуын жатқыздық. Психология-педагогикалық көрсеткішке: педагогикалық этика, инновациялық іс-әрекетті меңгеруге мұғалімнің психологиялық даярлығын, жаңалыққа сенімінің болуы, қолданылған талпынысының болуы, педагогикадан, психологиядан, әдістемелік пәндерден білімінің болуы, инновациялық іс-әрекет өлшемдерін, алдыңғы қатарлы озық тәжірибе туралы білімінің болуын жатқыздық.

Ақпараттық білімге: инновациялық іс-әрекет туралы ақпарат материалдарын жинақтауды, мұғалімнің монографиялық, мерзімдік, анықтамалық әдебиеттермен жұмыс жүргізе білуін жатқыздық. Өз зерттеуімізде мұғалімнің жеке бас қасиетінің негізгі мамандыққа тән мынадай іскерлік түрлері қалыптасуы қажет деген ойға келіп отырмыз: бастауыш сыныптарда қолданылатын жаңашыл әдістемелерді анықтау іскерлігі; әр оқушының жеке басының қабілетін есепке алу іскерлігі; оқушылардың таным қабілетін, өздігінен білімін, іскерлігі мен дағдысын жетілдіру іскерлігі; жаңашыл әдістемелердің мүмкіндігін мақсаткерлікпен пайдалана білу іскерлігі. Болашақ мұғалім қызметінде осындай білім іскерлік пен дағдыны қалыптастыру жүйесін қолдану оның кәсіби педагогикалық іс-тәжірибе барысында қамтамасыз етіледі. Сонымен инновациялық іс-әрекетті зерттеген ғалымдардың пікірлерін бір жүйеге келтіре отырып, біз мынадай қорытындыға келдік: инновациялық іс-әрекет дегеніміз – мұғалімнің жаңашыл идеяларды, жаңашыл әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үрдісінде өз кәсіби тәжірибесіне, мектеп жағдайына, балалардың білім дәрежесіне байланысты енгізуін айтамыз. Инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыру әрекетінің рөлі – жаңа білім беру бағдарламаларынан, әдіс-тәсілдерімен танысып, талдау; оларды өз жұмысында қолдану туралы шешім қабылдау; жаңашыл әдіс-тәсілдерді өз іс-тәжірибесінде қолдану мақсаттарын белгілеу; эксперименталды жұмыстың кезеңдерін жоспарлау; болашақ қиыншылықтарды болжау; жаңашыл әдіс-тәсілдерді, идеяларды педагогикалық үрдіске енгізу; инновациялық іс-әрекеттің нәтижесін қорытындылап, бағалау, талдау. Көптеген ғалымдардың жеке тұлғаға берілген анықтамаларын сараптай келе, жеке тұлға дегеніміз – әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Жеке тұлғаның ең басты белгісі – оның әлеуметтік мәнінің болуы, әлеуметтік функцияларды (қызметтерді) атқаруы деп атап көрсеткен. Осыған байланысты қоғамның басты тірегі адам – жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі тың тұрғыдан танылуда оның қалыптасуына әсер ететін факторлар да шетте қалмауы тиіс. Атап айтатын болсақ, педагогикада жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына әсер ететін шешуші факторлар: орта, тәрбие, тұқымқуалаушылық. Жеке тұлғаны қалыптастырудағы шешуші факторлардың бірі – тәрбие. Тәрбие – өсіп келе жатқан жас ұрпақты өмірге даярлаудың барлық жағын қамтитын, жеке тұлғаны ғасырлар бойы жиналған адамзат тарихындағы тәжірибені игертіп, біліммен жарактандыруға бағытталған қоғамның талап-тілегіне тәуелді күрделі үдеріс. Тәрбиенің қоғамдық ортаның объективті, субъективті факторларына тәуелді болуы, жеке адам дамуы мен тәрбиенің байланыстылығы, тәрбиеленушілердің іс-әрекетін қоғамға пайдалы етіп ұйымдастыру. Бізге бұрыннан белгілі болып келген тәрбиенің ұйымдастырушылары: отбасы – ата-ана, балабақша – тәрбиеші, мектеп – мұғалім. Ғылыми-зерттеу іс-әрекетімен айналысу, кәсіптік-педагогикалық қасиетке жаңаша көзқараспен қарауы – бұрыннан қалыптасқан «мұғалімнің айтқаны әрқашан дұрыс» деген қағидадан аулақ болып, мұғалім тек ақпарат таратушы ғана болмай, оқушының жеке тұлға болып қалыптасуының басты көмекшісі болуы керек, оқушының даму деңгейіне қарамастан, оның тұлғасын құрметтеу, авторитарлық биліктің орнын өзара бірлескен қызмет, көмек, оқушының аз да болса да жетістігіне қуана білушілік басшы болуы керек.

Оқушылардың әрқайсысын тануға тырысу, өз мамандығын сүю; инновациялық технологияларды меңгеруі – болашақ педагог өзінің шығармашылық іс-әрекетінің арқасында тұтас педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыру үшін қазіргі кездегі бар инновациялық технологияларды меңгеруі тиіс. Жаңа инновациялық технологияларды ғылыми ізденіспен тәжірибеге енгізуде өз үлесін қосуы қажетті педагогикалық міндеттерді шешудегі кәсіптік, шығармашыл іскерлігі – педагогикалық міндеттерді шешу барысында шеберлік танытып, өзінің білім, білік дағдыларын пайдалана отырып, оқушыларға тиісті білімдер жүйесін меңгерту. Оқушылардың білімдерін тексеруде мұғалімнің жүргізетін диагностикалық іс-әрекеті, шығармашылық шеберлігі – мұғалім оқушыларды оқытып қана қоймай, оларды тәрбиелеумен айналысатыны белгілі. Мектеп өмірінде небір қиын жағдайлар кездесіп жатады, сондай жағдаяттарда өзінің шығармашылықпен ойлай білетіндігін, шеберлігін танытуы тиіс. Сонымен қатар оқушылармен, сыныппен жүргізілетін түрлі мәдени шараларды ұйымдастыруда дайын жоспарларды пайдаланбай, сол сыныпқа, сынып ішінің құрамына, сипатына тән жоспарлар жасап, оқушылар үшін, ата-аналар үшін, мұғалімнің өзінің өз ісіне қанағаттануы үшін қызықты іс-шара өткізе білуі шарт. Осылайша, болашақ педагог қазіргі қоғам талаптарын ескеріп, өзінің алдына педагогикалық міндеттерді қоя және шеше білетін, оқыту мен тәрбиенің озық технологияларын меңгерген, білім беру процесін басқара алатын, тәжірибеде педагогикалық ситуацияларды оқушы тұлғасының дамуына бағыштап, жобалай және жүзеге асыра алатын бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға болуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Айтмамбетова Б.Р., Бейсенбаева А.А.* Жеке адамның дамуы, тәрбиесі. – Алматы: КазПИ, 1991.
2. *Қоянбаев Р.М., Қоянбаев Ж.Б.* – Алматы: Педагогика, 2000.
3. *Сластенин В.А. и др.* Педагогика: учебное пособие. – Москва: Академия, 2004.
4. *Кенжебеков Б.Т.* Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби күзiреттiлiгiн қалыптастыру: Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесiн алу үшiн дайындалған диссертациясының авторефераты. – Қарағанды, 2005.

РЕЗЮМЕ

В данной статье всесторонне рассматриваются требования к профессионально-педагогической подготовке студентов, а также приводятся конкретные примеры их использования на практике.

(Уразбаев А., Нарикбай Р. Некоторые требования к профессионально-педагогической подготовке студентов)

SUMMARY

This article deals with the high level requirements of students' professional-pedagogical training and types of practice with the exact samples.

(Urazbayev A., Narikbay R. Some requirements to professional-pedagogical training students)

ӨОЖ 372.7

Ғ.М.АЛЕНОВА

Ататүрік атындағы №17 жалпы орта мектебінің мұғалімі

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС- ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ана тілі сабағында әрбір оқушыны өлеңді немесе мәтінді дауыс ырғағын сала отырып, мәнерлеп оқуға үйретсек және әдеби шығармалар арқылы адамның жан дүниесін тебіренетін құдіретті күші мен эмоциялық қасиетін байқай білуге тәрбиелесек, мұның өзі жас баланың жүрегіне ибалылық, мейірімділік нәрін егуге ықпал ететіні анық. Бұл орайда жас баланың сана-сезіміне ықпал ететін қиял-ғажайып ертегілер де маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда мұғалім сабақ құрылымын құруда көркем сөздер арқылы тек баланың санасына әсер етуді көздемей, бірінші кезекте баланың сезіміне әсер етуге, оларды жақсылыққа қарай итермелеуге жағдай жасайтын шығармалар арқылы шынайы өмірге көпір салуға ұмтылуы тиіс екендігі арқау болады.

Кілт сөздері: оқыту мазмұны, оқу техникасы, танымдық қабілеттер.

Кез келген елдің болашағы білім беру жүйесінің және зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болғандықтан, Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттігі күмән тудырмайды. Әлемдік білім кеңістігіне еркін енуді көздейтін отандық 12 жылдық білім беру жүйесі туралы сөз қозғалғанда, ең алдымен, білім мазмұнын жаңарту мәселесі өзектілігімен ерекшеленеді [1].

Осыған байланысты бастауыш мектептерде оқыту мазмұнын жаңарту жұмыстары қолға алынып, одан әрі жетілдіріле түсуге даңғыл жол ашылды. Бала өмірінде 6 жаста үлкен өзгеріс болатыны белгілі. Бала мектеп оқушысына айналады. Баланың мектеп жасына өтуі оның іс-әрекеті, қарым-қатынасы, ұжыммен араласуы мен қатынасының өзгеруімен байланысты түсіндіріледі. Негізгі іс-әрекет түрі оқу болады, өмірі өзгереді, жаңа міндеттер пайда болады.

Бастауыш мектеп жасындағы баланың танымдық іс-әрекеті оқыту үдерісінде жүзеге асады. Осы жаста қарым-қатынас шеңберінің кеңеюінің маңызы артады. Баладағы өтіп жатқан осы өзгерістерді мұғалімдерден бүкіл оқу-тәрбие жұмысын нақты мақсатқа бағыттауды талап етеді.

Баланың қызығуы өз бетімен пайда болмайды. Ол әлеуметтік ортаның, ересектердің әсерінен пайда болады. Балалардың қызығулары олардың жас және дербес ерекшеліктеріне байланысты болғандықтан, оқу мен тәрбие

жұмыстарын ұйымдастыруда әртүрлі жастағы балалардың өздеріне лайықты қызығулары болатынын ескеру қажет.

Оқу басқа іс-әрекетке қарағанда оқушылардың қызығушылығы болғандықтан, олардың танымдық қабілеттері дамиды, соның арқасында дүниеге адамгершілік көзқарастарын бірте-бірте қалыптастырады. Осы оқу арқылы олардың таным үдерісі (қабылдау, зейін, ес, қиял, ойлау) дамиды.

Кіші жастағы оқушылар үшін ана тілі сабақтары өмірді, ондағы адамдық қарым-қатынастарды түсінуге ашылған терезе іспеттес. Мұнда қайырымдылық, адалдық, бір-бірін түсіне білу, парыз және басқа да көптеген түсініктердің алғашқы бастамаларының негізі қаланады. Әрине, осындай маңызды ұғымдар бала санасында дайын күйінде қалыптаса салмайды.

Міне, сондықтан ана тілі пәні мұғалімдері сабақ құрылымын құруда көркем сөздер арқылы тек баланың санасына әсер етуді көздемей, бірінші кезекте баланың сезіміне әсер етуге, оларды жақсылыққа қарай итермелеуге жағдай жасайтын шығармалар арқылы шынайы өмірге көпір салуға ұмтылуы тиіс [2].

Ана тілі – баладан тек терең меңгеруді ғана қажет етіп қоймай, басқа да мектеп бағдарламаларын игерудің негізі болып табылатын пән.

Оқушылар бастауыш мектепті бітірерде шапшаңдыққа, оқу мен түсініп оқуды қамтитын талдап оқуға үйренеді. Оқу дағдысының қалыптасу кезеңі ұзақ уақытты қажет етеді.

Сондықтан бүгінгі күні білім беру ісінде жаңа көзқарастар пайда болып, оқытудың тиімді әдістері, яғни жаңа технологиялары кеңінен таратылып күнделікті сабақта қолданысқа енуде. Сөздерді толық сөздермен минутына 40 сөзден дауыстап оқу шапшаңдығы мәтін мазмұнын түсінуге қол жеткізбейді. Бала минутына 60 сөзден оқығанда және сөздерді толық оқуға қол жеткізгенде ғана мәтін мазмұнын түсіне алады. Ал минутына 90 сөзден дауыстап толық сөздермен оқығанда бала оқыған мәтінінің мазмұнын толық және терең түсінуге қол жеткізеді, танымдық қабілеттері кеңейе түседі [3].

Міне, сондықтан мұғалімдер оқу техникасын, яғни белгілі бір уақыт ішінде баланың оқу техникасы бойынша білім, білік, дағдысын бақылауға алып отыруы тиіс. Егер бала оқуға қызықса, білгенін айтуға асықса, онда сөз саптауы дұрыс деңгейде қалыптасқандығын аңғаруға болады. Әр оқушыны өлеңді немесе мәтінді дауыс ырғағын сала отырып мәнерлеп оқуға үйретсе және әдеби шығармалар арқылы адамның жан дүниесін тебіртетін құдіретті күші мен эмоциялық қасиетін байқай білуге тәрбиелеуде ана тілі маңызды рөл атқарады.

Әрбір оқушы жарық жұлдыз болып жанатынына, олардың үнемі жұлдыз болып жанып, өз ана тілінің жанашыры болатынына, ана тілінде таза сөйлеп тақылдайтынына, сөздік қоры мол, бәсекеге қабілеті бар, өз тілінің кемеңгері бола алатындарына сенімім мол. Ауыр да қиын еңбек жолындағы ұстаздың оқушысының жұлдыз болып жануы әрбір ұстаздың қағидасына айналуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР БМ Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясы ұсынған әдебиеттік оқу бағдарламасы (2-4 сыныптар үшін). – А., 2013.
2. ҚР БМ Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясы ұсынған сауат ашу оқу бағдарламасы (1-сыныптар үшін). – А., 2013.
3. *Тикунова Л.И., Игнатьева Т.В.* 300 учебных текстов, проверочных работ и тестов по чтению для начальной школы. – М.: Дрофа, 2000.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается формирование познавательной деятельности учащихся начальных классов.

(Аленова Г. Формирование познавательной деятельности учащихся начальных классов)

SUMMARY

The formation of cognitive activity of initial classes' pupils is considered in the article.

(Alyonova G. Formation the cognitive activity of the students of initial classes)

ÜOS 378.17

A.YÜKSEL

Yrd.Doç.Dr.

Aksaray Üniversitesi Sağlık Yüksekokulu

HEMŞİRELİK ÖĞRENCİLERİNİN RUHSAL DURUMLARININ VE ETKİLEYEN FAKTÖRLERİN İNCELENMESİ

Bu araştırma, hemşirelik öğrencilerinin ruhsal belirti durumlarını ve etkilediği düşünülen faktörlerin belirlenmesi amacıyla tanımlayıcı olarak yapılmıştır. Araştırmanın örneklemini 2009-2010 öğretim yılında bir devlet üniversitesinin sağlık yüksekokulu hemşirelik bölümünde öğrenim görmekte olan 160 öğrenci oluşturmuştur. Veri toplama aracı olarak “Anket Formu” ve Şahin ve ark. tarafından Türkçe’ye uyarlanan “Kısa Semptom Envanteri” kullanılmıştır. Verilerin değerlendirilmesinde yüzdelik, aritmetik ortalama, iki ortalama arasındaki farkın anlamlılık testi ve tek yönlü varyans analizi kullanılmıştır. Araştırmaya katılan öğrencilerin Kısa Semptom Envanteri puan ortalamaları 55.18±31.71, Anksiyete alt ölçeği 12.53±7.86, Depresyon alt ölçeği 14.64±8.79, Olumsuz Benlik alt ölçeği 11.30±8.09, Somatizasyon alt ölçeği 7.54±5.78 ve Kızgınlık/Öfke alt ölçeği 9.05±4.91 olarak saptanmıştır. Öğrencilerin somatizasyon puan ortalamalarının sınıf değişkeni farkı istatistiksel açıdan anlamlı bulunmuştur. İkinci sınıf öğrencilerinin somatizasyon puanı 3 ve 4. sınıf öğrencilerinin puanından daha yüksektir. Öğrencilerin cinsiyetlerine, üniversite yaşamlarında kaldıkları yere, ailesiyle yaşadığı yer, aile ve kendi ekonomik durumunu değerlendirmelerine göre yapılan gruplamalarda ise Kısa Semptom Envanteri toplam ve alt ölçek puan ortalamaları istatistiksel açıdan anlamlı düzeyde farklılık göstermemiştir. Puan ortalamalarına göre çalışmaya katılan öğrencilerin ruhsal belirti sıklığının düşük olduğu söylenebilir.

Anahtar Kelimeler: Psikiyatrik semptom, öğrenci, hemşirelik öğrencisi.

Giriş

Gençlik dönemi, bireyin sosyal ve fiziksel değişiklikler yaşadığı, duygusal, davranışsal, cinsel, ekonomik, akademik ve toplumsal birçok çatışma yaşadığı, psikososyal ve cinsel olgunlukla birlikte kimlik bulma çabalarının arttığı bir çelişkiler dönemidir. Bu dönemde üniversite gençliğinin ruhsal sağlığı, toplumsal sağlığın önemli bileşenlerinden biri olmaktadır [1]. Üniversitede gençler aileden ve yetiştiği çevreden uzakta, farklı bir kültür ortamına uyum sağlamaya çalışırken, diğer yandan da meslek edinmek için çabalamak ve eğitimleri gereği bazı bilgi ve becerileri kazanmak zorundadırlar. Bu nedenle öğrenciler öğrenimleri boyunca, içinde buldukları gelişim dönemine özgü çatışmalar nedeniyle uyum bozukluğu veya diğer psikiyatrik bozukluklar açısından risk altındadırlar. Birçok genç yeni

arkadaşlıklar edinmek, aileden ayrılmak, yurt yaşamına uyum sağlamak, ekonomik güçlükler gibi sorunlardan olumsuz etkilenmektedir [2,3]. Tüm bunların yanı sıra hemşirelik öğrencileri, diğer üniversite öğrencileri gibi, gençlerin yaşadığı sorunlarla karşılaşmakla birlikte, sağlık alanında öğrenci olmanın güçlükleri ile de baş etmek durumundadırlar. Sağlık bakım sisteminin güçlükleri (hastane rutinleri, hasta bakımı, sağlık bakımına karar verme, ölüme tanık olma gibi), sağlıklı ve hasta bireyin bakımına aktif olarak katılan hemşirelik öğrencileri üzerinde stres yaratır [4,5]. Ruh sağlığı, kişinin kendi kendisiyle ve çevresiyle sürekli bir davranışsal durumu ya da kişilik özellikleri ve stresli yaşam olayları arasındaki etkileşim bireyin sağlık sorunlarının kaynağını oluşturmaktadır. Hemşirelerin, sağlık ekibinin etkin bir üyesi olarak yetiştirilmesi, eğitim kurumlarının sorumluluğudur ve iyi bir eğitim verilmesi ile gerçekleşir [6]. Üniversite eğitimi, öğrencileri sadece meslek sahibi yapmayı değil, kendisinden, üstlendiği rol ve uğraşından, çevresiyle olan ilişkilerinden memnun, yaşamdan zevk alabilen, düşünce üretebilen, verimli ve sağlıklı gençler yetiştirmeyi amaçlar [7]. Ruh sağlığı yerinde olmayan bireylerle yapılan eğitim hedefine ulaşamayacak ve yetersiz eğitim alan meslek üyelerinin toplumda etkin olması da zorlaşacak. Tüm bu nedenlerden dolayı bu araştırma, hemşirelik öğrencilerinin ruhsal belirti ve yakınma durumlarını belirlemek amacıyla gerçekleştirilmiştir.

Gereç ve Yöntem

Araştırmanın Şekli: Araştırma, hemşirelik öğrencilerinin psikiyatrik belirtilerinin taranması amacıyla tanımlayıcı olarak yapılmıştır.

Evren ve Örneklem: Araştırmanın evrenini 2009-2010 öğretim yılında bir devlet üniversitesinin sağlık yüksekokulu hemşirelik bölümünde öğrenim görmekte olan 2,3 ve 4. sınıftaki tüm öğrenciler (N:192 öğrenci) oluşturmuş, çalışmaya katılmayı kabul eden 160 öğrenci ile çalışma tamamlanmıştır. Evrenin %83.3'üne ulaşılmıştır.

Veri Toplama Araçları: Verilerin toplanmasında “Kişisel Bilgi Formu” ve “Kısa Semptom Envanteri” kullanılmıştır.

Kişisel Bilgi Formu: Bu formun oluşturulmasında, araştırmacı tarafından öğrencilerin psikiyatrik durumlarını etkileyebileceği düşünülen değişkenler belirlenmiştir.

Kısa Semptom Envanteri (KSE): Ruhsal belirtileri tarayan, anksiyete, depresyon, olumsuz benlik, somatizasyon ve kızgınlık olmak üzere beş alt boyuttan ve 53 maddeden oluşan, Likert tipi kendini değerlendirme ölçeğidir. Puan ranjı 0-212 arasındadır. Ölçek, ergen ve yetişkin bireylere ve gruplara uygulanabilir. Ölçeğin cevaplanması için zaman sınırlaması yoktur. KSE, bireylerin kendilerinin tanımladığı, çeşitli psikolojik belirtileri tanıyıp ölçmeye yönelik 53 sorudan oluşan bir ölçektir. Ölçeği yanıtlayan birey her soru için (0) “Hiç Yok”; (1) “Çok Az”; [2] “Orta derecede”; [3] “Oldukça Fazla”; [4] “İleri Derecede” şeklindeki şıklardan birini işaretlemektedir. Öğrencilere, psikolojik belirtilerin kendilerinde olup olmadığı, varsa ne derecede bulunduğunu işaretlemelerine göre her maddeye 0-4 arasında bir puan verilmektedir. Kısa Semptom Envanterinin Anksiyete,

Depresyon, Olumsuz Benlik, Somatizasyon ve Kızgınlık alt ölçeklerine ilişkin madde numaraları esas alınarak her bir alt ölçek için bir puanlama anahtarı yapılmıştır. Puanlama anahtarı ile öğrencinin her bir soruyu işaretlemesine göre 0-4 arasında puan verilerek bu alt ölçeğe ait puanları bulunmuştur.

KSE'nin Anksiyete, Depresyon, Olumsuz Benlik, Somatizasyon ve Kızgınlık olmak üzere 5 alt ölçeği bulunmaktadır.

Anksiyete: korku, endişe, gerginlik, sinirlilik, titreme, paniğe kapılma, bulantı, diyare, idrar sıklığı, nefes alamama hissi, terleme, sık sık nefes alma gibi semptom ve davranışları içerir. Anksiyete alt ölçeği 13 maddeden oluşmaktadır.

Depresyon: keder, karamsarlık, kötümserlik, mutsuzluk, yalnızlık, benliğe ilişkin olumsuz duygular, intihar eğilimi, ilgi kaybı ve kararsızlık gibi semptom ve davranışları içerir. Depresyon alt ölçeği 12 maddeden oluşur.

Olumsuz Benlik: bireyin kendini başkalarıyla karşılaştığında kişisel yetersizlik ve küçüklük duygularına kapılarak kendini küçük, başarısız, değersiz görme ve suçluluk duyguları gibi semptomları içerir. Olumsuz Benlik alt ölçeği 12 maddeden oluşur.

Somatizasyon: herhangi bir fizik bozukluk nedeniyle olmadığı anlaşılan, yıllarca devam eden, tekrarlayıcı birçok somatik şikâyetleri içerir. Somatizasyon, bayılma, göğüs ağrıları, karın ağrısı, bulantı, nefes darlığı, bedende uyuşmalar gibi belirtileri kapsar. Somatizasyon alt ölçeği 9 maddeden oluşur.

Kızgınlık: sinirlilik ve titreme hali, öfkelenme, kızma, güvensizlik, birini dövme, yaralama ve zarar verme isteği, bir şeyleri kırma dökme isteği gibi semptomları içerir. Kızgınlık alt ölçeği 7 maddeden oluşur.

Ölçekten alınan toplam puanların yüksekliği bireyin belirtilerinin sıklığını gösterir. Ergenler için geçerlik ve güvenilirliği Şahin ve ark. [8] tarafından yapılmış, alt ölçeklerin iç tutarlılık katsayılarının .70 (somatizasyon) ile .88 (depresyon) arasında, envanterin iç tutarlılık katsayısı ise .94 olarak bulunmuştur. Bu çalışmada ise Cronbach alfa tutarlılık katsayısı .91 olarak saptanmış ve ölçeğin alt gruplarında bu değer .76 ile .79 arasında değişmiştir.

Verilerin Toplanması: Veriler, 29 Kasım-10 Aralık 2010 tarihleri arasında sağlık yüksekokulunda, derslere devam eden ve çalışmaya katılmayı kabul eden öğrencilerden toplanmıştır (n=160). Araştırmacı tarafından çalışma hakkında açıklamalar yapıldıktan sonra, aydınlatılmış onamları alınarak veri toplama formları öğrencilere dağıtılmış ve formlar öğrenciler tarafından sınıf ortamında, 10-15 dakikalık sürelerde doldurulmuştur.

Araştırmanın Etik Yönü: Araştırmanın yapılabilmesi için kurumdan ve öğrencilerden yazılı izin alınmıştır. Çalışmaya katılan öğrencilere araştırma hakkında bilgi verilmiş, araştırma sonunda elde edilen bilgilerin araştırma raporu dışında her hangi bir yerde kullanılmayacağı açıklandıktan sonra araştırmaya katılıp katılmama kararı kendilerine bırakılmıştır.

Araştırmanın Sınırlılıkları: Bu çalışma, sağlık yüksekokulu 2009-2010 eğitim öğretim yılında 2, 3 ve 4. sınıflarda öğrenim gören ve yalnızca çalışma kapsamına alınan öğrencilerin bildirimleri ile sınırlıdır.

Verilerin Değerlendirilmesi: Verilerin istatistiksel analizi SPSS 11.5 paket programı ile gerçekleştirilmiştir. Verilerin değerlendirilmesinde öğrencilere ilişkin tanıtıcı özellikler bağımsız, kısa semptom envanteri ve alt ölçek puanları ise bağımlı değişkenler olarak ele alınmıştır. Verilerin değerlendirilmesinde yüzde, ortalama, iki ortalama arasındaki farkın anlamlılık testi ve tek yönlü varyans analizi kullanılmıştır. $p < 0.05$ düzeyi istatistiksel olarak önemli kabul edilmiştir.

Bulgular

Tablo 1. Öğrencilerin Tanıtıcı Özellikleri

Tanıtıcı Özellikler (n=160)		Sayı	Yüzde
Sınıf	İkinci sınıf	55	34.4
	Üçüncü sınıf	53	33.1
	Dördüncü sınıf	52	32.5
Cinsiyet	Kız	113	70.6
	Erkek	47	29.4
Bölümü tercih etme	İsteyerek	86	53.8
	İstemeyerek	74	46.2
Sosyal aktivitede bulunma	Evet	47	29.4
	Hayır	113	70.6
Kaldığı Yer	Arkadaşlarıyla Evde	87	54.4
	Devlet Yurdu	42	26.2
	Özel Yurt	16	10.0
	Ailesiyle	15	9.4
Ailesiyle Yaşadığı Yer	Büyükşehir	55	34.4
	Şehir	47	29.4
	İlçe	43	26.8
	Köy	15	9.4
Ailesinin Sosyoekonomik Durum Algılaması	İyi	33	20.6
	Orta	119	74.4
	Kötü	8	5.0
Kendi ekonomik Durum Algılaması	Yeterli	78	48.8
	Yetersiz	82	51.2
Anne yaklaşımını algılama	Otoriter	11	6.9
	Demokratik	38	23.8
	Eğitici-Öğretici	44	27.5
	Koruyucu	67	41.8
Baba yaklaşımını algılama	Otoriter	20	12.5
	Demokratik	48	30.0
	Eğitici-Öğretici	43	26.9
	Koruyucu	49	30.6

Tablo 1’de çalışmaya katılmayı kabul eden toplam 160 öğrenciden, %34.4’ü ikinci, %33.1’i üçüncü ve %32.5’i ise dördüncü sınıf öğrencisidir. Öğrencilerin %70.6’sı kız, %29.4’ü ise erkektir. Öğrencilerin %53.8’i bölüme isteyerek

geldiklerini, %70.7'si sosyal aktivitede bulunmadıklarını belirtmiştir. Öğrencilerin %70.6'sı kız, %29.4'ü ise erkek, üniversite yaşantılarında %54.4'ü arkadaşları ile evde kalırken, %26.2'si de devlet yurdunda kalmaktadır. Öğrencilerin %34.4'dü büyükşehirde, %29.4'ü şehirde yaşamaktadır. Öğrencilerden %74.4'ü ailesinin ekonomik durumunu orta olarak değerlendirirken, %51.2'si ise kendi ekonomik durumunu yetersiz olduğunu belirtmiştir. Öğrencilerin %41.8'i annelerinin, %30.6'sı da babalarının tutumlarını koruyucu olarak algıladıklarını belirtmiştir.

Tablo 2. Öğrencilerin Kısa Semptom Envanteri ve Alt Ölçe Puan Ortalamalarının Dağılımı

Ölçek Alt Boyutları	Ölçek $\bar{X} \pm SS$
Anksiyete	12.53±7.86
Depresyon	14.64±8.79
Olumsuz Benlik	11.30±8.09
Somatizasyon	7.54±5.78
Kızgınlık/Öfke	9.05±4.91
Genel Toplam Ortalaması	55.18±31.71

Tablo 2'de öğrencilerin KSE ortalama puanı 55.18±31.71 olarak bulunmuştur. KSE alt ölçekleri puan ortalamaları; Anksiyete (12.53±7.86), Depresyon (14.64±8.79), Olumsuz Benlik (11.30±8.09), Somatizasyon (7.54±5.78), Kızgınlık/Öfke (9.05±4.91)'dir.

Tablo 3. Tanımlayıcı Özelliklerine Göre Kısa Semptom Envanteri ve Alt Ölçe Puan Ortalamaları

Tanımlayıcı Özellikler		KSE ve Alt Ölçek					
		Anksiyete $\bar{X} \pm SS$	Depresyon $\bar{X} \pm SS$	Olumsuz Benlik $\bar{X} \pm SS$	Somatizasyon $\bar{X} \pm SS$	Kızgınlık $\bar{X} \pm SS$	Toplam Puan $\bar{X} \pm SS$
Sınıf	İkinci	13,02±9,02	15.62±9.77	11.85±8.51	9.27±6.58	9.38±4.75	58.84±34.91
	Üçüncü	12.72±7.23	14.02±7.02	11.45±7.45	6.45±4.84	9.66±4.99	54.75±27.52
	Dördüncü	11.82±7.24	14.23±9.40	10.57±8.40	6.82±5.41	8.09±4.96	51.75±32.32
	F	0.326	0.525	0.343	3.949	1.523	0.672
	p	0.722	0.593	0.710	0.021	0.221	0.512
Cinsiyet	Kız	12.74±7.89	14.99±8.67	11.10±7.73	8.06±6.16	9.19±4.72	56.04±31.14
	Erkek	12.02±7.83	13.78±9.14	11.80±8.97	6.30±4.56	8.72±5.39	53.11±33.28
	t	0.528	0.787	0.505	1.771	0.551	0.533
	p	0.598	0.432	0.614	0.079	0.582	0.595

Tablo 3'ün devamı

Yaşadığı Yer	Arkadaşları yla Evde	11.64±6.82	14.19±8.38	10.77±7.45	6.84±5.05	8.33±4.90	51.75±29.16
	Devlet Yurdu	13.28±8.91	14.71±8.79	11.26±8.31	9.23±6.94	9.76±5.08	58.19±33.87
	Özel Yurt	11.75±9.50	13.12±9.11	10.62±9.52	6.94±6.19	8.69±4.50	52.56±36.34
	Ailesiyle	16.40±7.92	18.60±10.58	15.26±9.19	7.53±5.30	11.66±4.15	60.46±33.04
	F	1.789	1.252	1.372	1.717	2.420	1.533
	p	0.152	0.293	0.253	0.166	0.068	0.208
Ailesiyle Yaşadığı Yer	Büyükşehir	12.83±8.84	15.69±9.89	11.22±9.28	8.05±6.74	9.20±5.25	57.16±36.93
	Şehir	12.40±7.86	13.51±8.28	11.25±7.81	7.30±5.37	9.36±5.25	53.98±30.10
	İlçe	11.14±6.35	13.55±7.14	9.86±6.57	6.77±5.50	7.77±4.02	49.09±25.83
	Köy	15.80±7.65	17.40±10.14	15.93±7.25	8.66±3.73	11.26±4.23	69.13±28.94
	F	1.355	1.234	2.139	0.635	2.117	1.609
	p	0.259	0.299	0.098	0.606	0.100	0.190
Sosyo-ekonomik Durumu	İyi	11.18±8.47	12.12±8.92	13.33±8.72	7.12±6.87	8.76±5.27	50.42±35.67
	Orta	13.00±7.75	15.06±8.78	11.39±8.02	7.59±5.48	9.12±4.90	56.16±30.85
	Kötü	11.12±6.87	18.75±6.54	9.87±7.24	8.50±5.73	9.25±4.06	60.25±28.71
	F	0.824	2.402	0.131	0.201	0.078	0.527
	p	0.441	0.094	0.877	0.818	0.925	0.591
Kendi Ekonomik Durumu	Yeterli	11.74±7.40	13.31±8.92	10.60±7.80	7.06±5.49	8.41±4.95	51.02±30.63
	Yetersiz	13.28±8.25	15.90±8.54	11.97±8.35	8.00±6.03	9.67±4.83	59.13±32.39
	t	1.238	1.880	1.073	1.024	1.630	1.625
	p	0.217	0.062	0.285	0.307	0.105	0.106

Tablo 3'te çalışmaya katılan öğrencilerinin somatizasyon puan ortalamalarının sınıf değişkeni farkı istatistiksel açıdan anlamlı bulunmuştur ($p < 0.05$). İkinci sınıf öğrencilerinin somatizasyon puanı 3 ve 4. sınıf öğrencilerinin puanından daha yüksektir. Öğrencilerin cinsiyetlerine, üniversite yaşamlarında kaldıkları yere, ailesiyle yaşadığı yer, aile ve kendi ekonomik durumunu değerlendirmelerine göre yapılan gruplamalarda ise KSE toplam ve alt ölçek puan ortalamaları istatistiksel açıdan anlamlı düzeyde farklılık göstermemiştir ($p > 0.05$).

Tartışma

Ruhsal yönden sağlıklı olmak; bireyin kendisiyle, çevresindeki kişilerle ve toplumla barış içinde olması ve uyum sağlayabilmek için gerekli çabayı sürdürebilmesidir. Hemşirelik, insanlarla ilişkiye dayanan bir meslek olduğu için, ruhsal yönden sağlıklı meslek üyelerine diğer mesleklerden daha fazla gereksinim duyar. Bu çalışmada bir Sağlık Yüksekokulunda öğrenim gören Hemşirelik Bölümü öğrencilerinin ruhsal durumları incelenmiştir.

Öğrencilerin KSE ortalama puanı 55.18 ± 31.71 olarak bulunmuştur. KSE alt ölçekleri puan ortalamaları; Anksiyete (12.53 ± 7.86), Depresyon (14.64 ± 8.79),

Olumsuz Benlik (11.30±8.09), Somatizasyon (7.54±5.78), Kızgınlık/Öfke (9.05±4.91)'dir. Puan ortalamalarına göre ruhsal belirti sıklığının düşük olduğu söylenebilir. Demirel ve arkadaşlarının yaptıkları araştırmanın sonuçları ile benzerlik göstermektedir [9]. Barlas ve arkadaşlarının ergenlerde yaptıkları çalışmada KSE'den aldıkları puan ortalaması 79.2±45.65, alt boyutlardan anksiyete 32.5±9.40, depresyon 30.4±8.93, olumsuz benlik algısı 28.6±9.89, somatizasyon 22.1±6.98 ve kızgınlık 16.9±5.47 olarak bulunmuştur [10] ve bu çalışmadan daha yüksek puan aldıkları görülmektedir. Bir üniversitenin mediko-sosyal merkezinde psikiyatrik değerlendirilmeye alınan öğrencilerin psikiyatrik durumlarının incelendiği çalışmada, öğrencilerin %78'ne bir, %22'sine ise birden fazla psikiyatrik tanı konulduğu belirlenmiştir [11]. Kaya ve arkadaşlarının Tıp Fakültesi ve Sağlık Yüksekokulu öğrencilerinde depresif belirtileri inceledikleri araştırmalarında, sağlık yüksekokulu öğrencilerinde, tıp fakültesi öğrencilerinden istatistiksel olarak anlamlı düzeyde fazla depresif belirti olduğu saptanmıştır [12]. Benzer şekilde üniversite öğrencilerinde depresif belirtilerin incelendiği bir başka çalışmada ise, depresyon puanı en yüksek bölümün Sağlık Yüksekokulu olduğu belirlenmiştir [13]. Özdel ve arkadaşlarının Beck Depresyon Ölçeği'ni kullanarak gerçekleştirdikleri çalışmalarında, üniversite öğrencilerinin %26.2'de sendromal düzeyde depresyon puanı belirlenmiştir [14]. Öğrencilerimizin psikiyatrik belirti düzeylerinin düşük olarak saptanması sevindirici bir durumdur.

2. *Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.* Древний Отрар (топография, стратиграфия, перспективы). –Алма-Ата, 1972.
3. *Толстов С.П.* Древний Хорезм. – Москва, 1968.
4. *Вактурская Н.Н.* Хронологическая классификация средневековой керамики Хорезма (IX–XVII вв.). Труды ХАЭЭ. – Т. IV. – М., 1959.

РЕЗЮМЕ

В статье приводятся некоторые результаты исследования на городище Сыганак. Раскоп №7 был заложен в западной части шахристана. В ходе раскопок были вскрыты несколько помещений, два из которых являлись хозяйственными. В этих помещениях был вскрыт очаг с ташнау. Пол был выложен из жженных кирпичей.

(Жолдасбаев С., Арынов Қ., Бахтыбаев М. Исследования на средневековом городище Сыганак. Раскоп №7)

SUMMARY

The article presents some results of research on the site Siganak. Excavation №7 was laid in the western part shahritsna. During the excavation of Bali opened several rooms, two of which are economic. In these spaces were opened hearth with tashnau. The floor was made of baked bricks.

(Zholdasbayev S., Arinov K., Bahtibayev M. Researches on Siganak Medieval Settlement. Excavation No.7)

ӨОЖ 646.4

А.СӘДІБЕК

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің оқытушысы

Д.ЕСЕНАЛИЕВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

ТЕРІНІ ӨНДЕУ – ЕРТЕДЕН КЕЛЕ ЖАТҚАН ӨНЕР

Бұл мақалада қазақ халқының қолөнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Қазақ халқы атам заманнан бері мал шаруашылығымен айналысқан. Мал терісін өз игіліктеріне қолдана білген. Теріден неше түрлі заттар, киім, аяқкиім, т.б заттар жасаған. Халық тұрмысында мал терілерін қарапайым жолмен ұқсату көптен бері келе жатқан тәсілдердің бірі. Сондықтан бұған байланысты түрлі-түрлі ұғымдар туды. Мал терілерін илеп, бояп, өң беру ертеден келе жатқан ең жақсы дамыған және жетілген өнер. Былғарының бір түрі көксауырдың – жылқы терісі мен серке терілерінің сауырынан жасаған. Елтір ішік-көшпенді мал шаруашылығын төл кәсіп ететін қазақ халқының киелі киімдерінің бір түрі. Ол өзінің әсемдігімен сахара халқының сәнін арттырса, жылылығымен қыс күндерінің аязды, ызғарлы, боранды және суық күндері өз құдіретіне құл етеді. Ол бес саусағынан өнер тамған апаларымыз арқылы күні бүгінге дейін жалғасып отыр.

Кілт сөздері: шошала, келтек, шыңылтырлану, тобарсу, көзел, шегірен, сақтиян, көксауырлау, өткермелеу, күлшіні, сауырлары, көкжаған, іркіт, түзі, дымданбау, өнезденбеу.

Қазақ халқы атам заманнан бері мал шаруашылығымен айналысқан. Мал терісін өз игіліктеріне қолдана білген. Теріден неше түрлі заттар, киім, аяқкиім, сөмке, т.б заттар жасаған. Халық тұрмысында мал терілерін қарапайым жолмен ұқсату көптен бері келе жатқан тәсілдердің бірі. Сондықтан бұған байланысты түрлі-түрлі ұғымдар туды. Мысалы, ірі қара малдың иленбеген терісін шылғи тері немесе шылғи қайыс, ал тері иленіп ұқсатылғаннан кейін оны қайыс деп атайды. Шылғи қайысты ұқсатудың екі түрлі жолы бар. Бірі – оның жүнін сылып тастап пайдалану, екіншісі – теріні жүнін сылымай-ақ пайдалану. Жүнді терілерден тулақ, тайтері, бөстек, тұлып, қауға, шанап, мес, дорба, шарқай, т.б. жасалады. Жүнін алып тастаған терілерден көк, өкше сірі, көн, дабыл жасалады. Құрымға салынып, ысқа ұсталып, құмға қатырылған теріден саба, торсық, көнек, шанақ істеледі. Иленген теріден көксауыр, таспа, қайыс, қапшық, құлын, жарғаң, бота ішік, шідер, жүген, айыл, тартпа, тамақбау, құлақбау сияқты нәрселермен қатар, былғары, ұлтан, опайке, шегрен, көзел, етік, мәсі, кебіс, қоржын, тоқым,

ертұрман, тон, шалбар, шамадан, тақия, көпшік, белдік, кісе, кейде тұс киіз сияқты көлемді заттар да жасалады [1].

Ірі қараның терісі әрбір іске арнайы пайдаланылған. Соған қарай олардың әр түрлі атаулары бар. Мысалы, сиыр терілерін қолөнер шеберлері сиыр терісі, өгіз терісі, тайынша терісі, бұзау терісі деп төртке бөліп атайды да, әр терінің өн бойы – жондың, қабырғалың, үйек бас тері, пұшпақ, мойын болып бірнеше түрге бөлінеді. Жылқы терісін – бие терісі, жабағы және құлын терісі деп үшке бөледі. Түйе терілерін атан терісі, бота терісі деп екіге ғана бөледі. Атан терісі, өгіз терісі және олардың жондықтары қол істеріне ең қолайлысы. Қой терілерін: жабағы тері, қырықпа тері, күздік тері, соғым терісі, тақыр тері, тоқтышақ терісі, сеңсең, елтірі, мари, жылбысқа тері деп он түрге бөліп атайды.

Осы терілер киім түрлерінің бәріне жарай береді. Ешкі терілерін – жүндес тері, тақыр тері, түбітті тері, серке терісі, лақ терісі, лақ мариі деп бөледі. Ешкі терілері төзімді келеді. Сондықтан одан алуан түрлі киім тігеді, бөстек, тулақ, торсық, саба, қапшық жасайды [2].

Теріні құрымға салу, ысқа ұстау – торсық (саба, көнек...) жасау. Теріні ысқа әзірлегенде сиыр, жылқы, серке терілерінің пышақ кескен жері жоқ бүтінін таңдап алады да, жүнін ұстарамен сыпырып тастайды. Содан кейін 2-3 күн шошаланың төбесіне жайып не киіз қайнатқан құрымға салып қояды. Тері ашты құрымның күшімен иленген сияқтанып ширығып, шымырлана түседі және қара қошқыл өңге енеді. Содан кейін оны сорғытып, аз құрғатып үлгіге салып отырып сабаға, көнекке, иықты, емізікті торсықтарға, кеукеріндерге, қауғаға арнап пішеді де терінің қыртысын сыртына қаратып шуда жіппен жиі жөрмеп тігеді. Ертерек кезде жақсы торсықтарды тарамыспен тіккен. Кейбір шеберлер оған сыздық салып отырып тебе тіккен. Тігіліп дайын болған торсықты (сабаны, көнекті) өзен судың жағасына апарып, ішіне ыстық құм толтырып, құмды келтекпен түйгілеп әбден нығыздау керек. Бұлай істегенде болашақ сабаның, торсықтың сырт өрнегі қалыптасады. Құм кептелген торсықтар ыстық пен желде 4-5 күн тұрып әбден кеуіп сүрленіп қатады. Содан кейін құмын төгіп тастап, ыдыстың іші сыртын тұздалған сарымаймен немесе жылқының сүр етінің майымен майлап тағы да күнге қояды. Енді май сіңген тері ыдыс ыстауға әзір тұрады. Ыстық орнын не өзен жағасындағы жарқабақтан, не құдық маңындағы ескі апандардың шетінен дайындайды. Бұл үшін ені 40-45 см, тереңдігі 35-40 см, ұзындығы 10-15 м жыра қазылады. Мұның жар не апан жақтағы аузын шұңқырлап оттық жасайды да, дала жақтағы аузын плитаның үстіңгі тесіктері сияқты етіп ашық қалдырады. Жыраның өн бойының екі жақ қабырғасына кезекпе-кезек кірпіш қалытқы қалап бұрма жасайды. Сонда оттықтан шыққан тобылғының жалыны мен ыстығы орта жолдағы қалытқыларда бөгеледі де, шұңқырдың аузына тек жылы түтін ғана келеді. Ал ысталатын терілерді ілетін күрке шұңқырдың осы дала жақ аузына тігіледі. Ол үшін бірнеше тұзу ағаштардың басын түйістіріп, іргесін жая күрке жасайды. Оның сыртын

терімен, ескі құрым киіздермен немесе жас шөппен қымтап жауып қояды.

Ысқа қойылатын, ыдыстар осы күркенің ішіне ауыздарын төмен, яғни түтінге қаратып ілінеді. Ысқа онша құрамаған бүрлі тобылғы, ши, көк пішен жағады, кейде ысқа ерекше иіс сіңіру үшін жусан, адраспан, арша, т.б. шөптерді қоса жағады. Ысты әдетте бір ауылдың ақсақалы, беделді адамы салады. Өйткені ыс дұрыс салынбаса өрт шығып кетуі мүмкін. Ыс әбден сіңген ыдыстардың түсі қызыл күренденіп, кепкен мейіздей болып қатып қалады. Осындай тобылғы торы торсықтар 5-6 айға дейін жібімейді де, дымданбайды да, көгермейді де, өңезденбейді де. Қажет жағдайда бес-алты айдан кейін оны тазалап кептіріп, майлап тағы да ыстайды. Ысталған ыдыстар ең алдымен қымыз, саумал, бие сүттері үшін қажет [3].

Мал терілерін илеу үшін үлкен күбіге немесе шелекке ашытқы ашытып, теріні соған салып илеу. Мұны малма дейді. Ал иді қатықтан, айраннан, не езген құрттан, не құрттың сары суынан, кейде ашытқан көжеден, немесе ұнға тұз қосып та жасайды. Теріні бір рет суық суға жуып тазартады. Одан кейін күбідегі иге салып, күн сайын бірнеше рет сапсиды (шайқайды). Иге салынған тері иге түгел батырылады. Олай болмаса терінің иге батпаған жері қара қайыстанып, бырысады да, кейін пішіп тігуге жарамайды. Қой, ешкі терілері иде 6-9 күн, ірі қара терілері 15-20 күн жатады. Терінің иі қанғанын білу үшін оны қолмен тырнап қарағанда тері қыртысы қалындап, ет қыртысы кәшіп тұрады. Иден шыққан теріні көлеңкеге бір рет кептіріп, соңынан сақармен жуып тазартады. Малмаға салған терінің жүні ұйысып, білтеленіп қалады. Оны ажырату үшін кепкен соң жұмсақ шыбықпен сабап сілкиді. Кейде сирек тісті таракпен тарайды. Теріні аз тобарсыған соң уқалай отырып, қолдың жылуымен кептірген жақсы. Иленіп, кептірілген теріні қырады. Теріні қыру үшін жұмыр ағаштың бір басын қабырғаға, не діңгекке сүйеп, бір басын көлбете жерге тіреп қояды да, оның үстінен биязы шекпен, не брезент жабады. Оның үстіне ет жағын сыртына қаратып теріні салып қырады. Терінің еті тез көшіп түсуі үшін, оған не ұн, не ұнтақталған бор сеуіп қырады. Қырғы шалғы орақтан немесе жүзді темірден жасалады. Жаңа сойылған түлкі терісін теріс айналдырып, құрт пен тұз жағады да, ішіне екі сабауды сұғып, кергілеп толғайды. Бұл тәсілмен ұқсатылған түлкі терісі 7-8 сағат ішінде тымақ тігуге әзір болады. Аң терісін қырғыштамайды, қалың көк еттері мен майларын қолмен алып тастайды [3].

Тері ұқсатушылардың арасында ең көп тарағаны және теріні ұқсатудың тиімді тәсілі – қабыққа салып бояу. Теріні қабыққа салып бояу үшін талдың, еменнің, қара мойылдың, кейде май қарағайдың қабықтары да жақсы. Оларды жасамалы ағаштардан күздікүні әзірлейді. Тік тұрған ағаштың қабығын сыдыру ағашқа үлкен зиян келтіреді. Сондықтан бояуға алынатын қабықты кесілген ағаштардан жинайды. Жиналған қабықты жылы сумен жуып, кепкен соң темір келіге салып түйеді немесе қол диірменмен тартады. 11-12 қойдың терісінен тігетін үлкен тонды бояу үшін осындай ұнтақталған 4-4,5 кг қабықты бір жарым-екі шелек суға салып, тұзын татытып қайнатады.

Қайнау мен суалдырудың мезгілін қайнап шыққан қабық бояуының түсуіне және қоюлығына қарай белгілейді. Су аз құйылғандықтан бояуы шықпай, қабықтар құрғап бара жатса, үстінен су құяды. Мұның керісінше, кейде оның суы көбейіп, бояуы өте сұйылса, қосымша қабық ұнтағын салып қайнатады. Ал қайнауы қанып, қажетті түсі мен қоюлығы жеткен соң от жағуды тоқтатып, қабықтың ұнтағын сүзіп алып тастайды. Қайнатылған бояу тері күйместей қанжылым болған соң теріні бояй беруге болады. Бояудың қою-сұйықтығын бірқалыпты етіп, қыл сыпыртқымен теріге жағады. Боялған теріні бояуын бойына сіңіру үшін бір-екі сағат өңін ішіне келтіріп бүктеп қояды. Бүктеулі жатып дегдіген теріні желге, көлеңкеге, ыстық үйге жайып кептіреді. Кептіргенде ол шыңылтырланып құрғап қалмас үшін теріні тобарси бастаған соң-ақ қолмен уқалап созғылайды. Теріні бояудың басқа түрлері – томар бояу, қынамен бояу. Боялған теріден әсем киім, тұтынуға қолайлы түрлі мүліктер жасалады. Соның ішінде әсіресе төрт түлік малдың терілерінен көп киім тігіледі. Бұларды сырт киімдер деп атайды. Өйткені бұл киімдер өте жылы болады. Қой мен ешкінің терісінен тон, шалбар, үлкен қойдың терісінен ішік, сеңсең ішік, елтірі ішік, лаң терісінен ішік, бөкебай ішік тігіледі. Қозы, лақ терілерінен тымақ, бөрік, құлақшын тігеді. Сондай-ақ жүнін сыртына қаратып, құлын терісінен тіккен ішікті (доханы) «құлын ішік» деп, ал жүнін ішіне қаратып бота терісінен тіккен ішікті «бота ішік» деп атайды. Қойдың, ешкінің, тайлақтың пұшпақтарынан құрап тігілетін ішіктер де бар. Мұндай құрама киімдерді көбінесе балаларға арнап тігеді. Олар әрі жылы, әрі жеңіл келеді. Мал терісімен қатар, аң терілерінен де түрлі бас киімдер мен ішіктер тігіледі. Мысалы: қасқыр ішік, түлкі ішік, сусар бөрік, жанат ішік, бұлғын ішік аң терісінен тігіледі. Кейде мұндай киімдерді аң терісінің жонынан, тамағынан немесе пұшпағынан құрап істейді. Бұл киімдерді тымақ ішік, пұшпақ бөрік, пұшпақ ішік деп атайды. Аң терілерінен әр түрлі төсеніштер жасайды. Оларды бөстек дейді.

Теріден тігілген киімдерді кестелі немесе кестесіз маталармен тыстап, әдіптейді, жаға-жеңдерін кестелеп жұрындайды немесе сызық жүргізу арқылы әшекейлейді (құндыз бөрік, қамқа тон, т.б.) [4].

Мал терілерін илеп, бояп, өң беру ертеден келе жатқан ең жақсы дамыған және жетілген өнер. Илеуі қанып, бояуы сіңген былғары су тартып езілмейді. Одан жасалған мүлік шегені берік ұстайды, тігісі де ыдырамайды және өзі тұтынуға төзімді, әрі әдемі. Былғарының бірнеше түрі бар. Олар: көксауыр, опайке, былғары, құрым (хром), көзел, шегірен, сақтиян, ұлтан, т.б.

Көксауыр – жылқы терісі мен серке терілерінің сауырынан (жондығынан) жасалады. Көбінесе ол көкпен, кейде қызыл, сары, жасыл түстермен боялып, өң беті жалтырап тұрады. Көксауырдың әр түстілерін өзара мүйіздеп, оюластырып немесе бір түсті көксауырдың өзін әр түрлі жібек жіппен кестелеп, өрнектеп, кебіс, мәсі, етік, кісе, аттұрман тігеді. Бұл заттарды да көксауыр деп атай береді. Көксауырларға алтын, күміс, жез шегелер қағып, кейде маржаннан моншақ жүргізіп, өкше сірінің артына,

тұмсығына, қоныштың әр жеріне неше түрлі жарқырауық асыл тастар отырғызып әсемдейді. Мұндай заттар өте жарасымды және бағалы жиһаз саналады. Көксауырдан тоқым, қорамсақ, дулыға сияқты заттармен қатар тұскиіз, тон, сәукеле сияқты өте сәнді мүліктер де жасалған. Сондықтан көксауыр ісі кебінесе зергерлер қолына тән.

Былғары – қазақ арасында былғарыдан ең көп тігілетін киімнің бірі етік болғандықтан былғарыны өңдеумен айналысатын шеберлерді етікші дейді. Тоқым, шілия, белдік, жүген, құйысқан сияқты былғарыдан жасалатын мүліктерді де сол етікшілер тігеді. Халық арасына көп тараған былғары аяқ киімдерінің қазақ атауында мынадай түрлері бар:

Саптама – бұл қонышы ұзын, кең, киіз байпақпен, шалбардың балағын іштен салып киетін аласа өкшелі етік. Оның ішкі табанына киіз ұлтарак салып және байпақтың ішінен қалың шұлғау орайды, кейде киіз байпақтың ішінен шұлғаулы мәсі киеді. Саптамалардың қонышы бітеу қусырылады да, тізеден асыңқырап тұрады. Тақымға қарайтын жағы әнтек төмен ойылып келеді. Оны көбінесе қыстыкүні алыс сапарға шыққанда, жылқы баққанда, шанамен жол жүргенде киеді [4].

Шоңқайма – саптаманың бір түрі. Оның өкшесі биігірек, өкше сірісі аласа, тұмсығы үшкір, қонышы тізеден аспайды. Кеңдігі саптаманың кеңдігіндей. Қонышы екі жақ жанынан жармаланып тігілген. Сондықтан оны кейде «жарма қоныш» деп те атайды.

Мықшима – өкшесінің түбі жуан, жер басар жағы жіңішке, тұмсығы жоғары қарай қайқы келген биік өкшелі саптама етік. Мықшиманы бұрын жас жігіттерге, ойын сауықшыл серілерге арнап тігетін. Оның қонышын, өкшелігін көксауырлап, тұмсығына қатырғы салады.

Көк етік – көксауырдан оюлап тіккен жеңіл, үшкір тұмсық етік. Оны көксауыр етік деп те атайды. Көк етіктің қонышы, ойындысы, күлшіні оюланып, кестеленіп жасалады. Көк етікті көбіне серілер, батырлар, салдар киегін. Қазақтың: «Көк етікті кез келмей, көн етіктіге бармай отырған қыз» дейтін мәтел сөзі осыдан қалған.

Кебіс – көбінесе былғарының сауырларынан тігіліп, қалыпқа қатырылады. Шажамайы мен ернеуі жақсы былғарымен астарланады. Сыны бұзылмау үшін кебістің ұлтаракшасы мен өкшеліктеріне ең шымыр ұлтандар мен тоздар (қайыңның қабығы) салынып, кепкен қайың шегемен шегеленіп, тарамыспен қайып тігіледі. Кебіс атаулары да көксауыр, мықшима, жезөкше, қазықөкше, үшкір бас деген сияқты бірнеше түрлерге бөлінеді. Кебістің өкшелігіне мық қағып, өкшесіне жезден, мыстан нәл орнатып, шажамайларын күміспен өрнектеп, ернеуіне сызықты ою батырып әшекелейді [4].

Мәсі – мұны кей жерлерде іш байпақ, іш етік (ичиги), былғары байпақ, көзел, сақтиян дейді, өйткені мәсі құрымнан, шегіреннен, көзелден, жұмсақ былғарыдан тігіледі. Көбінесе мәсінің қонышы астарланып, көмкеріліп, машинамен жүргізеді. Мәсінің ұлтаны жалаң қабат болады. Ол тек тарамыспен

ішкі жағынан жөрмеп, немесе жара шаншып өбістіре тігу арқылы ұлтарылады. Мәсінің өкшелігі бір қабат қана оюлап жапсырған былғарыдан жасалады, оны мәсінің күлшіні дейді. Күлшін көбінесе басқа түсті былғарыдан тігіледі. Мәсілерді көк, қызыл шегірендермен оюлап, әр түсті жіппен кестелейді. Мәсіні етіктің ішінен киеді.

Етікшілер етікті, кебісті, мәсіні сондай-ақ былғарыдан жасалатын басқа да заттарды тарамыспен тігеді. Тарамыс дегеніміз – ірі қараның жіліншік сіңірінен ширатылып алынған жіп. Тарамыс былай жасалады. Сойылып жатқан ірі қараның сирағындағы көк етпен аралас тұрған сіңірлерді алып кептіреді. Әбден кепкен сіңірді ағаш тоқпақпен ұрып жаныштайды. Сіңір тарамданып, шашақталады, оны тарамыс есуші тарамдап, талшықтарын бір-бірімен жалғастыра екі тінетіп ширатады. Тарамыстың жуан-жіңішкелігіне қарай қаю тарамыс, бүрме тарамыс, тігіс тарамыс деген үш түрі бар. Тарамыс біздің ізімен өткермелеп немесе жұлдызға сабақтап тігуге ыңғайлы. Тарамыс жіп өзге жіптерден берік, ол шірімейді де, езілмейді де.

Елтір ішік – көшпенді мал шаруашылығын төл кәсіп ететін қазақ халқының киелі киімдерінің бір түрі. Ол өзінің әсемдігімен сахара халқының сәнін арттырса, жылылығымен қыс күндерінің аязды, ызғарлы, боранды және суық күндері өз құдіретіне құл етеді. Ол бес саусағынан өнер тамған апаларымыз арқылы күні бүгінге дейін жалғасып отыр [5].

Елтір ішікті илеу үшін біріншіден: сойылған қойдың немесе қозының терісін жақсылап жуады. Жүнін, терісін күннің шуағына әбден құрғақ етіп кептіреді. Айранды ашытып аз мөлшерде тұз қосып немесе таулы аймақтарда малға беретін ашыны топырақ пен тұздың қосындысынан жасалған төрт түлік малға беретін жемді қосып, жайылған теріні тегіс жерге қойып, 3-4 күн жайып кептіреді. Кейін кепкен теріні көкжағанға иленген жағын қаратып, үстінен киізбен немесе сырмақпен бастырып, 2-3 күн иі жібігенге дейін қойып қояды. Кейін ені 10 см, ұзындығы 1,20 см басы доғал болып келген ағашқа теріні жауып қырғы темірмен иді қырады. Болғаннан кейін теріге іркітжағады. Жоғарыдағыдай теріні бір – біріне қабаттап және 2-36 күн қояды. Сосын іркітті 3-4 рет қайталап жағады. Мұнда әр жолы іркіт жағардан бұрын иді қырып отырады. Кейін қазақта өңдеу деген бар. Ол терінің заттарын яғни терідегі май алынбай қалған идерді және терідегі кедір-бұдыр жерлерді тегістейді.

Теріні жұмсарту үшін түзубір ара тәріздес ағаштан жасалған, ұзындығы 60см, ені 3см түзу ирек ағашты терінің ұзындығын аяқтың басына қысып тұрып, оң қолға иректі ұстап, сол қолымен теріні айналдырып жұмсартады. Терінің төрт пұшпағынан екі адам қатты тартады, бұл тәсілдің бәрі жұмсақ болу үшін жасайды [5].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <http://www.koshpendi.kz/index.php/koloner/teri/>
2. Қараи Ж. Білгенге маржан. – Бейжің: Шинжиан, 2002. –151 б.

3. *Ескіндір Б.Ш.* Атамұра. – Бейжиң: Жастар-өрендер, 2000. – 217 б.
4. *Шорман Р.Ш.* Қазақ мұрасы. – Бейжиң: Халық, 1999. –195 б.
5. *Асанова С.* Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнер тарихы. – А.: Өнер, 1987. –119 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются обработка и отделка кожи, а так же их применение в изделиях.
(Садібек А., Есеналиева Д. Обработка кожи – искусство, пришедшее нам из давних времен)

SUMMARY

The article considers the treatment and dressing of leather as well as their use in products.
(Sadibek A., Yesenaliyeva D. Leather processing is an art acceptable to us from the Ancient times)

«ДЕРЕКТІ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ТҰҢҒЫШ ЗЕРТТЕУШІСІ»



Қазақ әдебиеті тарихының ірі өкілдерінің шығармашылық табиғатын арнайы қарастыру бүгінгі әдебиеттану ғылымында біршама жүзеге асқаны белгілі. Бұл сала әлем әдебиеттану ғылымында ілгерілеп кеткені де белгілі. Орыс әдебиеттанушыларының шығармашылық процесі зерттеудегі ғылыми тәжірибелері, қазақ зерттеушілерінің де әдіс-тәсілдерінде бой көрсетіп жататыны табиғи. Бұл бір жағы озық тәжірибені игеру болса, екіншіден өз бойындағы талант қарымымен ұлттық әдебиеттегі шығармашылық лабораторияны зерттеуде өзіндік әдіс-амалдарды жетілдіру болып табылады. Әрбір ұлт әдебиетінің өзіндік, халықтық сипаты болатыны секілді, сол

ұлтқа қатысты әдеби, көркем шығармалардың жазылу тарихына ұлттық әлеуметтік принциптермен жіті бақылау жүргізу оңай шаруа болмаса керек. Себебі, әрбір ұлттың ірі ақын-жазушылары тудырған әдеби көркем шығармалардан сол ұлттың мінезі мен болмысы, өзіндік бояуы көрініс тауып отыратындығы да шындық. Міне шығармашылық процеске қатысты зерттеулердің алдында тұрар басты қағидаттардың негізі осы ұлттық ерекшеліктер төркінінде жатыр. Ақын-жазушының әдеби шығармасын жазуға не себеп болды? Қандай тарихи, әлеуметтік факторлар әсер етті? Жазу алдындағы дүниетанымдық даярлығы қай деңгейде деген сияқты қызықты да қиын мәселелер туындайтыны заңдылық. Міне, осы орайда зерттеушінің алдында бірнеше міндеттер мен мақсаттар туындайды. Әрбір ұлт әдебиетіндегі өзіндік нақыштар дейтін бояуларды халықтық фонмен берудегі ақын-жазушының шеберлік әлеміне барлау жүргізу де ғылыми зерделілікті талап етеді. Демек, шығармашылық лабораторияны қарастырушы ғалым ең алдымен сол зерттеу нысанына алынған ақын-жазушының дүниетанымдық парасатын, тарихи-әлеуметтік ортадағы авторлық позициясын бойына жете сіңіруі қажет. Ақын не жазушы өмір сүрген ортаның, қоғамның тарихи әлеуметтік сипатын да айқындай танымаса, көп нәрседен ұтылатыны болады. Себебі, шығармашылық лабораториясын зерттеуге тұрарлық тұлға сол, өзі өмір сүрген дәуірдің жемісі екені анық. Дәуір мен ақын-жазушының шығармашылық сабақтастығы болып жатқанымен, кейде кереғар қайшылықта болатын жәйттер де кездеседі. Яғни ақын-жазушы өмір сүрген кезеңнің идеялық бағыт-бағдары мен шығармашылық тұлғаның арасындағы дүниетанымдық алшақтық. Ал, оны шығарма тудыруға дейінгі аралықпен қоса айқындап жеткізу, біз сөз етіп отырған білікті зерттеушілер міндетіне жатса керек. Осының бәрін ұлттық психология тамырларымен сабақтастыра

таныту да жауапты міндет арқалайды. Шығармашылық процесті жіті бақылау алдымен ақын-жазушының дүниетанымдық концепциясын айқындаудан тұратынын саралауда зерттеушінің ұстанатын қағидаттары мен шығармаға әсер етуші факторларына талдау жүргізсек. Алдымен, көркем туындының жазылу тарихына қатысты деректер мен құжаттарды саралап алу және олардың шығарма мазмұнына қаншалықты әсер еткенін айқындау қажет. Бұл айтылған мәселелер қазақ әдебиеттану ғылымындағы шығармашылық процеске қатысты жазылған зерттеу еңбектерінің көпшілігінде ортақ тәжірибеде жүзеге асқанын байқауға болады. Бұл жерде жазушы не ақын шығармасының шығармашылық процесін айқындауда әрбір деректің маңызды роль атқаратындығын ескерген жөн. Сонымен қатар зерттеу нысанына алынған шығармашылық процеске қатысты ауызша материалдардың да елеулі ықпалы болатындығы айқын. Мұндай мысалдар ақын-жазушылар өміріне қатысты айтылатын халықтың өз жадында сақталған ауызша деректердің болуымен көптеп саналатыны белгілі. Сөзіміз дәлелді болу үшін бірер ақын-жазушылар төңірегіндегі ауыздан-ауызға көшіп, тарихи өмірін ұзарта түсетін деректерді еске түсірсек. Қазақтың айтулы ақыны Мұқағали Мақатаев жөнінде халық жадында сақтаулы неше алуан аңыздық желілі деректер молынан-ақ кездеседі. Соның бірі ақын Оразақын Асқардың Мұқағалидың туған күніне орай өткерген телехабарда айтқан естеліктері десек болады. Сонда Оразақын Асқар Мұқағали ақынмен бірге өткізген жастық күндеріндегі бір оқиғаны айтқанын еске салайық. Мұқағалидың өмірдің қарапайым тіршілігінде де ылғи ақындық ойлау, қабылдау күйінде жүретіндігін Оразақын куә болған сол естеліктен аңғарамыз. Бірде Мұқағалимен ауыл шалдарының үйіне қонаққа барып жайғасқаннан кейін, сол үйдің кішкентай немере баласының жалаңаш кейпін қызықтап әрі еркелетіп «Аспай-саспай, әкелші наспай, әпшу, әпшу, ащысы-ай» дегені бар. Мен оны естісем де кезінде мән бере қарамаған екенмін. Қазірде Мұқағалимен бірге жүрген сол сәттерді есіме түсіргенде осы бір көрініс көз алдыма келе береді дейді Оразақын Асқар. Және бұл жөнінде Оразақын Асқардың «сонда қазір есіме алып отырсам Мұқағалидың кішкентай баланы еркелетіп айтқан сол бір сөздерінің өзінде әдемі өлең, жырға бергісіз ұйқас өрнегі жатқанын көруге болады»-деп тебіреніп еді. Сонда дейді Оразақын Асқар «сол бір бала психологиясына әсер етудің әдемі өрнегін өлең тіліне, әуезіне көшіріп отырған Мұқағалидың тапқырлығына бүгінде риза боламын». Сөйтіп Мұқағалидың әр нәрсеге ерекше ақындық бейілмен қарайтын қарапайым да даналық қасиетінің бір көрінісіне куә болғанын айтады. Бұл естеліктен не түйеміз? Демек, Мұқағали ең әуелі ой еңбегі үстінде жүретін ақындар табиғатынан екендігін сезінуге болады. Бұл кішкентай балаға «наспай бер» деп еркелете кететін ситуацияны бала санасының қабылдауына ыңғайлап, әуезді де әуенді мақаммен әрі юморлық сипаты екшелген түрде беріп отырған ақын тәсілі екені даусыз. Мұқағалидың қарапайым адамдардан тілдік табиғатының ерекшелігінен де хабардар

беретіндей әсер етеді. Осындай кішкентай ғана деректі детальдардың шығармашылық процесітегі орнын айқындау оңай емес әрине. Жаңағы келтірілген Мұқағали өміріне қатысты естеліктің болашақта жазылар балаларға арналған өлеңдерінің баспалдағы болмағанына кім кепіл? Тағы да бір мысал келтіре кетейік. Біздің оқу ордамызда «Қазақ тілі» кафедрасының оқытушысы Мағжан Сәуле дейтін апайымыз бар. Сол апайдың айтуынша арғы атасы халқымыздың аяулы ақыны М.Жұмабаевтың көзін көрген екен. Мағжан ақын басына түскен нәубетті жылдарда қашып жүрген кезінде Сәуле апайымыздың атасына жолығып, естелікке өзінің аты жазулы тапаншасын қалдырған, ал Сәуленің атасы Мағжанға ат ауыстырып берген деседі. Бұл түсіне білген адамға тарихи оқиға. Қажет десеніз, белгілі бір көркем туындыға таптырмастай сюжет. Ал мұндай деректің ақын өміріне қатысты тарихи тұрғыдан зерттелуде маңызды шаруа атқаратыны болады. Бұл мысалдарды келтіруіміздің өзі, ақын-жазушылар шығармашылық процесіне қатысты зерттеушілер назарында болатын деректі детальдардың үлкен роль атқаратындығына көңіл аударту. Енді, зерттеушілердің шығармашылық процеске қатысты деректі құжаттар мен ауызша материалдарға көңіл бөлетіндігін ұғындық. Ендігі бір мәселе көркем туындының өзі. Көркем туындыдағы материалдық предметтердің тарихи, деректік негіздерінің маңыздылығы. Мәселен, өлең болса деректік, автобиографиялық сипаттары. Ал, прозалық туынды болса ондағы деректік материалдар. Сол сияқты кейіпкерлердің өмірдегі түп тұлғасы, не жинақталған типтік бейнелерінің өмірдегі негізі. Мәселен, Ә.Нұрпейісовтің жазушы Т.Ахтановпен бірге жүрген күндерінің біріндегі «Мынау Судыр Ахметтің біреуі» деп Ә.Нұрпейісовтің Т.Ахтановқа айтқанындай ғой. Сонымен, шығармашылық процесі зерттеудің қызықты әрі қиындығы секілді, шығармашылық шеберхананы зерттеушінің зерттеушілік шеберлігін де айқындау оңай болмайтын секілді. Және мұның өзі де ақын-жазушылардың шығармашылық лабораториясына үңілер тұстағы ғылыми тәжірибелік роль атқаратындығы маңызды болмақ. Мұндай шығармагер шеберханасын зерттеушінің шеберлігіне үңіле қарайтын зерттеу нысандарының өзі де қазақ әдебиеттану ғылымында әлі бой көтере қоймағаны белгілі. Дегенмен жекелеген ғалымдар еңбектерін саралауға арналған мақалалық көлемдегі материалдардың кездесетіндігін айта кетуге болады. Оларды мақала барысында атап өтерміз. Демек, шығармашылық шеберхананы зерттеуші ғалымның өзіндік әдіс-амалдарына барлау жүргізу де қызықты әрі ғылыми тәжірибелерді үйрену, жетілдіру жолындағы басты бағдар болатыны анық. Бұл да бүгінгі әдебиеттану ғылымы алдында тұрған жабық мәселелердің бірі екендігін айта кеткіміз келеді. Мұндай әлі де болса зерттелу аумағы кеңі қоймаған ғылыми нысанның жас зерттеушілер үшін қиындық тудыратыны белгілі. Осындай қиындықтарға қарамастан мақаламыздың нысаны етіп шығармашылық лабораторияның зерттелуін алып отырмыз. Қазақ әдебиетіндегі шығармашылық процесі зерттеудің деңгейіне тоқтала отырып, ондағы

әдістерді ғалым, профессор Қ.Ергөбектің еңбектері негізінде саралауды мақсат етіп отырмыз. Қазақ әдебиеттану ғылымында шығармашылық лабораторияға қатысты зерттеу еңбектері қалыптасып келеді. Шығармашылық процесті зерттеу нысанына алып, қызықты әрі ғылыми заңдылықтар қалыптастырған жазушы-ақындардың өздері де болатын. Мұндай үлгіні қазақ әдебиеті тарихында заңғар жазушы М.Әуезовтің өзі қоштап та кетіп еді. М.Әуезов «Мен «Абай» және «Абай жолы» романдарын қалай жаздым» -деп алғашқылардың қатарында шығармашылық процеске үлкен жауапкершілікпен қарап және осы бағытта тұшымды ғылыми бағыт-бағдар да берген болатын. Ол үрдіс кейінгі жазушылар мен ақындар шығармашылығында да жалғасын тауып жатты. Мәселен Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» романының жазылу тарихынан еңбегі осының дәлелі. Мұндай мысалдар қатарын көбейте беруге болады. Ал осы шығармашылық процесті ғылыми зерделеушілердің өздері қандай теориялық бағыт-бағдарға сүйенді деген мәселе де өзектілігін танытады. Ғылыми тереңдей түссек ғалымның ақын-жазушы шығармасының жазылу тарихын зерттеудегі өзіндік әдіснамасын саралау да, яки ғалымның ғылыми процесті жүзеге асыру тәжірибелерін айқындау да маңыздылық танытады. Бұл тұрғыда да зерттеу мақалалардың қалыптасқандығын көре аламыз. Мұндай мақалалық зерттеулер әсіресе, белгілі ғалымдардың шығармашылығына қатысты материалдарда бой көтеретіндігі белгілі. Мәселен З.Қабдоловтың А.Байтұрсынның «Әдебиет танытқыш» еңбегінің маңыздылығы жайындағы көзқарастары [1]. Дей тұрғанмен арнайы ғылыми нысанның материалы негізінде қарастырылуы тым жұтаң. Мұны ғылыми негізге алып, арнайы тақырыптарға айналдыру әдебиеттанудың алдында тұрған міндеттер. Бұл ең бастысы зерттеу мен қолжазба арасындағы бірлік пен өзгешелік сипатты деректі айқындау үшін де маңызды өзек болмақ екені анық.

Ғалым Қ.Ергөбек қазақ ақындары шығармашылығы жөнінде С.Торайғырұлынан бастап (Дүлдүл ақын, Дүлей жыр), С.Дөнентайұлы (Қазақ өлеңінің бозторғайы), жас кеткен (Ғ.Балақадірұлы), Б.Ізтөлин (Жалынғұмыр жалғасы), Ә.Тәжібаев (Сүлей ақын, сыршыл жыр), С.Ерубәев (Жиырма үш жыл- бір ғұмыр), З.Қалауова (Арманды ақын қыз), С.Мәуленов (Бұлбұл ақын бұла жыр), М.Әлімбаев (Тынымсыз қалам тынысы), А.Шамкенов (Жастық шақ жыршысы), Ғ.Мүсірепов (Бауырмал талант, биязы жыр), Ә.Дүйсенбиев (Мейір гүлдеген жүрек), Қ.Ыдырысов (Жақсылық жасауға асық еді), С.Жиенбаев (Сырлы саз, жырлы наз), Ж.Қыдыров (Махаббат – пірім, сенгенім...), С.Асанов (Ақын еді ол көкірегіне гүл өскен), Б.Әбдіразақов (Рух туын жықпай өткен қаламгер), Ө.Нұрғалиев (Еменнің иір бұтағы), сондай-ақ халық ақындары Сүйінбай Аронұлы (Сүйінбай – жырдың пырағы), Ж.Жабаев (Жамбылдың – жыр күмбезі), О.Шипин (Халық жырының ақберен ақсақалы), Ә.Сариев (Замана сазы), т.б. шығармашылығына арнайы тоқталған. Сонымен қатар Ж.Нәжімеденов, М.Мақатаев, С.Кенжеахметов, Ж.Жақыпбаев, Н.Бегалиев, т.б. ақындар өлеңдерінің көркемдік әлеміне сыр тартқан болатын.

Ғалым Қ.Ергөбектің аталған ақындар шығармашылығына қатысты сөз еткен зерттеулерінің ішінен біздің тақырыбымызға дәйекті тұстарын бөліп қарастырдық. Мәселен, С.Мұқановтың «Майға сәлемі» қалай туғанына байланысты, М.Мақатаевтың бір өлеңінің ғұмыр тарихына қатысты жазылған зерттеулерін басшылыққа алып отырдық. Шығармашылық лабораторияны зерттеудің әдіснамасын таныту мақсатымызға орай ғалымның «С.Мұқановтың шеберханасын» ашудағы ғылыми ізденістеріне арнайы тоқталсақ, «С.Мұқанов – кеңестік кезең жемісі. Кеңестік кезең идеологиясы – коммунистік идеология» [2]. Уақыт тынысын екшеу, жазушы дүниетанымымен тұтастықта қарастырылады. Дүниетаным шығарманың басталуының алдыңғы ғұмыры. Басқаша айтқанда, дүниетаным адамның парасаты деңгейімен де өлшенсе керек. Шығарманың өзі сол дүниетанымның жемісі. Ал жазушылық дүниетаным ізденіс түрлерімен қалыптасып, аяғынан тұрады. Тікелей шығармаға келсек, дүниетанымдық қалыптасудың да өзіндік сипаттары болады екен. Ғалымның дүниетаным мәселесінде айтар ойы да өңге «Жазушы шеберханасын неден бастап зерттеу керек-деген сауалға, біз қаламгердің дүниетанымынан бастау жөн деп жауап берер едік» [2].

Жазушы психологиясын тануымыздағы күнделіктің орны бөлек екендігін де алдыға тартады. Әлгі уақыт мәселесі тұрғысынан қарағанда жазушының драматургиясы да сол шекарадан шыға алмаған. Оның себеп-салдары жөнінде жазушы бала күнгі досы М.Әуелбековпен «Хат» арқылы жазбаларында көрінетіндігі бар. Бірақ С.Мұқанов уақыт биігінен қарап, өзінің партиялық көзқарастарынан дер уақытында бой жинаған, өкініш танытқан жазушы.

Ғалым Қ.Ергөбек зерттеу нысанының алғашқы тарауын «Дүниетаным және жазушы мемуары» деп алып, «Өмір мектебін» алғы кезекте қарастырады. С.Мұқановтың «Өмір мектебі» жайында Б.Майтанов [3], Т.Рахымжанов [4] ғылыми көзқарастарын білдірген еді. Ал Қ.Ергөбек алдына мақсат байлап, жазушының «Өмір мектебі» туындысының шығармашылық шеберханасын ашуда қай қырынан қызмет ететіндігіне тоқталады. Жазушының бұл туындысын тағдырынан бөліп қарастыруға болмайтындығын зерттеуші өзіндік дәлелдермен келтіреді. «Басты кейіпкердің аз-кем қайраткерлігі қаламгерлік жолға ұласып, тұтас тағдырға айналуымен де қызықты. Бірінші, аталмыш шығарма жазушының өсу, қалыптасу жолын көрсетеді, тағдырын баяндайды, екінші – Сәбит мемуарда әңгіме, хисса, жыр айтушы бала бейнесінде көрінеді» [2] - дейді ғалым. Бұл, ең әуелі жазушы тұлғасын бар болмысымен тануымыздың айғағы. Шынында жазушы қандай адам болған, қандай ортада тәрбие көрген, қалыптасқан деген мәселелер дүниетанымдық даралығына бастайтын баспалдақтар іспетті. С.Мұқанов қиссашылығы шығармашылық аспектіде былай көрінеді деп жіктей кетеді. «1. Эпос айтушысының ойлау жүйесі басқа да, профессионал жазба әдебиет өкілінің ойлау жүйесі басқа, 2. Қиссашылық бүкіл творчестволық тұлғасына әсер еткен құбылыс» [2] екенін жүйелеп жеткізеді.

Өмірбаяндық мәліметтердің жазушының «Балуан Шолақ», «Әнші ақындар» секілді шығармаларының лабораториясын ашуда жәрдем боларын еске салады. Жазушының алғашқы ақындық жолы да табиғи суреттеледі. Мемуардан зерттеуші болашақ романдарына тиесілі материалдар тарихын да аңғара алған. Жазушы лабораториясының кілті ретінде күнделікті хат секілді кіші мемуарлық жанр үлгілерінің қызметіне кең тоқталған ғалым, «эпистолярлық жанр» үлгілерінің шеберхананы ашудағы қызметіне үңіледі. Күнделік – жазбалардың да жазушы ізденісіне апарар жол екендігін танытып өтеді. Жазушының сапарнама-күнделікті пайдалануы, яки жазушының мақсатына талдау жүргізген ғалым оны былай сипаттайды: «Бұл жай нені көрсетеді? Бұл – алдымен жазушы ұқыптылығы. Содан соң – сапар мақсаттылығы. Жоспар түзбесінде – шығармашылық мақсат жатқандай. Шамасы, бұл – сол жылдары жоспарланған «Саяхаттар» аталатын кітабы үшін жасалған жолсапар түзбесі. Бұл – арнайы сапар кітабын жасау, ұлт әдебиетінде очерк кітабының жаңа дәстүрін қалыптастыру мақсатынан туған ізденіс. Күнделік – мұндай жағдайда, әрі жазылмақ кітапқа материал жинау тәсілі, әрі жазылған кітаптың алғашқы нұсқасындай әсер етеді. Жазушының мұндай тәжірибесі оның Қытай сапарынан туған «Алыптың адамдары», Цейлон сапарынан туған – «Адам Атаның шоқысында» - сапарнама-очерк кітаптарында өріс ашты. С.Мұқановтай үлкен жазушы қаламынан туған мұндай үлгі кейін қазақ журналистикасында мықтап орын тепті» [2]. Ғалым одан әрі зерттеу еңбегінің екінші тарауын «Шығармашылық процесс» деп атап, шығармалар тарихының тақырыбының маңызды роль атқаратындығына тоқталып өтеді. Тақырып табу ерекшелігін жазушының қалыптасу жолынан іздейді. Мәселен, жазушы «Сұлушашына» қалай келгенін ғылыми негіздеулері: Оқырман жазушының өскен ортасынан «Өмір мектебі» арқылы етене таныс болатын. Оның қиссашылдығы да тұлғалана көрінетін. Осы қырынан алғанда жазушы белгілі бір дәрежеде эпос айтушысының өзі болып шығады екен. Ғалым жазушының «Сұлушашы» жөнінде мынадай деректі келтіреді. «Қиял-ғажайып эпостан жаңа қоғамға лайық «басқаша идеяға» ақын қалай келді? Ендігі принцип эпостың халықтық нұсқасын таптық тұрғыдан типтендіру. Ол солай етті. «Мен маңғаз Алтайдағы құлдың баласы, өмірі кісі есігінде мехнат көрген батырақ еттім. Құлдың баласына ғашық Сұлушаш сүйіктісімен бірге елге сыймай, тағы тауға барып паналаған болып шықты. Қайсар, Ермектерді жанымнан қостым да сюжет құрдым» деп жазды кейін С.Мұқанов романының тууы жайында. Сонымен роман таптық тартысқа құрылды. Әлеуметтік теңсіздік Алтай мен Сұлушаштың опат болған аяулы махаббаты арқылы жырланды» [2].

Одан әрі ғалым жазушының «Мөлдір махаббат» романына материалдарды қалай жинақтап, қайдан алғанына тоқталады. Романға қатысты адамдарға жолығып әңгімелесу арқылы шығарма тарихына үңіледі. Келесі кезекте ғалым «жазу процесі» қалай жүзеге асатынына орай деректі құжаттарды сөйлетумен ерекшеленеді. Зерттеудің үшінші тарауы «Өмірлік материал және көркемдік шешім» атымен аталып өмірлік деректің көркем шығармаға қалай айналғанын зерделейді. «Романға арқау болған өмірлік шындықты үш материалмен елестетуге болады: бірі – «Адаққан Сұлтанбек, опасыз Бәтима» дастаны, екінші –

«Еңбекші қазақ» газетінде 1928 жылы көкек, мамыр айларында жарияланған сот процесінің материалдары, үшінші – жазушының өзінің жеке басына қатысты материалдар. Міне, осы үш жүйе материалдарды ойша тұтастырып қарасақ – алдымен «Адасқандар» /1931/, соңынан «Мөлдір махаббат» /1959/ аталған романға арқау болған өмірлік шындықтың келбеті біршама айқындалып қалды» [2]. Сонымен ғалым Қ.Ергөбектің жазушы шеберханасын ашудағы өзіндік ғылыми әдіс-амалдарының табиғатын айқындап беруге ұмтылды. Зерттеуші ғылыми тәсілді барынша дұрыс пайдаланғандықтан, өте үлкен ғылыми үрдістерге қол жеткізген. Зерттеуші жазушы С.Мұқановтың романдарындағы өмірлік материалдарды қалай жинап, қандай қалыпта пайдаланғанын нақты деректермен сабақтастыра отырып, қыры мен сырын ашуға тырысады. Ол өзі талдап отырған көркем шығарманы да, оның шикізаты болған өмірлік оқиғаларды да жақсы білгендіктен, жазушының ішкі лабораториясына еркін еніп, терең меңгергендігі анық байқалады. Зерттеуші Қ.Ергөбек болған оқиғаның желісі мен көркем шығарманың құрылысын халықтық психология мен дәстүр-салттардың ерекшеліктерін қабыстыра пайдаланып, өте шыншыл нанымды эстетикалық таным байқатқан. Қ.Ергөбек хат, күнделік, эссе, естелік секілді мемуарлық жанрдың да бірден бір зерттеушісі. Назардан тыс қалып келе жатқан жанр үлгілерін тану, танытуда тер төккен ғалым.

Ғалым ағамыз бұл жолда «Баянғұмыр» атты зерттеу кітабын берді. «Хат жаздым қалам алып», «Жауынгер жүрегіне от жаққан», «Жүрек қанымен жазылған хаттар» секілді мақалалары қазақ әдебиетінің осындай назардан қаға беріс қалып келе жатқан мәселелеріне арналған. Қазақ әдебиеттану ғылымында аз зерттелген саланың бірі шығармашылық шеберханасы болса, Қ.Ергөбек бірсыпыра ғылыми еңбегін осы мәселеге арнаған. «Мөлдір махаббат» романының шығармашылық тарихы, «С.Мұқановтың шығармашылық шеберханасы» атты зерттеу кезеңдерін қазақ әдебиеттану ғылымының осындай маңызды тұстарына арнаған. «Шыңғыс шыңы» адамзат Айтматовының шығармашылық лабораториясының эпистолярлық жанр үлгілерін пайдалана отырып, қарастыруының үлгісі. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, халық жазушысы Сафуан Шаймерденұлы «Құлбек осы мінезімен қазақ әдебиетінде «деректі әдебиеттануды жасаушы деп ойлаймын». Мұның өзі әдебиеттанудағы қызықты бағыт сияқты. Әрі зерттеу, әрі деректі әңгіме оқығандай боласың... Тың материалдарды тауып, роман тарихын тосын қырынан зерттеді, қызықты етіп жазды. Тіпті деректі повесть етіп де жазды. «Адасқандар ақиқаты» – роман туралы повесті – қазақ әдебиетіндегі тың формада туған алғашқы бастама» деген баға береді. Біз жұмысымызда осы бағалаудың ақиқаттығына көз жеткізіп, кәміл сендік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Қабдолов З.* Көзқарас. – А.: Рауан, 1996. – 276 б.
2. *Ергөбеков Қ.* Жазушы шеберханасы. – А.: Қазақпарат, 2002. – 369 б.
3. *Майтанов Б.* Қаһарманның рухани әлемі. – А.: Жазушы, 1987.
4. *Рахымжанов Т.* Портрет және пейзаж // ҚРҰҒА хабарлары. – №4, 1990.

Ж.СӘРСЕН

Б.Кенжебайұлының Түріктану музейінің ғылыми қызметкері

МАЗМҰНЫ

ФИЛОЛОГИЯ

НҰРАХМЕТОВ Е.Н. ЕРХОДЖАЕВА М. Халықаралық терминдердің қазақ тілінде қолданысы	3-6
БАЙМАХАН Т.М. Адамға қатысты мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық уәжі	7-11
ЕРГӨБЕК С. КӨШЕНОВА Т. «Қиссас-ул анбия» әдеби ескерткіші және оның жариялану, зерттелу мәселелері	12-21
НҰРАХМЕТОВ Е.Н. ТАТИБАЕВА А.А. Ағылшын тілі сабағында ақпараттық технологияларды қолданудың тиімді жолдары	22-26
ҚОШАНОВА Н.Д. Көмекші сөзді тұрақты тіркестердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері	27-33
НЫШАНОВА С.Т. КАБЕКЕЕВА К.К. Процесс формирования коммуникативной компетенции при обучении иностранному языку	34-39
ҚОЖАБАЕВА Ж. УРАЗБАЕВ К.Б. О коннотации в английской фразеологии	40-44
БАКАЕВА О.Г. НЫШАНОВА С.Т. Использование песен для создания творческой атмосферы на уроках английского языка	45-49
АБИЕВ Б. ЖОО-да орыс тілін шет тілі ретінде оқытудың өзекті мәселелері	50-54
НҰРАХМЕТОВ Е.Н. САРВАРОВА Б.А. О новейших технологиях в преподавании иностранных языков в казахской аудитории	55-60
АБИЕВ Б. Тіл мәдениеті жаңа стандарттарды ендіру жағдайындағы ЖОО-да оқу жүйесінде құрамдас бөліктердің бірі ретінде	61-65
ҮЙЛДІРИМ З. Dede Korkut kitabı'nda islami unsurlar	66-70
ЖУРНАЛИСТИКА	
СӨДІБЕКОВ А. «Public relations»-дың қалыптасу тарихы және оның негізгі технологиялары мен функциялары	71-76

МАШАРИПОВА Т.Ж. Публицистикалық әдіс туралы	77-82
СӨДІБЕКОВ А. Түркия баспасөзіндегі «мизанпаж» немесе түрікше бет әрлеу тәжірибесі	83-88
ПЕДАГОГИКА	
СМАНОВ І.С. СМАНОВА Ғ.І. Модульдік оқыту және оның құндылықтары	89-93
СМАНОВ І.С. ӘБЕНОВА А.Қ. Білікті маман – басты құндылық	94-97
ДАУЛЕТБЕКОВА Б. САХИТЖАНОВА С. Значение фольклора в воспитании детей	98-105
СМАНОВ І.С. АРХАБАЕВ Н.С. Педагогикалық технологияның басты мақсаты	106-110
АБИШЕВА Э.Д. БАСАНОВА С.М. Модель формирования лидерских качеств у студентов языковых специальностей	111-118
СМАНОВ І.С. ӘБЕНОВА А.Қ. Еңбек қоғамына қарай жасалатын қарышты қадамдар	119-123
АБИШЕВА Э.Д. ЕСИМБЕКОВА А.О. Специфика подготовки полиязычных специалистов в современных условиях вуза	124-132
ОРАЗБЕКОВА Ш.С. Оқушыларды қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын құрметтеуге тәрбиелеу	133-138
ДӘУЛЕТБЕКОВА Б. Суицидтің алдын алуда ұлттық тәрбиенің маңызы	139-142
УРАЗБАЕВ А. НАРЫҚБАЙ Р. Студенттердің кәсіптік-педагогикалық дайындықтарына ықпал ететін іс-тәжірибенің кейбір талаптары	143-151
АЛЕНОВА Ғ.М. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін қалыптастыру	152-154
СОЦИОЛОГИЯ	
YÜKSEL A. Hemşirelik öğrencilerinin ruhsal durumlarının ve etkileyen faktörlerin incelenmesi	155-164
МАЛИКОВА С.С. НИШАНБАЕВА К.В. Гендерное равенство и социальная защита женщин	165-169
YÜKSEL A. Problem çözme becerilerine bölümü tercih etme ve ekonomik durumlarının etkisi	170-178

ҚҰҚЫҚТАНУ	
ЕРНАЗАРОВ Ғ. Пайдакүнемдік максаттағы қаракшылық қылмыстың сараланған және аса сараланған құрамдары	179-184
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР	
ИСМАИЛОВ А.И. Казахстанская модель согласия и единства	185-191
НАРИҚБАЕВА Ж.М. Энергетический диалог Россия-ЕС в контексте обеспечения диверсификации энергоснабжения Европейского союза	192-198
ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ	
ЖОЛДАСБАЕВ С.Ж. БАХТЫБАЕВ М.М. НУРХАНОВ Б.Ө. АМАНТУРОВ М. Ортағасырлық Сығанақ қаласынан табылған қыш қаптамалар	199-205
ИСМАИЛОВ А. ИСМАИЛОВ Е. Река Аму-дарья на географической карте Антони Дженкинсона	206-210
МУРГАБАЕВ С. БАХТЫБАЕВ М. НУРХАНОВ Б. МАЛДЫБЕКОВА Л. Результаты исследования на могильнике Шербай I	211-222
ЖОЛДАСБАЕВ С. АРЫНОВ Қ. БАХТЫБАЕВ М. Ортағасырлық Сығанақ қаласындағы №7-қазбада жүргізілген зерттеу жұмыстары	223-230
ӨНЕРТАНУ	
СӘДІБЕК А. ЕСЕНАЛИЕВА Д. Теріні өңдеу ертеден келе жатқан өнер	231-237
ҚҰТТЫҚТАУ	
СӨРСЕН Ж. «Деректі әдебиеттанудың тұңғыш зерттеушісі»	238-244
МАЗМҰНЫ	245-247